# СӘТБАЕВ –

# ДОСТЫҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

«Кәусар» баспасы
Астана – 2018

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44
С 20

*Жинақ Сәтбаев қаласының 45 жылдық мерейтойына байланысты қала әкімі Асқар Абылайұлы Ыдырысовтың бастамасымен жарық көрді*

С 20 **Сәтбаев – достықтың қаласы** / Құраст. А. Дастанов. – Астана: «Кәусар» баспасы, 2018. – 268 б.

ISBN 978-601-7921-33-0

Кітапқа Сәтбаев қаласында тұратын және одан тыс жерлердегі ақын-жазушылардың, композиторлардың негізінен шаһар туралы, кеншілер өмірін арқау еткен шығармалары топтастырылған.

ӘОЖ 821.512.122
КБЖ 84 Қаз-44

© Дастанов А., құраст., 2018
© «Кәусар» баспасы, 2018

ISBN 978-601-7921-33-0



**Асқар ЫДЫРЫСОВ,**
**Сәтбаев қаласының әкімі**

# КЕННІҢ ҚОРДАСЫ, ӨНЕРДІҢ ОРДАСЫ

*Қойнауы құтқа толы мекенді халқымыз ежелден-ақ анасындай қастерлеген. Әсіресе, біздің өңірді «сары мыс тұнған өлке» десе әбден жарасымды. Ел арасында «Әуелі Тәңірі жерге береді, жерге берсе елге береді, елге берсе ерге береді» деген сөз бар. Біздің алтын аймақтың асты мен үсті түгел байлық. «Жері байдың – елі бай» деген осыдан қалса керек.*

*Қазақ өндірісінің қарашаңырағы Қарсақбайдан бастау алатын кен керуені бүгінде Сәтбаев қаласының төңірегіне шоғырланған десем, артық айтқандық емес. Өйткені әлемдік мыс алыптарының қатарына жататын «Қазақмыс» корпорациясының негізгі шикізат көзі осы қаладағы кеніштерде, шахталарда өндіріледі. Жеті қабат жер астындағы байлықты игеру нағыз батырлықты, батылдықты, ерлікті талап етеді. Біздің қаланың азаматтары мұндай биік талаптарға әбден лайықты! Бұған қаламыздағы кен өндірісінің майталман ерлері, еңбек озаттары, даңқты кеншілер әулеттері дәлел.*

*Бәрінен бұрын аға ұрпақтың еңбексүйгіштік қасиетін бойларына сіңірген жас кеншілердің табыс тасқынын тасытуда алдыңғы буынның жарқын ісін, өнегелі жолын лайықты түрде жалғастырып келе жатқанына қуаныштымыз.*

*Біздің қала еңбекқор кеншілерін ғана емес, өнердегі өрен жүйріктерін де мақтан тұтады. Бұл өлкеде қалдықтан – қамқа, тозықтан – торқа, үзіктен үлде мен бүлде жасайтын шебер де көп, өрге жүзер өрен де баршылық. Әдемі әнші, арқалы ақын, дәулескер күйші, даңғайыр жырау, өнердің қай саласында болсын қаламыздың даңқын облысқа, елімізге, тіпті шетелдерге де танытып жүрген өнерлі тұлғаларымызды айтпаса да белгілі. Бұл арада бір-бірінен бөле жарғандай болмайық деген ниетпен олардың ешқайсының есімін атап отырғанымыз жоқ. Асылы, «Ел іші – өнер кеніші» деп тегін айтылмаса керек. Ел ішінде өнерге, өлеңге деген құрметтің бағасы орасан зор. Текті сөзді төрге шығарған халқымыздың бітім-болмысы, бар байлығы асыл өнерінде жатқанын осыдан-ақ айқындауға болады.*

*Сөзімізге дәлел ретінде бірнеше мысал келтіргенді жөн көрдік. Өткен жылғы шындықтың шырағданы болған Шынболат Ділдебаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған республикалық «Ұлы дала үні» атты жас ақындар айтысының да, «Текті сөздің төресі – терме» атты термешілер байқауының да қала өмірінен алар орны бөлек. «Сәтбаев – достықтың қаласы» деп Шынболат ақын жырға қосқандай, ару қаламыз әр тараптан келген өреннің басын құрап, достықтың ерен үлгісін көрсетті. Дуанбасы Ерден Сандыбайұлының 210 жылдығына арналған ұлттық аспаптарда орындаушылардың республикалық байқауы да қала мәртебесін көтеріп, мерейін асырғаны баршаңызға мәлім. Сарыарқа төсін думанға бөлеген халықаралық «Жезкиік» музыка фестивалі – ел игілігінің айшықты көрінісі. Жыл өткен сайын шыңдалып, алдыңғы аға буынның салып кеткен сара жолымен өнер додасына өзіндік үлес қосқан қаламыздың шығармашыл ұжымы ұлттық болмыстың төл туындысы – «Қара жорға» биімен өнерсүйер қауымның қошеметіне ие болғанын айта кеткім келеді. Биылғы жыл руханияттың жаңғыру салтанатымен есте қалды десек, артық айтқандық емес.*

*Биыл ару қаламызға – 45 жыл. Қолыңыздағы кітап сол мерейтойға байланысты қаланың өнер адамдарын құрметтеп, олардың шығармаларын көпшілікке насихаттау мақсатында жарық көріп отыр.*

*Біз бұл кітапта қаламыздағы әуесқой композиторлардың әндері мен күйлерін, қара сөзден қуат алған қаламгерлердің шағын әңгімелерін алғаш рет жариялап отырмыз. Қала тарихында бұрын мұндай топтама болған емес. Мерейтойлық жаңа жинақтың ерекшелігі де осында. Қаладағы ақындардың өлеңдері бұған дейін бірнеше рет жинақтарға енгізілген болатын. Сондықтан осы жолы бұрын көпшілікке етене таныс бола қоймаған ақындарға, соның ішінде жас таланттарға көбірек орын берілді. Егер жинаққа енгізілмей қалған шығармашылық өкілдері болса, бәрі де осы кітаппен шектеліп қалмайтындығын, алдағы уақытта кемдіктің орны толтырылатындығын да айтқым келеді.*

*Бұл кітап Кеншілер шаһары атанған Сәтбаев қаласы кеннің қордасы ғана емес, өнердің де ғажайып ордасы екендігін айғақтайды.*

*Өнерсүйер қауым дарынды жерлестеріміздің шығармашылығынан сыр шертетін бұл кітапты қаламыздың 45 жылдығына арналған ескірмес естелік ретінде қабыл алады деген сенімдеміз.*



# ӘУЕЗДІ ӘН, КҮМБІРЛІ КҮЙ



**Жақсыкелді СЕЙІЛОВ**

1949 жылы туған. Қазақстанның еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Республикалық эстрада артистері байқауының лауреаты және «Жігер» фестивалінің жеңімпазы. «Қарагөз», «Жезкиік» ансамбльдерін ұйымдастырып, қазақ әндерінің шетел жұртшылығына танылуына да зор ықпал жасады. 1997 жылы қайтыс болды.

## СӘТБАЕВ – ДОСТЫҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

**Сөзін жазған: Шынболат Ділдебаев**



Сапырған сары алтын тастардан,
Бәрінде асқақ ән, жақсы арман.
Бақытты байтақ ел достығы
Қаныштың қосынан басталған.

***Қайырмасы:***
*Сары алтын Сарыарқа даласы,*
*Халқымның кемеңгер данасы.*
*Әр таңын ән-күймен қарсы алған*
*Сәтбаев – достықтың қаласы.*

Жалынды жүректе сыр қандай,
Шын достық салтанат құрғандай.
Қаланың әр көше, әр үйі
«Сәтбаев» деп жырлап тұрғандай.

***Қайырмасы.***

Ырыс боп ағылған кеніміз,
Шахтада шыңдалған еріміз.
Қарсы алар құшағын кең жайып,
Сәтбаев – жас қала, келіңіз!

***Қайырмасы.***



**Шәміл ӘБІЛТАЙ**

1948 жылы Атырау облысында туған. Күйші-домбырашы, композитор. Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Ұлытау ауданының Құрметті азаматы.

## СӘТБАЕВ – КИЕЛІ МЕКЕНІМ

**Сөзін жазған: Мұса Тілеуов**




Мақтаныш – Қаныштай ұлысы,  
Жастары жасампаз көк өрім,  
Халқымның береке-ырысы,  
Сәтбаев – киелі мекенім.

Керімсал кеншілер алаңы,  
Көшелер шомылып шуаққа,  
Келемін аралап қаланы,  
Кіргендей пейіш пен жұмаққа.

Нұр жауып шуақты шаһарға,
Құшағын жаяды тал, терек.
Шаттығы шалқиды жаһанға,
Шынболат сарайын ән кернеп.

Барым да, бағым да басымда,
Елім деп, жерім деп өтемін.
Думаны ұласқан ғасырға,
Сәтбаев – киелі мекенім.



**Омархан НЕСІПХАНОВ**

1953 жылы туған. 1970 жылы қазіргі Сәтбаев қаласындағы №7 қазақ орта мектебін бітірген. 1979 жылы Құрманғазы атындағы консерваторияны тәмамдап, жолдама арқылы Сәтбаев мәдени-ағарту училищесіне келіп, ұстаздық етті. 1982 жылы КСРО Композиторлар одағының мүшесі болып қабылданды. 1983 жылы қайтыс болды.

## МҰҒАЛІМ

**Сөзін жазған: Қабдыкәрім Ыдырысов**




Жанымды менің жайнатып,
Бауыраған өзің, мұғалім.
Өзіңмен бірге таң атып,
Өзіңмен күліп шығар күн.

Шәкіртің өткен іздерде
Үмітің гүлдер, мұғалім.

Білеміз ертең бізден де
Өмірдің талап сұрарын.

Сонда, ардақты мұғалім,
Уәдемде берік тұрамын!
Қиынға берік шыдармын,
Қияға талай шығармын!

# АСПАНДА БІР ҚАЛА БАР...

**Сөзін жазған: Ескен Елубаев**




Түн болғанда қарасаң,
Көресіңдер, балалар,
Жарқыраған тамаша
Аспанда бір қала бар.

Қаланың ең алыбы,
Бүкіл көкті жайлаған.
Терезелер жарығы
Жұлдыз болып жайнаған.

Құс жолы – бас көше де,
Ай – автобус мінетін.
Жолаушыны нешеме
Тасымалдап жүретін.

Аспанда бір қала бар,
Тұратын кіл даналар.
Сенбесеңдер, балалар,
Түнде көкке қараңдар.

# АНАЖАН

**Сөзін жазған: Бәкір Тәжібаев**




Мен сенің құлыныңмын жетелеген,
Сені ойласам елжіреп кете берем.
Анажан, әлі күнге өз алдыңда
Балалық борышымды өтемегем.

Жылуын жүрегінің аямаған,
Қамқоршым, қорғанымсың, аяулы анам.
Жайқалған жапырағы бәйтерексің,
Мен сенің құшағыңды саялағам.

Тербетіп мені қостың ән-күйіңе,
Аялап көкірегіңнің сәнді үйіне.
Әлемнің бар асылы ұлың үшін
Жетер ме сенің жалғыз әлдиіңе.

# ҚАЗАҚ ӘНІ

**Сөзін жазған: Мұзафар Әлімбаев**




Қойнында халық ержеткен
Қазақы бесік – тал бесік.
Әлдилеп бізді тербеткен,
Әділін айтсақ, ән бесік.

Ұмытар, айтшы, ер неге,
Құлақта ана әлдиі:
Тұныпты жастан кеудеге
Қазақтың тәтті ән-күйі.

Тербеліп әнмен тұрады
Кемедей біздің кең дала.
Қазақтың бітеу құлағы
Болармын, болсам, мен ғана.

Сонда да сазын бір қандай
Естісем жаңа өлеңнің,
Ішіме сыймай тұрғандай,
Келеді шырқай жөнелгім.

# СЫРЫМ БАР

**Сөзін жазған: Кәкімбек Салықов**




Сырым бар үнсіз қалғып, жан тыңдайтын,
Қызығы жүрек сөнбей сарқылмайтын.
Өзіңсің көңілімнің көктем шағы,
Жыр толқып, жылы шуақ ән тулайтын.

Сырым бар сағынышсыз айтылмайтын,
Кей түндер азабынан таң тумайтын.
Өзіңсің ерте туған ерке жұлдыз,
Махаббат аспанында жарқылдайтын.

Сырым бар тау теңселіп, ән тыңдайтын,
Ақтармай жадау күндер жан тынбайтын.
Өзіңсің, егер өмір қайталанса,
Өтуге қайта сүйіп тартынбайтын.



**Марат ТҮСІПБЕКОВ**

1946 жылы туған. Қарағанды музыкалық училищесін, Қарағанды педагогикалық институтын бітірген. Қазақстан Композиторлар одағының мүшесі. 200-ден астам ән, романс, аспаптық шығармалардың авторы. 2008 жылы қайтыс болды.

## «ҚАЗАҚМЫС»

**Сөзін жазған: Мұса Тілеуов**






Бақытым, байлығым – даламда,
Құт қонған ежелден қазақпыз.
Атымды әйгілеп ғаламға,
Даңқымды шығарды «Қазақмыс».

***Қайырмасы:***
*Жылытып шұғыла – жалыны,*
*Нұр өріп төсінен, кен өнген.*
*«Қазақмыс» – Арқаның алыбы,*
*Қойнауы – қазына тірелген.*

Тер төккен тасына ұлы аға,
Бұл өлке қашаннан киелі.
«Қазақмыс» – бұл Қаныш ғұлама,
«Қазақмыс» – бұл Қаныш түлегі.

Қуансам, ағайын, тақпа айып,
Шындықтан кезім жоқ көз жазған.
«Қазақмыс» – бұл біздің Сәтбаев,
«Қазақмыс» – жаңарған Жезқазған.

***Қайырмасы:***
*Мекенім өзіңсің мақтанар,*
*Туған жер, көркіңнен айналам.*
*Кең сарай – тізілген шахталар,*
*Сары мыс сақырлап қайнаған.*

Шалқыған жаһанға байлығы,
Өскенін еңсемнің көрсін ел.

«Қазақмыс» – мысшылар әйгілі,
«Қазақмыс» – қаһарман кеншілер.

Көк тіреп тәкаппар мұржасы,
Қарасам қоймайды тамсантпай.
Дәуірдің көнекөз құрдасы,
«Қазақмыс» – бұл сонау Қарсақбай.

***Қайырмасы:***
*Дәріптеп ғаламға аттарын,*
*Бәрін де тарих бағалар.*
*«Қазақмыс» – кемеңгер қарттарым,*
*«Қазақмыс» – ардагер ағалар.*

Жұлдызы жанады өлкемнің,
Жетелеп қияға жол алшақ.
«Қазақмыс» – ғажайып ертеңім,
«Қазақмыс» – бақытты болашақ.

# АРУЫМ – АЙДЫНЫМ

**Сөзін жазған: Өмірбек Сартов**




Аймалап айлы түн
Кеңгірдің айдынын,
Самал жел тербеген
Бетінде ай нұрын.

***Қайырмасы:***
*Аруым – айдыным,*
*Жоқ еді қайғы-мұң.*
*Ұғысқан жүректер,*
*Табысқан тілектер*
*Жағаңда, Кеңгірім!*

Мақпал түн жайланып,
Қойнына айды алып,
Серттескен сезімдер,
Тіл-ауыз байланып.

***Қайырмасы.***

Түн нұрын таратқан,
Арайлы таң атқан.
Жаратқан жар болып,
Қос жүрек жарасқан.

***Қайырмасы.***

# ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫНДА

**Сөзін жазған: Қуаныш Ахметов**




Қаныштың қаласында,
Жұлдыздай жанасың ба?
Өзіңді гүл деп қалдым,
Гүлдердің арасында.

***Қайырмасы:***
*Төзімді сен сынама,*
*Сезімді қамшыла да,*
*Алаулап құшағыма,*
*Гүл болып енші лала.*
*Сыр болып тамшыла да,*
*Нұр болып жаншы дара.*
*Сен куә пәк сезімге,*
*Сәтбаев – кенші қала.*

Нұр кешіп сол көктемде,
Сыр-бесік тербеткенде,
Жандырған жүрегімді
Сендегі келбет, бейне.

***Қайырмасы.***

Жан дүнием толып нұрға,
Бақ құсы қонып тұр ма?
Аңсаған арманыма
Осында жолықтым ба?

***Қайырмасы.***

# ЗАБОЙДА

**Сөзін жазған: Кәкімбек Салықов**




Асты да тас, үсті де тас ауыл бар,
Жайлаған оны забойшы деген қауым бар.
Тірліктегі жан қияр достық соларда,
Қырдағыдан мұндағылар бауырмал.

***Қайырмасы:***
*Ойлама, дос, осы өмірді осал деп,*
*Забойға кел, жаңа жігер қосам деп.*
*Қамданып кел, тәуекелге бел байлап,*
*Өзге үшін өз кеудемді тосам деп.*

*Бұл ауылдың көктем, жазы, қысы жоқ,*
*Күнде боран, күнде науқан ісі көп.*
*Жер астында әрбір сәтің санаулы,*
*Естен кетіп жалтақтап тұрған кісі жоқ.*

***Қайырмасы.***

Тар забойда талай тағдыр тоғысқан,
Бірге терлеп, тоңса бірге тоңысқан.
Жорықтағы батырларға ұқсайды,
Бір қамалды алу үшін соғысқан.

# БЕРШІ МАҒАН

**Сөзін жазған: Садық Асатов**




Берші маған, табиғат, биігіңді,
Тұғырына жастарды көтерейін.
Берші маған, Ай мен Күн, жарығыңды,
Қараңғыда сұлуды жетелейін.

Берші маған, найзағай, жасыныңды,
Отқа үйретіп кетейін жас ұлымды.
Берші маған, тау мен тас, салмағыңды,
Басып тұрсын келгенде ашуымды.

Берші маған мұхиттың дауылдарын,
Көрсетейін жүрек пен бауыр барын.
Босағаңа әкеліп, ойнатайын
Ойда жүзген арманның сағымдарын.

# САТПАЕВСКИЙ ВАЛЬС

**Слова: Константина Пригодича**




Степью ковыльной, степью раздольной,
Шел по жаре и в туман.
И как геолог, и как ученый,
Славил он наш Жезказган.

Край наш суровый, медью богатый
В сказочный сад превратил.
Землю степную, как мать родную,
Он навсегда полюбил.

Имя Каныша с детства мы слышим,
С ним нам жить веселей.
Шахты – гиганты, люди – таланты
На жезказганской земле.

От Карсакпая до Жезказгана
Тропки его пролегли.
Травы степные, ветры лихие
След тот стереть не смогли.



**Есқожа САРТОВ**

1950 жылы Жезқазған кентінде туған. Композиторлық қабілеті оқушы кезінде танылған ол жас композиторлар арасындағы республикалық байқауда бас жүлдені жеңіп алады. Содан соң әндері сол кездегі «Қазақстан пионері» газетінде жиі жарияланып тұрады. Құрманғазы атындағы консерваторияны үздік бітірген. 1995 жылы қайтыс болды. 2017 жылы әндері «Ғажап әнім» деген атпен кітап болып шықты.

## ШЫРЫН ҚЫЗ

**Сөзін жазған: Қуаныш Ахметов**



Бүгінгі кеш көркем алтын арайлы,
Көздеріңнен, еркем, шуақ тарайды.
Құшағыма, сәулем, бақыт сыймайды,
Қандай тәтті дәурен, жүрек тулайды.

***Қайырмасы:***
*Билейікші бүгін біз,*
*Таң нұрындай шырын қыз.*
*Бір көтеріп өтейік*
*Махаббаттың жүгін біз.*

Бақыт әні, еркем, шалқып тұр анық,
Уақыт әлі ерте, салам шығарып.
Сәулелі сәт қандай, тұрсың жанымда,
Көзіңнен көз алмай күйдім жалынға.

***Қайырмасы.***

Жанарыңнан нұрлы толқын дір еткен,
Айтшы, жаным, сырды ғашық жүрекпен.
Билейікші, құрбым, нұрға шомылып,
Бақытыма тұрмын, тұрмын жолығып.

***Қайырмасы.***

# АҚ ҚАЙЫҢДАР

**Сөзін жазған: Төлеген Айбергенов**




Аққу мойын, ақ көйлекті қайыңдар,
Дәл сендердей менің де аппақ айым бар.
Бақытымды шулап көкке жайыңдар,
Шулап көкке жайыңдар, ақ қайыңдар.

***Қайырмасы:***
*Ойларыма жібер ұшқыр қиял сап,*
*О, қайыңдар, тұрмын сенен күй аңсап.*
*Ол да сендей қаз омырау, сұңғақ бой,*
*Ол да сендей кей кездері ұялшақ.*

О, қайыңдар, шуылдасқан топтала,
Сырды ұрлаудан, сыбдырлаудан тоқтама.
Ол әзірше ағытқан жоқ сыр маған,
Төмен қарап жымияды тек қана.

***Қайырмасы.***

# ОРАЛЫҢДАР ЕЛГЕ

**Сөзін жазған: Мұқағали Мақатаев**




Ауылда өскен бауырларым, қайдасыңдар сендер?
Туған жердің топырағы, шақырады белдер.
Сендерді ойлап күрсінеді, күрсінеді таулар,
Бұйығады бұлақтар да, шайқалады көлдер.

***Қайырмасы:***
*Азаматтар, оралыңдар, оралыңдар елге,*
*Туған жерсіз бақыт та жоқ, бола қалса сенбе!*
*Қалай ғана оралмассың, бара алмассың сендер,*
*Кіндік қаның тамып қалған қасиетті жерге!*

Шақырады шабындықтар, бұйра шашты талдар,
Жолдарыңа көз тігуде кемпірлер мен шалдар!
Туған жердің аспаны да азан салып жоқтап,
Жұлдыздардың көздерінен отты жасы парлар.

***Қайырмасы.***

Сендерді аңсап жатыр, әне, жайлау менен қырман,
Сендерді аңсап ән салады тау самалы қырдан.
Ата-баба зираттары оралыңдар деп тұр,
Туған өлке әр шетінде қорған болып тұрған.

***Қайырмасы.***

# ЕРКІНДІК ТАҢЫ

**Сөзін жазған: Сәкен Сейфуллин**




Басып жатты тәтті ұйқы
Сарыарқаның даласын.
Құл ғып жатты қара түн
Қалың қазақ баласын.

***Қайырмасы:***
*Еркіндік таңы келерін,*
*Зұлматты жеңіп хақтың біз,*
*Қуаныстық сезініп,*
*Өтерін құлдық шақтың біз. (2 рет)*

Күтіп таңды атырдық,
Күншығысқа қарасып.
Шапақ шығып төменнен,
Жайылды көкке бері асып.

***Қайырмасы.***

Түнерген зұлмат аспанда
Бұлтты қуды рахман күн.
Сарыарқаға қарасақ,
Мұнартқан әлі, әлі түн.

# СЕН ТҮСІМЕ КІРЕСІҢ...

**Сөзін жазған: Тұманбай Молдағалиев**




Сен түсіме кіресің күнде менің,
Саған деген махаббат бұл дегенің.
Сен ән шырқа деген соң, ән шырқадым,
Сен үндеме деген соң, үндемедім.

***Қайырмасы:***
*Сен түсіме кіресің, бірақ саған*
*Мен телмірем көңілмен құр аңсаған, құр аңсаған.*
*Жыла дейсің айқайлап, мен жылаймын,*
*Жыла дейсің айқайлап, мен жылаймын,*
*Омырауымды жасыммен жуа салам!*

Толқытасың нұр толы жанарыңмен,
Көрінбейді жан-жағым қара гүлден.
Күл демейсің, жарқырап күл демейсің,
Түсімде де күле алмай барамын мен.

***Қайырмасы.***



**Роман БУРДА**

Родился в 1957 году. Окончил музыкальное училище имени Таттимбета и педагогический институт имени аль-Фараби в г. Шымкент. Отличник образования Республики Казахстан. Почетный гражданин г. Сатпаев.

## ШАХТЕРСКАЯ

**Слова: Виноградец**



На белом свете много городов прекрасных,
Их славят часто подвиги людей труда.
И наш Сатпаев – словно городок из сказки,
Стоит в степи теперь – как яркая звезда.

***Припев:***
*И мы любим тебя, наш шахтерский край родной,*
*И мы славим тебя, и гордимся все тобой.*

Над степью ранней птицы стаей пролетают,
И солнце ярко плещет счастьем и теплом.
И горняки – герои, медь тут добывают.
И мы с тобой, волнуясь, каждый день их ждем.

***Припев.***

Но лучших в нашей жизни мы путей не ищем,
Не знаем в жизни края краше и милей.
Тюльпаны наши душу согревают лучше,
Чем даже тысячи светящихся огней.

***Припев.***

# ДЕНЬ ИЗ ДЕТСТВА

**Слова: М. Лисянского**




Летний день – облака высокие,
Солнце прячется в небеса.
И, как в детстве, с недавней тоски,
К нам доносятся голоса.

***Припев:***
*И другая темнеет вода,*
*И другие горят небеса.*
*Из далекого детства сюда*
*К нам доносятся голоса.*

Летний воздух прозрачен и чист,
Будто небо открылося вдруг.
И очерчен резцом каждый лист,
И отчетлив как лист – каждый звук.

***Припев.***

# О ЛЮБВИ

**Слова: Галины Меньковой**




Как бурная река, любовь
По жизни пронесется.
То зачарует, замутит,
Хрустальною слезою прольется.

***Припев:***
*Любовь – как горная река,*
*То говорлива, то тиха.*
*Вдруг камни с грохотом несет*
*В водоворот.*

То утопает вся в цветах,
Печали, горести не знает.
То затоскует, загрустит,
От ревности себя сжигает.

***Припев.***



**Нұрлан КЕРІМБЕКОВ**

1960 жылы Алматы облысында туған. Алматы музыка училищесін, Шымкент педагогикалық институтын бітірген. Бүкілодақтық халық шығармашылығы байқауының лауреаты. 1983 жылы жолдама арқылы Сәтбаев мәдени-ағарту училищесіне келіп, көптеген жылдар ұстаз болып еңбек етті. 1997-1999 жылдары қалалық мәдениет бөлімінің бастығы болды. Көптеген әндері бар. Қазір Алматы облысы Іле ауданында тұрады.

## СӘТБАЕВ ВАЛЬСІ

**Сөзін жазған: Мәуия Бекмағанбетова**



Ғасырлар сырын жасырған,
Қойнауы қазына тасыған.
Байлығын тауып танытқан
Қаныштай ұлы данышпан.

***Қайырмасы:***
*Сандуғаш сайраған әнді өлкем,*
*Әлемді таңдантқан кенді өлкем.*
*Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем,*
*Сәтбаев қаласы мәңгі көркем.*

Өтеді өзіңде мерекем,
Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем.
Әлемді таңдантқан кенді өлкем,
Тасысын әрдайым берекең!

Қиындықпен күрескен,
Даласын сүйген сеніммен.
Бақытқа бөлейді ол елін
Ашып кеткен кенімен.

***Қайырмасы.***

Аңсаған асыл арманың
Жалғайды, аға, ұрпағың.
Өмір жолы – өнеге,
Жұлдызы Сарыарқаның.

***Қайырмасы.***

# КЛАСТАСТАРЫМ – МҰРАТТАСТАРЫМ

**Сөзін жазған: Абдолла Дастанов**




Бағындай болған бала шақтардың,
Баспалдағындай болашақтардың,
Мектебім менің, куәсі де едің
Бүршігін жарған махаббаттардың.

***Қайырмасы:***
*Кластастарым — мұраттастарым,*
*Қымбатсың маған, қанаттастарым.*
*Бұл жырым менің –*
*Сендермен бүгін*
*Жырақта жүріп құшақтасқаным.*

Өтуде жылдар өрнегін салып,
Тәттісі кетті, кермегі қалып.
Қанат қақтыңдар биік шыңдарға,
Бақыт таптыңдар өмірге лайық.

***Қайырмасы.***

Қалқыды өмір, шалқыды көңіл,
Қай жерде қалдың, шайхы күндерім?

Біз жүрген ізбен ендігі жерде
Балауса-ғұмыр сайрандай берсін.

***Қайырмасы.***

Жатса да шашқа ақ кіріп бүгін,
Сендерсіз шаттық жоқтығын ұқтым.
Жүзге жетсек те, жүрегімізде
Балалық шақтың пәктігі жүрсін.

***Қайырмасы.***

# МӘҢГІЛІК ҚАЗАҚ ЕЛІ

**Сөзін жазған: Мәуия Бекмағанбетова**




Туған жерім менің, алтын ұям сен,
Орман-тоғай, көлім, асқар алыс белім.
Сенде өткен менің бақытты жас кезім,
Қиял құсым болар шабыт көзісің.

***Қайырмасы:***
*Ұлар ұшар биік Ұлытауым,*
*Қыран қонар қия Алатауым.*
*Аңсаған арман Аралым менің,*
*Сексен көлім сая Көкшетауым.*
*Әулиелер ауылы Қаратауым,*
*Ұлы Абайдың елі Шыңғыстауым.*
*Тулаған толқын Каспийім менің,*
*Жетісуым, жәннат Қарасазым-ай!*

Қазақ деген елім, ұлан-ғайыр жерім,
Ерлік пенен бірлік қасиетін білдің.
Бабаларың қорғап, балаларың қолдап,
Егеменді елдің көк байрағын ілдің.

***Қайырмасы.***

Әлем бізді танып, Елбасымыз барып,
Қазақ атты халық, жұлдызың тұр жанып.
Болашағың жарқын, біл өмірдің нарқын,
Ұрпағымыз әркез жалғастырсын салтын!



**Қайрат БАЕКЕНОВ**

1977 жылы Сәтбаев қаласында туған. Жезқазған музыкалық колледжінің түлегі. Көптеген ән байқауларының жүлдегері. Республикаға танымал «Формат» ансамблінің жетекшісі.

## ҰЛАР

**Сөзін жазған: Мұса Тілеуов**




Ұлар, ұлар, ұлар құс, Ұлытаудың ажары,
Туған жердің, дариға-ай, өзің едің базары.

***Қайырмасы:***
*Қонбайсың ба қияға,*
*Оралдың ба ұяңа?*

*Ай да, күн де көріксіз,*
*Өтті дәурен өзіңсіз,*
*Өтті күндер өзіңсіз,*
*Өтті дәурен өзіңсіз.*

Ұлар, ұлар, ұлар құс, Ұлытаудың еркесі-ай,
Ұмыттырмай, еркем-ау, бір көрініп кетсеңші-ай.

***Қайырмасы.***

Ұлар, ұлар, ұлар құс, табылды ма сыңарың?
Алыстадың, арман құс, айтылмады сырларым.

***Қайырмасы.***

Ұлар, ұлар, ұлар құс, ұмытылмас ән едің,
Ұлытаудың көгінде қиялым боп қал менің.

***Қайырмасы.***

# ТУҒАН ДАЛА

**Сөзін жазған: Мұса Тілеуов**




Жайна, жайна, дала, сайра, бұлбұлым!
Халялякулиля, иляляку-ай, даридай!
Ай, жайна, қыр гүлім, далам, ғалам!
Шырқа, шырқа, әнім, шалқы, шабытым,
Халялякулиля, иляляку-ай, даридай!
Ай, әнім – бақытым, бағым – әнім!

***Қайырмасы:***
*А-а-а-а-й!.. О-о-о-о-й!..*
*Сайраным менің, байтағым – елім.*
*А-а-а-а-й!.. О-о-о-о-й!..*
*Мерейлі мекен, айналдым!*

Самға, самға көкке, арман қанатым,
Халялякулиля, иляляку-ай, даридай!
Ай, талма, қанатым, самға, талма!

# АСТАНА

**Сөзін жазған: Қанат Жүнісов**




Сүйемін сені, ару Астана,
Аялаған мекені махаббаттың.
Жұлдыздай жарқыраған жас қала,
Өзіңнен өмірлік бақыт таптым.
Оңтүстік пен Батыстан,
Солтүстік пен Шығыстан
Тағдырлар келіп тоғысқан, тіл табысқан.

***Қайырмасы:***
*Жарқырап, мәңгі жайна,*
*Жайна, Астана!*
*Көк туыңды желбіретіп, бас қала!*
*Бұлбұлы сайра, сайра*
*Жасыл бағында,*
*Нұрлы таңында.*

Өзіңмен егіз менің тағдырым,
Қуат беріп, сыйладың шабыт маған.
Бақытты, қуанышты әр күнім,
Астанам, әнімсің қалықтаған.
Оңтүстік пен Батыстан,
Солтүстік пен Шығыстан
Тағдырлар келіп тоғысқан, тіл табысқан.



**Кенжебек НАЗАРҚҰЛОВ**

1952 жылы қазіргі Түркістан облысы Ордабасы ауданында туған. 1975 жылы Шымкент педагогикалық мәдениет институтын тәмамдап, Сәтбаев мәдени-ағарту училищесінде сабақ берді. 1996 жылы «Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі» белгісімен марапатталды. 2004 жылы қайтыс болды.

## САҒЫНЫШ

**Сөзін жазған: Дина Садырбекова**






Өткен күндер
Кетпейді есімнен, сағынамын.
Қайран күндер,
Оралмас уақытқа бағынамын.
Ән-жырларым,
Әр жылдарым,
Естелік – сағынышым.

***Қайырмасы:***

*Туған жер,*
*Өзіңнен сусындап нәр алғанмын.*
*Өскен жер,*
*Сендегі құнардан жаралғанмын.*
*Ақ тілегім,*
*Сен жыр елім,*
*Мәңгілік сағынышым!*

Құрдастарым,
Жастықтың куәсі жан достарым!
Сендер барда,
Көңілім жаз болып ән бастадым.
Сыйластарым,
Қимастарым,
Өздерің – сағынышым.

***Қайырмасы.***

Туған елім,
Көрмесем өзіңді сағынамын.
Жан жүрегім,
Аңсайды балалық шаңырағын.
Сүйген жарым,
Балғындарым,
Сендерді сағынармын.

***Қайырмасы.***



**Құрманғали ТӘШЕТОВ**

1959 жылы Ұлытау ауданында туған. 1982 жылы қазіргі Сәтбаев қаласындағы мәдени-ағарту училищесін, 1995 жылы Абай атындағы Қазақ педагогикалық университетін бітірген. 2016 жылы Сәтбаев қаласы әкімінің «Тәлімгер ұстаз» сыйлығын иеленді. Республикалық «Білім шыңы – Ғылым сыры» журналы ұйымдастырған «Жылдың үздік 100 мұғалімі» жобасына қатысып, «Жылдың үздік мұғалімі» төсбелгісімен марапатталды. «Бейбітшілік әлемі» Халықаралық Қазақ шығармашылық бірлестігінің «Ыбырай Алтынсарин» медалінің иегері. Халықаралық Композиторлар одағының мүшесі. Қазір №16 қазақ орта мектебінде музыка пәнінің мұғалімі.

## ШАТТЫҚ ЖЫРЫ

**Сөзін жазған: Амангелді Бұқар**






Еркін елдің ұланымыз,
Ашық күмбез аспаны.
Шырқалады жыр-әніміз,
Жалғап достық дастанын.

Шаттанамыз туған елде,
Күн күледі көгімде.
Біздің байтақ туған жерде
Достық қымбат тегінде.

***Қайырмасы:***
*Біз – бақытты баламыз,*
*Әрқашанда біргеміз.*
*Гүл жамылған даламыз,*
*Мызғымасын іргеміз.*

Ата-баба өнегесін,
Зор сенімін ақтаймыз.
Кеңейсін ел керегесі,
Татулықты сақтаймыз.

Білімді ұрпақ – ел тірегі,
Күш саламыз білімге.
Шат-шадыман ел тірегі,
Күлімде, күн, күлімде.

***Қайырмасы.***

# БАУЫРЛАРДЫ АҢСАУ

**Сөзін жазған: Ибрагим Бекмаханұлы**

*Бұл әнімді Ұлы Отан соғысынан оралмаған Сейітмағзұм, Сейітжаппар, Адыр ағаларымның рухына арнаймын.*

***Автор***



Аттандап жауға шапқан бауырларым,
Аңсайды өздеріңді дауыл жаным.
Жас едім, ол кезде мен сәби едім,
Сезбейтін қан майданның ауыр халін.

***Қайырмасы:***
*Аңсаймын бауырларды,*
*Кеудеме жауын жауды.*
*Сендерді күтуде әлі*
*Көз көрген қауым бәрі.*
*Сөнбейді ешқашанда*
*Мәңгі алау ауылдағы.*

Алаңдап қалған едік соңдарыңнан,
Есімде қайғылы ән, сондағы ән.
Үш көкем оралмады сол соғыстан
Мені еш түсірмейтін қолдарынан.

***Қайырмасы.***

Ағалар, қайран, менің ағаларым,
Алтыннан артық еді-ау бағаларың.
Он сегіз, жиырма жастың шамасында
Келді ғой қарақағаз хабарларың.

***Қайырмасы.***

Үш жұлдыз, көктегі ай, заңғарларым,
Сендерге осы ақ тілек – әнді арнадым.
«Аман-сау келсе екен» деген сонау,
Ішімде шоқтай болып жанды арманым.

***Қайырмасы.***

# ТУҒАН ЖЕР – АЛТЫН БЕСІГІМ

**Сөзін жазған: Аманғали ЕРБОЗОВ**




Өмірдің өзінде аштым есігін де,
Тербеліп қиялымның бесігінде.
Туған жер, сенің тау мен тасың түгіл,
Құдірет бар секілді есімінде.
Мен сені сағынамын осы күнде.

Балалық бал дәуренім, бал шақтарым,
Араға жылдар салып алшақтадым.
Бірге өскен құрбы-құрдас, туған жерде
Жүрмісің самырсындай самсап бәрің?
Мен жүрмін осы күнде аңсап бәрін.

Айлы түн, есімдесің сен де менің,
Бал бұлақ суын берген – шөлдеп едім.
Қарсы алған қабақ шытпай қашан барсам,
Аяулы, аманбысың, жеңгелерім?
Сендерді көкте күнге теңгеремін.

Бұл күнде ақынжанды жас ұланың,
Арнайды өзіңе деп асыл әнін.
Оянған жүрегімде сағынышты,
Айтшы сен, қайда апарып жасырамын?
Туған жер, қасиетіңе бас ұрамын.

# ЕЛ ҚОРҒАЙТЫН ЕР БОЛАМ!

**Сөзін жазған: Дәуренбек Бұланбаев**




Желбіретіп жігерімнің жалауын,
Адалдықтың жағатұғын алауын,
Бауыржандай ер қорғайтын ер болам,
Туған елдің тыныштығы – қалауым.

***Қайырмасы:***
*Ерлігімнің бастауы,*
*Еркін елім – орманым,*
*Ашық болсын аспаның,*
*Болам сенің қорғаның!*

Батылдық пен қатар ұстап білімді,
Мақтан етем шуақ шашқан күнімді.
Қорғап өту басты парыз деп білем
Дәстүрімді, ділім менен дінімді.

***Қайырмасы.***

Жанын қиған адалдық пен ар үшін
Бабалардың жырлап өтем намысын.
Бола білген бейбітшілік бастауы
Қазақ елін барлық әлем танысын!

# САРЫ ҚҰМДАР

**Сөзін жазған: Әлима Жақыпова**




Бал дәурен шақты есіме алсам ойланып,
Сары құмдарым түседі еске, ойға анық.
Сырғанақ тепкен шағыл құмдардың белесі
Балалық шақтан сыр шертетіндей толғанып.

Есімде әлі балалық шағым – бал күнім,
Қызықтаушы едік шуағын шашқан май күнін.
Сары алтын құмның сағымына оранып,
Теретін едік аңқыған жұпар сан гүлін.

Сексеуіл, жыңғыл мекені еді құмдарым,
Намысты әркез өзінде ғана шыңдадым.
...Балалық шақтан аттанып ерте кетсем де,
Түсіне алмадым өзіңде қандай мұң барын.

Қауызын ашып, жайнаған гүлі көктемде,
Кәрәнәй, көсік өсуші еді көктемде.
...Таңдана қарап әрбір төбеңе мен тұрмын,
Сары құм қайда, аласарып бір сәт кеткен бе?

Сары құмдарым – киелі алтын бесігім,
Ұрпағың келіп тәу етсе саған несі мін?!
Жайылмасыншы көсіліп жатқан құмдарым,
Кінәлі болсам, сұрайын сенен кешірім.



**Дәулет ОМАШЕВ**

1985 жылы Сәтбаев қаласында туған. 2007 жылы Астанадағы Музыка академиясының эстрада-джаз факультетін бітірді. Республикалық, халықаралық конкурстардың бірнеше мәрте жүлдегері.

## ЕЛІМ – ЖҮРЕГІМ

**Сөзін жазған: Абдолла Дастанов**




Салтанатын асырып сақ бабаның,
Көш-керуені ғасырлар тоқтамайтын.
Көкке ғашық ұрпағы Көк Бөрінің
Кең далада көтерді Көк Байрағын.

***Қайырмасы:***
*Азаттық алауын жаққан,*
*Бақытын бірліктен тапқан.*
*Жан жүрегім, туған елім –*
*Қазақстан! Қазақстан!*

Сынақтардан өттік те сан мыңдаған,
Күнге жеттік бабалар армандаған.
Арқасында ән салып Азаттықтың,
Жерге сәлем жолдадық ғарыштардан.

***Қайырмасы.***

Бүкіл әлем таныған Ордалы елдің
Бейбітшілік тербетіп орман, көлін,
Күлімдеген күн қонған қанатына,
Қырандары биікте самғай берсін!

***Қайырмасы.***



**Мұрат СЕЙТЕНОВ**

1960 жылы Қарсақбай кентінде туған. Республикалық көркемөнерпаздар фестивалінің, «Сарқылмас бұлақ» отбасылық ансамбльдер байқауының лауреаты. Қазір Астана қаласында тұрады.

## КӨКТЕМ ТАҢЫ

**Сөзін жазған: Тоқтар Ерсейітов**




Ғажап әсем бір тыныштық,
Көктем таңы бауураған.
Бар сұлулық үнсіз күліп,
Құс тілімен сайраған.

***Қайырмасы:***
*Көктемнің бір жанға жайлы*
*Таңы атып келеді.*
*Әлсіз ғана сыбдырлайды*
*Мамыр-арудың желегі.*

Ел ұйқыда, табиғат та
Тәтті ұйқыға кеткендей.
Осындай бір бей-жай шақта
Жаңбыр төгіп өткендей.

***Қайырмасы.***

Таң ерекше алаулайды,
Күн нұрына малынып.
Кеудемді ерке күй баурайды,
Күйкі ойлардан арылып.

***Қайырмасы.***

# ӘНШІ БАЛАПАН

**Сөзін жазған: Тоқтар Ерсейітов**




Арқаның нұрлы таңынан
Балапан қанат қақтырған.
Қондырған Ұлытау төсіне,
Әнші болып балапан.

***Қайырмасы:***
*Таңдайда балдай татырған,*
*Қанатымды қақтырған*
*Сарыарқаның самалы.*
*Әнші болып балапан,*
*Жыршы болып балапан.*

Даланың гүлін тересің,
Еркелеп өзің келесің.
Ержетіп ұшсаң алысқа,
Көгалын аңсап келерсің.

***Қайырмасы.***

# ТУҒАН ЖЕР

**Сөзін жазған: Тоқтар Ерсейітов**




Далам менің, кіндігімді қиған жер,
Бесігімде әлдилеген туған жер.
Тайға мініп, аттың жалын тартқанда,
Болашаққа белді бекем буған жер.

Далам менің, шапағатын төккен жер,
Қырларында табыстым сан көктеммен.
Көтереді көңіл күйін, шіркін-ай,
Жусан иісі бұрқыраған бөктерлер.

Далам менің, анам сынды ақ пейіл,
Жүрегінен сезінемін шат көңіл.
Шат көңілмен шалқып, тасып жататын,
Берекесі үзілмеген бақты өңір.

Далам менің, бабаларым жүрген жер,
Немереміз тәй-тәй басып, күлген жер.
Даласына аңсары ауып тұрады
Бабасының құдіретін білгендер.

Далам менің, қасиеттім, киелім,
Даламды ойлап дүрсілдейді жүрегім.
...Керек емес ертегінің бақтары,
Мен даламның топырағын сүйемін!

# АҚМОЛА – АСТАНАМ

**Сөзін жазған: Тоқтар Ерсейітов**




Арайлы, әсем жас қалам,
Есіл бойы бас қалам.
Алматы таңы жалғасып,
Ақмола болған астанам.

***Қайырмасы:***
*Ақмола – астанам,*
*Жаңарған жас қалам.*
*Сарыарқа самалы*
*Аққулар аңсаған.*

Шуағын жайып нұр далам,
Шырқайықшы бастап ән.
Даналық, кеңдік, дархандық
Бүгінге, міне, жалғаған.

***Қайырмасы.***

# АРҚАНЫҢ АРУ КӨКТЕМІ

**Сөзін жазған: Мұса Тілеуов**




Жұпарың желпіп өтпеді,
Селдетіп нөсер төкпеді.
Кешігіп келдің, қайтейін,
Арқаның ару көктемі.

***Қайырмасы:***
*Құлпырып қырдың бөктері,*
*Көктеді дала, көктеді.*
*Жанымды нұрға бөлей бер,*
*Арқаның ару көктемі.*

Қиялым едің көктегі,
Құшағыңды ашып, өп мені.
Сағынып жеткен шуағым,
Арқаның ару көктемі.

***Қайырмасы.***

Әурелей көрме тек мені,
Бір күндік сәуле өтпелі.
Базарым болғай мәңгілік,
Арқаның ару көктемі!

***Қайырмасы.***

# КЕНШІ ҚАЛА

**Сөзін жазған: Мұса Тілеуов**




Бақ мекенім, бесігім тербетілген,
Кенші қала, айналдым келбетіңнен.
Шыға келсем ертемен көше бойлап,
Күлімсіреп сипайды күн бетімнен.

Қала толы қайнаған жұрт ішінде
Кеншілердің үңілем түр-түсіне.
Кенді өлкенің кемеңгер ұландары,
Толағайдың қуаты тұр күшінде.

Кеніштердің күн сүйіп мұнарасын,
Ырыс ағып, кен кернеп тұр арнасын.
Қара жердің қайнаған қазынасы
Ақтарылмай білемін шыдамасын.

Кенші қалам, кең сарай, туған жерім,
Туған жерім – базары думанды елдің.
Өзің десем өртеніп қуаныштан,
От жүрегім кеудемде тұрар менің.

Жүректерде алауың жалындасын,
От іздесең бізге кел, бауырласым.
Кенші қалам – кіндігі Сарыарқаның,
Қаныш өзі көтерген қабырғасын.



**Мәжит ТОҒАЙБЕКОВ**

1968 жылы Ұлытау ауданында туған.1992 жылы Алматыда өткен Жастар форумының, 1995 жылы Жезқазғанда өткен «Жас қанат» конкурсының жүлдегері. Қазір «Қазақмыс» корпорациясының құрылымында жұмыс істейді.

## АРУЛАР

**Сөзін жазған: Болат Шарападин**



Көк көйлек көктем-қызбен құшақтасып,
Жүріңдер жүректерге шуақ шашып.
Тап-таза тау суындай күлкілерің,
Бастайсың болашаққа бұлақты ашып.

***Қайырмасы:***
*Нұр сүйсін келбетіңді көкте күлген,*
*Аймалап алау лебі шеттеріңнен.*
*Бүршіктеп қызғалдақтар көңілдегі,*
*Гүл толсын айналаңа көмкерілген.*

Жусанның жұпар иісі қытықтасын,
Үміті үлбіреген жігіт жасын.
Көктем – ару, ару – көктем екенін
Алданып албырт жүрек ұмытпасын.

***Қайырмасы.***

Мойныма бәйшешекті асылдырып,
Күлімкөз мөлдіреген, қасы қиық.
Көңілге үміт отын ұялатар,
Өтемін аруларға басымды иіп.

***Қайырмасы.***

# ҚАНЫШ ҚАЛА

**Сөзін жазған: Мұса Тілеуов**




Жарқ етіп жанарлары қарай қалған,
Көзінен қыздарының арай тамған.
Айналдым, кенші қалам, келбетіңнен,
Табысқан талай тілек, талай арман.

***Қайырмасы:***
*Өн қала, ару қала, арман қала,*
*Жұлдыз боп Сарыарқада жанған дара.*
*Тер төккен тереңінде өрендері,*
*Қаныштың ұлағатын алған қала.*

Атағы алыстарда, ғарыштарда,
Есімі алты алашқа таныс қала.
Отаны кен қопарған кеншілердің,
Көзіндей ғұламаның Қаныш қала.

***Қайырмасы.***

Ордасы ырысым мен берекемнің,
Ортасы қуаныш пен мерекемнің.
Мекені құз құлатқан кеншілердің,
Кіндігі құт дарыған кенді өлкенің.

***Қайырмасы.***

# КӨКТЕМ ЕНДІ ЕРТЕГІ

**Сөзін жазған: Абдолла Дастанов**




Сары теңіз тербеген төңіректі,
Даламызға сары күз келіп жетті.
Жапырақты барады жел қуалап,
Өмір өтті дегендей, өмір өтті.

Шіркін, ғажап еді ғой көктем деген!
Көңілдерде күн күліп, көкке өрлеген.
Енді сол күн сағыныш, енді ертегі,
Күз дегенің – қоштасу көктемменен!

Көктем болсын, күз болсын, өмір – балдай.
Тәтті өмірге жатады көңіл қанбай.
Көктем қандай болса егер мерекелі,
Берекелі болса екен күзім сондай!

# ҚАЗАҚСТАНЫМ

**Сөзін жазған: Рамазан Тайманов**




Сағынышқа толы ортамыз,
Арайлап атады таңымыз.
Келді бүгін тойлы ауылға торқалы,
Қуанышты ұлттық тойымыз.

***Қайырмасы:***
*Алтын ордам-ай,*
*Туған жерім-ай,*
*Құтты болсын ұлы тойымыз!*
*Қазақстаным,*
*Кең-байтақ елім,*
*Құтты болсын егемендігің!*

Қазақстан – егеменді елім,
Елім – менің алтын бесігім.
Төбемізде күлімдейді күнің-ай,
Мол бақытқа бөленсін елім.

***Қайырмасы.***

Мереке құтты болсын, елім,
Ел өркендеп, бақытты болып жерім.
Неткен сұлу, неткен көркем
Қазақстаным – егеменді елім!

# ҰСТАЗДАР ӘНІ

**Сөзін жазған: Мәуия Бекмағанбетова**




Елбасы Жолдауы,
«Болашақ» қолдауы.
Жол ашты жастарға
Білімнің бастауы.

***Қайырмасы:***
*Білімнің де нәрі,*
*Өмірдің де сәні,*
*Шәкірттің де жаны –*
*Ұстаздардың әні.*

Шәкірттер сыныпта,
Жанары – жалын шоқ.
Білімге құштарлық,
Ұстазы тыныштық.

***Қайырмасы.***

Өнер мен білімге
Шәкіртті баулаймыз.
Ғылымға сан түрлі
Талапты ұштаймыз.

***Қайырмасы.***



**Аманжол ШОҚПЫТОВ**

1957 жылы Қарқаралы қаласында туған. Сәтбаев қаласындағы №27 қазақ орта мектебінің түлегі. 1976 жылдан өмірінің соңына дейін «Арман» ән-би ансамблінің бас гитарисі болды. 1992 жылы дүниеден өтті.

## СҮЙІКТІМСІҢ

**Сөзін жазған: автор**




Сүйіктімсің, қызығымсың сен менің,
Бақытымсың, қуанышым, тірегім.
Жаным менің, сағынамын, аңсаймын,
Бір сен үшін соғады менің жүрегім.

***Қайырмасы:***
*Сағынамын, сәулем, сені,*
*Сағынамын, сәулем.*

Сағынамын айлы аспан астында,
Сағынамын ашық күнде, шуақта.
Кездесуді бір өзіңмен аңсаймын,
Амал қанша, шыдау керек бірақ та.

***Қайырмасы.***

Сағынамын көздеріңді мойылдай,
Сүюші едім ерініңнен тойынбай.
Ақ балтырың, қос анарың көз тартар,
Әсем денең жайқалған ақ қайыңдай.

***Қайырмасы.***

Өтіп кетер екі жыл да білінбей,
Өтерміз біз ұзақ сыннан сүрінбей.
Келгенімде есік қағып, алдымнан
Қарсы аларсың сүйіктіңді күлімдей.

***Қайырмасы.***

# ТОЛҒАУ

**Сөзін жазған: автор**




Кей сәтте ойда отырам,
Арманға қалқып ұшардай.
Кей сәтте ойда отырам,
Қанатты қырқып тұсардай.

***Қайырмасы:***
*Кейбіреу мені аңдиды,*
*Сүрініп кетсем итермек.*
*Мен үшін біреу жан қиды,*
*Өмірге қарай икемдеп.*

Кей сәтте ойда отырам,
Алысқа шапқан тұлпардай.
Кей сәтте ойда отырам,
Қанаты сынған сұңқардай.



**Өмірбек БЕКНАЗАРОВ**

1958 жылы Жезқазған кентінде туған. 1975 жылы №7 қазақ орта мектебін бітірген. Бірнеше әндері бар. Қазір Астана қаласында тұрады.

## АНАШЫМ

**Сөзін жазған: А. Ұйқымбаев**



Ол менің ардақтаған асыл анам,
Ақылмен, ақ сүтімен асыраған,
Айналған қасиетіңнен әрқашанда,
Жыр арнап, міне, бүгін отыр балаң.

***Қайырмасы:***
*Анашым, мен өзіңді мақтан етем,*
*Жол шықсам, сағыныштан шаққа жетем.*
*Санамды сарғайтады жалғыз арман –*
*Қайткенде ақ сүтіңді ақтар екем?*

Анашым, ақ түсіпті-ау шаштарыңа,
Әжімнің қалыңдапты қатпары да.
Мен мүмкін сол қатпармен тәй-тәй басып,
Өмірдің көтерілдім асқарына.

***Қайырмасы.***

Бойың да еңкіш тартып бүгіліпті,
Көтерген махаббат пен ұлылықты.
Шуағы таусылмасын пәк жаныңның,
Таратқан шапағат пен жылылықты.

***Қайырмасы.***

# ТОЙ ШАТТЫҒЫ

**Сөзін жазған: Шынболат Ділдебаев**




Күн дидарлы елім қандай тамаша,
Думан, тойға қуанып жүр балаша.
Ауылымыз – ән мен жырдың мекені,
Ал жастары ән шырқайды жаңаша.

***Қайырмасы:***
*Ей, той, той, той, той, ой-хой!*
*Шықсын дабыл «ей» деген,*
*Кеңге құлаш жайды өлең.*
*Қосыл әнге, құрбылар,*
*Құр қалмаңдар бәйгеден.*

Жас жұбайға адал бақыт тілейік,
Құдалардың көңіл күйін білейік.
Дөңгеленген дүниеде көлбеңдеп,
Шын сыйласып, аз күн дәурен сүрейік.

***Қайырмасы:***
*Ей, той, той, той, той, ой-хой!*
*Дүмбірлеген той қандай,*
*Келініміз, ой, қандай!*
*Қозы менен Баянды*
*Бүгін қосып қойғандай.*

Артымызда айтарлықтай ән қалсын,
Жүйріктерден шұбатылған шаң қалсын.
Ағыл-тегіл асқақтаған бұл тойға,
Адам түгіл, айдың өзі таңғалсын.

***Қайырмасы:***
*Ей, той, той, той, той, ой-хой!*
*Ақ жаңбырдай жауылған*
*Ғажайып жыр, дауылды ән.*
*Ақ отауды көтерген*
*Айналайын ауылдан!*

# КІНӘЛАЙ МЕНІ КӨРМЕШІ

**Сөзін жазған: Қ. Мамасейітов**




Балауса күнді сағынсам,
Бал бұлақ болып ағылсам,
Басымнан кешкен жайларды,
Барлығын саған шағынсам.

***Қайырмасы:***
*Жолымнан кейде жаңылсам,*
*Сөйлесем кейде өктемдеу,*
*Сөгілген бұлттай көктемде,*
*Кінәлай мені көрмеші.*

Салқындау тартса от кеуде,
Кінәлай мені көрмеші.
Өзіңнен қымбат жоқ менде,
Еркіне құлап сезімнің.

***Қайырмасы.***

Ет жүрек тулар кезімнің,
Егер сен болсаң куәсі,
Ерісе көзге төзім мұң,
Кінәлай мені көрмеші.

***Қайырмасы.***

# АҚМАРАЛЫМ

**Сөзін жазған: Т. Сәтбаев**




Жанымда тербетіліп сезім деген,
Кезім көп өзіңді ойлап көз ілмеген.
Қол созсам ақ арманға алдымдағы,
Жұлдызым жанар менің өзіңменен.

***Қайырмасы:***
*Айналдым, Ақмаралым, келбетіңнен,*
*Гүлім бол қырқа үстінде тербетілген.*
*Өзіңмен бірге аттасам ризамын мен*
*Бақыттың баспалдағын жер бетінен.*

Көктемдей, Ақмаралым, көріктісің,
Өлеңнен жасай алсам толық мүсін:
Үлбіреп гүл ерінің қызғалдақтай,
Шаттыққа сарқылмайтын толып тұрсың.

***Қайырмасы.***

# ТІРІ ЕСКЕРТКІШ

**Сөзін жазған: Өтеген Оралбаев**




Тесіледі Ана күнде кешке қыратқа,
Ешбір солдат көрінбейді бірақ та.
Қыр басына асығады қарт Ана,
Күркіреген үн жеткендей құлаққа.

***Қайырмасы:***
*Замананың тұншықтырып тынысын,*
*Төкті ғой ол талайлардың ырысын.*
*Ескерткішке ұқсатамын мен тірі*
*Ұлын күткен қарт Ананың тұрысын.*

Жасқа толы нұры солған қарашық,
Еміренеді, әлдилейді баласын.
Жаулығынан алып сосын ақ мақта,
Құлынымның таңам дейді жарасын.

***Қайырмасы.***

Ауыл оны кемпір дейді күйікті,
Алапаттың оғы оған да тиіпті.
Отыз жылда оралмаған баласын
Күтіп жүрген ана қандай сүйікті.

***Қайырмасы.***



**Элла БЛАГОДЕТЕЛЕВА**

Родилась в 1946 году в г. Сатпаев. Активная участница художественной самодеятельности, награждена дипломами, грамотами. С 1999 года участвует в народном хоре «Самоцветы».

## ТАК ИГРАЙ, БАЯН!

**Музыка и слова Эллы Благодетелевой**
**Обработка Павла Малова**




Обласкало солнце нежными лучами,
Город наш Сатпаев, город наш родной.
Станет радостно, на душе теплей
Музыка зальется, не стерпеть и мне.

***Припев:***
*Так играй, баян, весели народ,*
*Чтобы стар и млад встали в хоровод.*

Все потом пройдет, не печалься, друг,
Ты, как вьюн, и тут закружишься вдруг.
И забудешь грусть в хороводе том,
И растопишь сердце солнечным лучом.

***Припев.***

Вот и встретились два одиночества
В хороводе том,  в городе степном.
И поют они под баян вдвоем,
И ласкает их солнечным лучом.

***Припев.***

# ПЕСНЯ О САТПАЕВЕ

**Музыка и слова Эллы Благодетелевой**
**Обработка Павла Малова**




Сатпаев – наш город красив он и молод.
В зеленом наряде стоит величав.
Живем и гордимся мы именем этим,
Сатпаев Каныш ты у нас на устах.

***Припев:***
*Сатпаев, Сатпаев,  поем о тебе.*
*Сатпаев, Сатпаев, ты в нашей судьбе.*

Пройдешь по проспектам вечерней порой,
Сатпаев, ты славен своей чистотой.
И доброе «здравствуй», улыбки кругом,
Сатпаев, наш город, гордимся тобой.

***Припев.***

Из жизни ушел ты, оставил нам дом,
Наследство, в котором мы вместе живем.
Казах здесь и русский едины всегда,
Сатпаев Каныш нас сплотил на века!

***Припев.***



**Қамбар ҮРМІЗОВ**

1948 жылы қазіргі Түркістан облысы Созақ ауданында туған. 1975 жылы Сәтбаев мәдени-ағарту училищесіне келіп, ұстаз болды. 1997-2011 жылдары Жезқазған педколледжінде оқытушылықпен айналысты. Қазір зейнеткер.

## КЕНЕСАРЫ

***(Күй)***





# ҚАЙРАН, АҒАЛАРЫМ

***(Күй)***





# АНА САҒЫНЫШЫ

## *(Күй)*





# ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕЙМІН ӨҢІРІМДІ



**Кәкімбек САЛЫҚОВ**

1932 жылы туған. Мемлекет және қоғам қайраткері. 1955 жылы Мәскеудің Түсті металлургия институтын бітірген соң еңбек жолын «Покро» шахтасында кен шебері болып бастап, ұзақ жылдар шахтада еңбек етті, содан кейін партиялық жұмысқа ауысты. Жезқазған кен-металлургия комбинатының партком хатшысынан КОКП Орталық Комитетінің инспекторы, Өзбекстан Компартиясы Қарақалпақ облыстық комитетінің бірінші хатшысы және КСРО Жоғарғы Кеңесінің Экология және табиғат ресурстарын тиімді пайдалану мәселелері жөніндегі комитетінің төрағасына дейін өсті.

Ленин, Халықтар достығы, екі мәрте Еңбек Қызыл Ту, «Парасат», ІІІ дәрежелі «Барыс» ордендерімен марапатталды, «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағын иеленді. Бірнеше мәрте Қазақ КСР және КСРО Жоғарғы Кеңестерінің депутаты болып сайланды. Солтүстік Қазақстан облысының және Сәтбаев, Көкшетау, Жезқазған қалаларының Құрметті азаматы, Н. Островский атындағы Бүкілодақтық әдебиет сыйлығының лауреаты атанды. Көптеген жыр жинақтарының авторы. 2013 жылы қайтыс болды.

## ҚАНЫШТЫ АЛҒАШ КӨРГЕНДЕ

Аңсаған туды сәтті сағаттарым,
Талай жыл күткен тапты тағат жаным.
Ішінде көп қаршыға көрінді ол
Қырандай еркін жайған қанаттарын.

Көп таудың арасында дара шыңдай,
Жарқ етсе жүрек қайтсін аласұрмай?

Бас қандай зор денеге сыймай тұрған,
Кең маңдай Ұлытаудың даласындай.

Екі адам сыйғандай қос иығына,
Апайтөс қарайсың кең қиырына.
Сәулелі ақ жүзінен нұр тамып тұр,
Көз тартып күлкі қонған миығына.

Құдірет берген екен бар ғажабын,
Атына сай туыпты нар қазағым.
Мейірімді, ойлы, сұлу келбетінен
Сезесің адам сүйгіш жан назарын.

Құлшынып кеткендей боп ақын жаным,
Қасына көппен бірге жақындадым.
Жылытты бәрімізді бір-бір сөзбен,
Жан екен қарапайым асыл дарын.

Бір сырлы, мың қыр біткен бір өзіне,
Салмайды қыран қарқын лезіне.
Әр сөзін баппен ғана байыпты айтқан,
Құмарттым ұстамды кең мінезіне.

Қай ақын Қанекеме арқаланбас,
Бар қырын бірақ тегіс байқай алмас.
Черчильдің таңдануы бекер ме еді,
Ол – дана мың жылда бір қайталанбас.

Құйылды нелер сезім көкірегіме,
Өсті еңсем,
Құштар болып еңселіге.
Өзі де, ісі де ұлы заңғар екен,
Әр сөзі ғибрат болар ертеңіме.

## БЕУ, МЫҚТЫЛАР!

Өзін өзі нық ұстайтын қашанда
Мықтыларды сүйемін.
Құлаш ұрған елге еңбек жасауға
Құттыларды сүйемін.
Беу, мықтылар!

Қуат бердің гүлдесем,
Көп жасаңдар, арыстар!
– Жезқазғанның жігіттері кім? – десең,
Олар – шымқай Қаныштар.

Ғазиз, Мұхит, Далабайым бар менің,
Бір көрмесем сағынар.
Қопарғандар Жезқазғанның бай кенін,
Өмірханым тағы бар.

Түсіпбекке, Әбікенге табындым,
Көріп жойқын берікті.
Садық пенен Балғабайды сағындым,
Жолдасбекті, Серікті…

Оразбектер ауыр күнді көп көрді,
Тежемеді шабысын.
Кен қазудың тауқыметін өткерді,
Қорғады ел намысын.

Сендерсіңдер татқан дәмін азаптың,
Тар белбеулі, кең шідер.
Сендерсіңдер діңгектері қазақтың,
Аға буын кеншілер!

## КЕНШІЛІК ПЕН АҚЫНДЫҚ

Кеншіліктен ақындығым нашар ма?
Әлде ақындық кеншіліктен асар ма?
Екі ана,
Екі әке,
Қос жұмыс,
О, табиғат!
Менен жүгің қашар ма?!

Мен дайынмын,
Сен үйе бер қос арба,
Шынымды айтып
Тағы да сыр ашам да.
Мен өлеңге бала жастан ғашықпын,
Кенші болдым өмір жолын ашарда.

Біз дегендер –
Соғыс жылғы балалар,
Көңіл нарқын қас-қабақтан шамалар.
Содан болар, самай ерте күмістеп,
Терең тартты маңдайдағы салалар.

Кейде менің маңдайыма сор бейім,
Кейде өтеді біздің үйде той кейін.
Азаматтық жүгім ауыр болған соң,
Ақындыққа тиіп жүр ғой жол кейін.

Толқып айтсам толғанысты кезімді,
О, туған ел!
Сенсің билер сезімді!
Әкем үшін бір ісінді тындырып,
Анам үшін жырлап өтем өзіңді!

## КЕНШІЛЕРДІҢ ҚАЛАСЫНДА БІЗДІҢ ҮЙ

Кеншілердің қаласында үйімде
Үйреніп ем талай құтты үйірге.
Дәл қасында бүгін қатты тебірендім,
Тұрғандай боп баяғы жас күйімде.

Сырты сұлу адам көңіл бөлгендей,
Шарбағы да өзім қолмен өргендей.
Ауласына жанұшырып қараймын,
Ойнап жүрген ұл-қызымды көргендей.

Әр бөлмесін демесем де жүз аттық,
Берді тағдыр бар қызығын ұзақ қып.
Туыстан да артық еді көршілер,
Тап осы үйден балдызымды ұзаттық.

Қанат жайдық, өріс тауып ысылдық,
Інілердің ержеткенін түсіндік.
Әшірбек пен үйленгенде Қайыркен,
Құтты төрге келіндерді түсірдік.

Бар асылын мейманына сақтаған
Ел дәстүрі берді талай сәт маған.

Аз болатын азаматтар киелі
Бәйбішемнің қолынан дәм татпаған.

Өмір қызық жан толқытқан назымен,
Осы үй жебеп кен асылын қазып ем.
Сері күнде Сарыарқаны аралап,
Осынау үйде «Жезкиікті» жазып ем.

Тәубе деймін, балаларым ержетті,
Аралап жүр өз бетінше жер-көкті.
Немерелер қанат жайды бұл күнде,
Армандаймыз шөберені көрмекті.

Дәл осы үйден шеру тартып ғасырға,
Өрге ұмтылдым қанаттанып жасымда.
Жезқазғанға келген сайын есіркеп,
Тұрып қайтам құтты үйдің қасында.

***

Жер төресі – атамекен киелім,
Жезқазғанды дәл өзіндей сүйемін.
Ата-баба аруағы дарыған
Ұлытауға ұлындай бас иемін!

Аз тарихты әспеттеймін сөзге үйіп,
Шалғай кетсем, етті тағдыр көз күйік.
Өзіме де қан қақсатып оқ тиген,
Жүрек сырын елге жайса «Жезкиік».

Мәскеу жақта көптеу жүрген шақтарда,
Өлең өрдім ерте тұрып ақ таңда.
Сағынышты сәлемімді арнадым
Еділдетіп құстар елге қайтқанда.

Алыстардан есен жеттім еліме,
Дүбір қостым дербестіктің деміне.
Азаттықтың Мағжан мінез құлымын,
Шын інісі көрер қазақ мені де.

«Әй, кәпір» деп айта алмайды еш пенде,
Тіл табамын кейде сырттай өшпен де.
Соның бәрін айғақ етер өлеңім,
Шабыт селі көкірегімнен көшкенде.

Айтар сырым,
Осы ашық тілегім,
Үшке бөлмей, бір қазақта түледім.
Жүрегімнің лүпілінен естіңдер
Сәкен, Ілияс, Бейімбеттің тілегін.



**Шынболат ДІЛДЕБАЕВ**

1937 жылы Қызылорда облысында туған. Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері. Жезқазған тау-кен техникумын бітірген. 1957-1992 жылдары Оңтүстік Жезқазған кенішінің №45 шахтасында жұмысшы, ауысым шебері болып істеді. Кеншілік пен өнерді қатар алып жүрді. 1974 жылы пайдалануға берілген «Байқоңыр» кинотеатрының, қазіргі Ш. Ділдебаев атындағы Кеншілер сарайының тұңғыш директоры болды. 1975 жылы «Арман» ансамблін ұйымдастырды. 80-жылдардан республикалық ақындар айтысына жиі қатысып, жүлделі орындарға ие болды, шебер термешілігімен танылды. Сәтбаев, Ақтөбе, Қызылорда қалаларының, Қызылорда облысы Шиелі ауданының Құрметті азаматы атанды. 1998 жылы қайтыс болды.

## ШЫНДЫҚ

Сөйле,
Тілім,
Алаңдама тартынба,
Найзағайдай шындықты айтып жарқылда!
Қалай ғана өмір сүрдім дей алам,
Бір ауыз сөз қалмаған соң халқымда?!

Заман қалай,
Адам қалай өзгерді,
Өзгергенді, шүкір, казір көз көрді.
Арың менен ақиқаттың алдында,
Шындықты айтып
Шыңғыратын кез келді.

Айтса нанар сенгіш халық едік қой,
Сенгіштіктен талай таяқ жедік қой.
Халқымыздың қамын жеген ұлдарын,
О, ғаламат,
«Халық жауы» дедік қой!

Күні болған қазағымның сорлаған,
Қасіреттің қара бұлты торлаған.
Ешқашанда тарихында даламның
Кешегідей бұрыс кету болмаған!

Сеніп өскен халық едік малына,
Малын алса,
Қайтсін халқым налымай?!
Америка,
Түркияға,
Қытайға
Жетіскеннен шашылдық па тарыдай?

Әке тұрып сөйлеп кетті баламыз,
Ағайыннан алыс кетті арамыз.
Үш миллион аштан өлген жарамыз,
Қалғанымыз қайда кетіп барамыз?

Шұбар ала болып кеткен тілдерің,
Айтатұғын келді бүгін күндерің.
Тілің кетсе күнің қоса кетерін,
Қайран елім, қалай ғана білмедің?

Орысшаға орыстарды таң қылып,
Ана тілін білмеу қандай заңдылық?!
Өсер балаң,
Байтақ далаң тұрғанда,
Қазақ тілі жасау керек мәңгілік!

Ауруың бірте-бірте асқынған,
Қара ниет асып кеттік қасқырдан.
Қай бабаңның дәстүрінде бар еді
Ата-анасын интернатқа тапсырған?

Өкініштен өксігімді баса алмай,
Айту қиын ойлы көзге жас алмай.

Бір ақсақал бір ауылды билеуші ед,
Қазір қалдық бір әйелден аса алмай.

Азаматтар қол бастайтын қаһарман
Алкогольдің арбауына шаталған,
Бұл заманның Қобыланды мен Қамбары
Оқ тимей-ақ шығып жатыр қатардан.

Бабамыздың биігінен аспадық,
Құдай,
Дінді таза жауып тастадық.
Маскүнем боп, ұлың түгіл, қыздарың,
Ол аз болса наша шеге бастадық.

Сәл кідіріп ойлаңдаршы әріден,
Қанша сәби өлді улы дәріден.
Қыздарымыз үйде отырып жүкті боп,
Тірі жетім көбейді ғой бәрінен.

Қайдасыңдар,
Азаматым,
Арысым,
Қайда кеткен қасиетті намысың?
Адам түгіл шырылдаған торғай да
Жанын пида етпеуші ме еді бала үшін?!

Алған кезде бұл тоқырау алқымнан,
Жұрдай болдық
Қайран баба салтынан.
Қасиетті қыздарымның қылығы,
Арал болып, Балқаш болып сарқылған!

Миымызға өрмекші тор құрған ба?!
Көрсоқыр ғып Құдай таза ұрған ба?!
Қаракөздер, кімге ғашық болдыңдар,
Өз батырың,
Өз арысың тұрғанда!

Намыс қайда,
Ұят қайда,
Ар қайда?
Оның бәрі қалғаны ма шалғайда?

Бұл бетімен кете берсе, ұрпағың
Шала естілеу,
Мәңгүрт болып қалмай ма?

Дұрыс болмай замананың жетегі,
Еңіреген ердің толды етегі.
Осылардың бәрін қосып ойласам,
Бас айналып,
Көз бұлдырап кетеді.

Күнім туды ағымнан бір жарылар,
Қайран елім,
Сорың енді арылар.
Шыдаушы еңдер,
Шыдаңдаршы,
Шырылдап
Шындық жайлы айтатыным тағы бар.

Туған елдің қазынасының бәрін ап,
Ұрпағымыз кейін немен жарымақ?!
Полигон боп
Абай, Мұхтар жүрген жер,
Атом неге тек Семейде жарылад?!

Бұл сөзімді түсінер-ау есі бар,
Кімнің қандай ала алмаған өші бар?
Елсіз-күнсіз Тундралар жатқанда,
Сары алтындай
Сарыөзекте несі бар?!

Мәз болмайық арқамыздан қаққанға,
Мәз болмайық жұлдыз әкеп таққанға.
Кімге керек жал мен жая жегенің,
Бауырларың қылтамақ боп жатқанда!

Бауырлармыз,
Жанымыз бір кемеде,
Мен ешкімге жүрген жоқпын сене де!
Лермонтов пен Пушкинді атқан жандарға
Абай деген,
Семей деген немене?!

Қайран далам,
Өр төсіне нұр тұнған,
Кырандайсың қанатыңнан қырқылған.
Мал өрісің,
Аң мен құсың жоқ болды,
Миллион гектар жырым-жырым жыртылған!

Кереку мен Қызылжар еді мақтаным,
Ұмыттық қой Ақмоланың аттарын.
Орысша боп адам түгіл қалаң да,
Байқайсың ба қайда бара жатқанын?

Окымаған биікте тұр бабамыз,
Оқыдық қой,
Неге саяз санамыз?
Асқынды ғой,
Асқынды ғой жарамыз,
Ей, бауырлар,
Қайда кетіп барамыз?

Асқар тауым,
Ақыл ойым, қорғаным,
Есінді жи,
Ешкімге жем болмағын.
Есіл ерлер, ертеңді де ойлаңдар,
Кімге керек бес күн жақсы болғаның?

Айтатұғын атты бүгін ақ таңдар,
Бәрін біреу береді деп жатпаңдар.
Бір қазақты үшке бөліп бүлінбей,
Кайран елім,
Бірлігінді сақтаңдар!

# ОРТАҒА ҚАЛА БОЛЫП ҰЛЫҢ КЕЛДІ

***1990 жылғы 13 қыркүйекте Никольск қаласына академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі берілді. Соған байланысты өткен салтанатты жиын осы арнаумен ашылған еді.***

Бұл өзі көптен күткен той болатын,
Той болса ағыл-тегіл жыр болатын.
Тойыңа жырдан шашу шашайын деп,
Алдыңа тағы шықты Шынболатың.

Атағы Алатаудан әрі асқандар,
Халқының хал-жайымен санасқандар.
Армысың, Қанышпенен бірге болып,
Іргесін бұл қаланың қаласқандар.

Армысың, кен қопарған батырларым,
Шахтаға бірге түскен жақындарым.
Намысын кеншілердің тасқа жанып,
Сендер деп жыр төгеді ақындарың.

Әрқашан «елім» дедім, «жерім» дедім,
«Елім» деп жыр төгуден ерінбедім.
Қуаныш құтты болсын, аға, жеңге,
Бақ тілеп бетін ашқан келіндерім!

Қуантып Арқадағы байтақ елді,
Алғысын ақсақалдар айта берді.
Жарқырап ақ маңдайы, алшаң басып,
Ортаңа Қаныштарың қайта келді.

Халқымның осы еді ғой аңсағаны,
Соғады Сарыарқаның таң самалы.
Әжелер ақ жарылып алғыс айтып,
Жастары «Сәтбаев» деп ән салады.

Алдымен айналайын тілің келді,
Одан соң «біссімиллә» деп дінің келді.
Әз Наурыз ұлы тойың қайта келіп,
Ал бүгін қала болып ұлың келді.

Бауырлар шетелдегі жақын болды,
Бауыржан жұлдыз тағып батыр болды.
Айналдым қайта туған заманымнан,
Бетбұрыс көп жағдайда мақұл болды.

Сондықтан шүкір делік, шүкір делік,
Өкініп өткен күнге түкірмелік.
Әлде де жырым-жырым жыртығың көп,
Ел болып сол жыртықты бүтінделік.

Уа, халқым, құтты болсын салтанатың!
Күн бүгін қызыл тілден бал таматын.
Еске алып кешегі мен бүгінгіні,
Сөз сөйлер топ ішінде арқалы ақын.

Қазына көрінгенге жем болмасын
Дейміз ғой тереземіз тең болғасын.
Сәт сапар тілейікші «Сәтбаевқа»,
Даңқы оның Ұлытаудан кем болмасын!

Іліпкей саясаттың шатағына,
Намысты ер «елім» демей жатады ма?
Қаланы одан әрі көркейтейік,
Қаныштың кір келтірмей атағына.

Жыршыға жаңылмайтын жағын берсін,
Сарқылмас өзен-суға ағын берсін.
Ал енді кейінгі ұрпақ, балаларға,
Әумин, Қаныш аға бағын берсін!

## ЖЕР АСТЫНАН РЕПОРТАЖ

Сан ғасырлар жер қойнында сақтаған,
Білімімен мол қазына тапты адам.
Бүгінгі сөз кенші жайлы, кен жайлы,
Тыңдаңыздар, репортаж шахтадан!

Бұл арада болмас күндіз, түн деген,
Қыс па, жаз ба – оны да ешкім білмеген.
Гүрілдеген алып желдеткіштерден,
Жанға жайлы самал соғар іргеден.

Оңайлықпен жер де кенін бермейді.
«Тастан мықты болсаң ғана кел» дейді.
Жер астында жай ойнатқан ерлерді
Көзбен көрмей сірә да ешкім сенбейді.

Маңдайына жеке шамы байланып,
Дулығалы батырларға айналып,
Кең лавада күлімдейді кеншілер,
Намыстары қара тасқа қайралып.

Әзілге де, қалжыңға да бай халық,
Қобыландыдай қолдарына найза алып,
Қара тасқа сүңгітеді сүңгісін,
Қауіп-қатер – бәрі былай жай қалып.

Толағай күш буырқанған, бұрсанған,
Нағыз ерлер мұздай темір құрсанған.
Тайсалмайтын небір қауіп-қатерден
Ер Төстіктер
Жер астында жол салған.

Сары мысты сығып алып сұр тастан,
Бұрғысымен жазып жатыр жыр-дастан.
Бір тәулікте мың тонна кен құлатып,
Бір-ақ жігіт тиеп жатыр тынбастан.

Төгіп жатқан секілденіп бидайды,
Зіл тастарды қиналмай-ақ жинайды.
Шақыр-шұқыр, тасыр-тұсыр,
О, ғажап,
Мына қимыл қиялыңа сыймайды.

Тонналаған жарылғышты аттырып,
Таудай тасты тақиядай лақтырып.
Соның бәрін селт етпестен атқарар,
Сом білектер алған әбден жаттығып.

Қалмау үшін қатардағы жарыстан,
Арыс ұлдар жаратылған намыстан.
Жеті қабат жердің астын тербетіп,
Бір қимылы мың қимылға ауысқан.

Жұмыс бітті.
Сүртіп мөлдір терлерін,
Есепке алып қаншама кен бергенін,
Бара жатыр шаршаса да күлімдеп,
Тастан мықты, тау қопарған ерлерім!

Қайласына қонақтаған құт қандай,
Қарап тұрмын еңбек сырын ұққандай.
Бара жатыр артық беріп жоспарын,
Жайраң қағып, театрдан шыққандай.

## «ТӨРТІНШІМ»

Қайран, менің «Төртіншім-ай», төрт қалаға бергісіз,
Екеуміздің тағдырымыз не болары белгісіз.
Көшелерің шаң мен тозаң, болса да адам көргісіз,
Саған деген махаббатым адам айтса сенгісіз.

Сен де менің жастық шағым, жиырма бесім, көркімсің,
Сағынышым, ән мен жырым, алаулаған өртімсің.
Махаббатым, шапағатым, той-думаным, базарым,
Алтын ұям, сайран мекен, қайран, менің «Төртіншім»!

«Төртіншіде» мекенжайым, оған ылғи кеп тұрам,
Барлығың да бауырымсың, қамдарыңды жеп тұрам.
Алматыдан ән салғанда теледидар арқылы,
«Төртіншінің» тұрғындары көрді ме екен деп тұрам.

Қайран, менің «Төртіншім-ай», бір кездері өрт едің,
Жалын едім алаулаған, мен де ол кезде ерке едім.
Аз ғана бір алдамшы өмір зулап өтіп барады,
Сенің-дағы, менің-дағы көрініп тұр ертеңім.

Астың – байлық, үңгіп қазып, алдық барлық өнімін,
Енді сені көшіреді, аз қалды дейді өмірің.
Тас қамалдай тастан қалап соққан үйлер кешегі
Құлап жатыр, соны көріп құлазиды көңілім.

Темір жолмен, трубалармен төрт жағыңды қоршаған,
Айналайын «Төртіншім-ай», не істей алам мен саған?

Ақпай қалған көз жасыңды кім көреді, шіркін-ай,
Арманымыз мол еді ғой, мол еді ғой аңсаған.

Жер жарылып, жерге айналып құлап жатыр жел жағың,
Соны көріп жүрегіме қадалғандай қанжарың.
Түн ұйқымды төртке бөліп, дөңбекшумен шығамын,
Бір күн түнде құлай ма деп, жел жақ емес, ел жағың.

Парижіңе дес бермейтін, қайран, менің ауылым,
Осы жерден тауып едім достарымның тәуірін.
Осы жерде қош айтыстық нелер жақсы-жайсаңмен,
Езіліп-ақ кеткен сонда менің титтей бауырым.

Ақ сақалды абзал жандар көп еді ғой бұрында,
Қайда кеткен қайран жандар, бірі қалмай ырымға?
Мәңгілікке көзін жұмып, ұрпағына бақ тілеп,
Желеп-жебеп жатыр бәрі «Төртіншімнің» қырында.

Қымбат маған Аймаханов, Алтынсарин көшесі,
Алшаң басып сенде жүрді-ау Шынболаттың шешесі.
Қайсыбірін айта берем, еске түссе сол күндер,
Бес баламмен толмай тұрар бір шешемнің есесі.

«Төртіншіден» үй соғу ед бір кезде елдің арманы,
Осы екен ғой, қарап тұрсам, дүниенің жалғаны.
Сақалы жоқ, мақамы көп, домбыра алып толғаған
Мен болыппын енді, міне, шалдарыңның қалғаны.

## ЖАҢА ЖЫЛҒА ТІЛЕК

***(Әзіл-шыны аралас)***

Кеше кенші, бүгін жыршы атандым,
Жас та жылжып, біраз жерге тақалды.
Жаңа жылда жай қолыңды, достарым,
Ақ жарылып мен берейін батамды.

Барлығыңның бастарында бақ болсын!
Уайым-қайғы білмейтін бір шақ болсын!
Қазағымның жоғалтқаны көп еді,
Қалған жерде ұрпағымыз сақ болсын!

Біз тілейік күн шуағын төксін деп,
Әрбір адам дәурен сүріп өтсін деп.
Аналардың қуанышты күлкіден
Езулері құлағына жетсін деп.

Ән салайық, бәрің бері келіңдер,
Жаңа жылда жаңа бақыт көріңдер.
Жеңгелердің жарқ-жұрқ етіп жанары,
Егіз ұлдан таба берсін келіндер.

Қайда барсаң күлімдеген дос тұрсын,
Ажырасқан армандарды қостырсын.
Милиция жұмыс таппай сандалып,
Айықтырғыш бөлмелері бос тұрсын.

Бұл Жаңа жыл бізді осылай тойлатсын,
Ден сау болып, құлын-тайдай ойнатсын.
Дәрігерлер ауру таппай емдейтін,
Егін егіп, қырға шығып, қой бақсын.

Ер жігітке жүз өнер де аз өнер,
Өнерлінің жүрегіне наз енер.
Бозбала боп, атқа мініп аталар,
Қыз күніне қайта келсін әжелер.

Кәне, достар, жарқылдаңдар, жаныңдар,
Бәрің бірден ғашық болып қалыңдар.
Осы айтқандар орындалсын деп тілеп,
Аққайнардан бір-бір тосты алыңдар!



**Қуаныш АХМЕТОВ**

1946 жылы Ақтөбе облысы Ырғыз ауданында туған. Алматы индустриалдық техникумын, Ленинград (Санкт-Петербург) политехникалық институтын бітірген. 1991 жылға дейін өз мамандығы бойынша Ленинградта, Алматыда, Жезқазғанда өндірісте басшылық қызметтер атқарған. 1991 жылдан республикалық баспасөзде қызмет істеген. Қазақстан Журналистер одағының С. Ерубаев атындағы сыйлығының, Кенесары хан атындағы республикалық сыйлықтың иегері. «Түркістанға – 1500 жыл» айдарымен өткен халықаралық әдеби конкурстың жүлдегері. Өндірістегі және шығармашылық жолындағы еңбегі үшін 1984 жылы «Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен марапатталған. Ұлытау және Ырғыз аудандарының Құрметті азаматы. 2008 жылы дүниеден өтті.

## ҰЛЫТАУ

Ауасы – дерттің дауасы,
Ұлытау деген тау осы.
Қазақтың осы – Адамы,
Қазақтың осы – Хауасы.

Кетбұғы төгіп отты өлең,
Көсегем мұнда көктеген.
Әмірлер, Ақсақ Темірлер
Бұл тауға соқпай өтпеген.

Шежіре-сырға қанық ек,
Едіге-жырға жанып ек.

Алаштың туын ең алғаш
Тіккен жер Керей, Жәнібек.

Жұлдыздың бөлек жарығы,
Ұл-қыздың ерек дарыны.
Тамсантқан Асан Қайғыны,
Аңсатқан Кенесарыны.

Тірліктің нұрын күткенде ел,
Бірліктің туын тіккен жер,
Қазаққа садақ кезенген
Талай жау тізе бүккен жер.

Төріне еркін төрлерсің,
Көгіне құстай көлберсің.
Бұл таудың қызын – қызыл гүл,
Жігітін – жойқын сел дерсің.

Елтідік ерке назына,
Ықылас-күйдің сазына.
Ғұлама Қаныш ақтарған
Қойнауы толы қазына.

Сақтаған ханның ордасын,
Баптаған қалжың жорғасын.
Жеңгейдің назы – қылыштай,
Ерлердің сөзі – қорғасын.

Жанға мұң шыңдар сеппейді,
Арманың мұнда көктейді.
Толағай сынды көтеріп
Кетер ем, құшақ жетпейді.

Ақталған жұрттың тірлігі,
Сақталған ұлттың бірлігі,
Қазаққа тұңғыш астана –
Даламның осы кіндігі.

Ұққанға тарих жетеді,
Жүректі тербеп кетеді.
Ұлтымның бұл тау ұясы,
Үш жүздің ортақ мекені.

# «КЕН ҚАЗҒАНДАРЫМ...»

***Ақын Жарасқан Әбдірашев пен атақты кенші Демберген Баймағанбетовтің забойдағы кездесуінен***

Жер астында оқып тұр ақын жырын,
Сүйеніп тұр бұрғыға батыр мығым.
Батыр бүгін сәл ғана тыныстап тұр,
Күмбірлетіп кеудесін жатыр бір үн:

«…Жезқазғандағы, Қаратаудағы,
Жаңатас сынды жаңа отаудағы
Алға озғандарым,
Кен қазғандарым…»

Жер астында қанатын қағады жыр,
Кенші жүзі шаттықтан жанады гүл.
Ақын менен батырдың табанына
Жақпар-жақпар тастардан тамады нұр.
Тебірентіп тұр ақынды жаңа бір жыр,
Тебірентіп тұр батырды жаңағы жыр.

Тоғысады шумақтар толқындары,
Бұрғылардың бұрала алқынғаны.
Жеті қат жер асты бұл,
Жетіп жатқан
Жер-Ана жүрегінің солқылдары.

Шаңырағында шахтаның өте биік,
Әуенді жыр қалықтап көтеріліп,
Жер астынан барады қанат қағып,
Аспан деген әлемге төте жүріп.

Тебірентіп тұр ақынды жаңа бір жыр,
Тебірентіп тұр батырды жаңағы жыр.
Ақын менен батырдың табанына
Жақпар-жақпар тастардан тамады нұр.

Әубәкірлер, Қазымқан, Дембергендер –
Кеншіліктің сыр-қырын меңгергендер.
Жеті қат жер астының батырлары,
Шабытына ақынның жел бергендер.

Жезқазғанды жайнатқан сіздерсіздер,
Қарсақбайды қайнатқан сіздерсіздер.
Сонау жылдар он оқтан тоғыз атып,
Зұлым жауды жайратқан сіздерсіздер.

Әубәкірлер, Қазымқан, Дембергендер –
Шабытына ақынның жел бергендер.
«Жезқазғандағы…
Алға озғандарым,
Кен қазғандарым…»

## ШАХТАДА

Өлкемізден өнеді түсті металл,
Түсті металл…
Жұлдыздай ұшқын атар
Көк тас мынау –
Мысым да, мырышым да…
Тас дегенің тулаған күшті ұнатар.

Төменің тас,
Төбең тас,
Тас маңайың,
Қобалжыма,
Жөн, досым, саспағаның.
Шахталарым тұрады тораптардан,
Даңғылдары секілді астананың.

Тораптарды асықпай аралағын,
Аралағын, мән беріп қара бәрін.
Кеншілердің сәулелі қимылынан
Арайланған сәулетті лаваларым.

Жәй сөз, досым, жер астын түнек деген,
Мекені бұл жүректің, білекпенен!
Оқпанында шахтаның ойқастап бір,
Зымырандай зулап көр клетпенен.

Асықпа, дос, шығар деп қырға мені,
Бұл да Отанның нұрлы аймақ, нұрлы әлемі!

Тамашала жайлауын кеншілердің,
Әлдилесін жаныңды бұрғы әуені.

Түпкірлерін түлеткен жер астының,
Тарлан жандар алмайды толас-тыным.
Сезінесің төгілген терлерінен
Кенші еңбегі шаттығын, жарастығын.

Төменің тас,
Төбең тас,
Тас маңайың,
Қобалжыма,
Жөн, досым, саспағаның.
Шахталарым тұрады тораптардан,
Даңғылдары секілді астананың.

## КЕҢГІР КЕШІНДЕ

Кеңгірдің асты кен бе екен?
Кеңгірдің беті сең бе екен?
Ай сәулесімен айдында
Ойнаған сұлу сен бе екен?

Алдыңда тұрмын, қарағым,
– Айдында жүзген ақбалық.
Шарпылып өртке барамын,
Секіруге тұрмын шақ қалып…

Секіруге тұрмын шақ қалып,
Сен ойнақ салған айдынға.
Жүректің жырын ақтарып
Кеткім-ақ кеп тұр алдыңда.

Жарқылдап жалын жанарың,
Жезқазғанымның жақұты.
Құралай көзді қарағым,
Қай жігіттің сен бақыты?

Шапқылап шыңнан жар салған
Ақ бұлақтардың ағыны.

Бір көрген жандар тамсанған
Жезқазғанымның лағылы.

Аумаған нұрлы таңдардан,
Қай жігіттің сен арманы?
Бір көрген жандар таң қалған
Жезқазғанымның маржаны.

Сен жүздің ойнап толқынмен,
Мен тұрмын сенен көз алмай.
Кетермін, қалқам, толқумен,
Өртенгенімді де сезе алмай...



**Садық АСАТОВ**

1933 жылы Ұлытау ауданында туған. 1956 жылы Қазақ тау-кен металлургия институтын үздік бітірді. №51 шахтада ауысым шебері, учаске бастығы, №44 шахтаның бастығы, Оңтүстік Жезқазған кенішінің бас инженері, Солтүстік, Батыс Жезқазған кеніштерінің директоры болды.

1975 жылы жаңадан ашылған Жәйрем кенішінің директоры болып тағайындалып, 1976 жылдан өмірінің соңына шейін Жәйрем тау-кен металлургия комбинатының директоры қызметін абыроймен атқарды. 1988 жылы қайтыс болды. Отан алдындағы еңбегі үшін «Октябрь революциясы», «Еңбек Қызыл Ту», «Халықтар достығы», «Құрмет белгісі» ордендерімен, бірнеше медальдармен марапатталды. КОКП XXVI съезінің делегаты, жергілікті Кеңестердің депутаты болды. Сәтбаев, Жезқазған қалаларының Құрметті азаматы. Жәйрем кентінде және Сәтбаев қаласында Садық Асатов есіміне көше атаулары берілген.

## ҚҰЛАГЕР БОЛЫП ҚҰЛАЙЫН

Терлейтін жерде терледім,
Өрлейтін жерде өрледім.
Ерлейтін жерде ерледім,
Өмір деген дауылмен
Айқасып жүріп білмедім
Елудің қалай келгенін!

Қадірсіз өткен күндерден,
Қабірсіз қалған лайым.

Мәстектей митың желгенше,
Құлагер болып құлайын.
Тобықтан қақсаң, тоғышар,
Толқын болып жуайын.
Етектен тартсаң төбет боп,
Дауыл болып қуайын.

Өмір сүрдім демеңдер,
Өзенің өрге ақпаса.
Дастарқаның жаюлы,
Достарың келіп жатпаса.
Азамат сөзі дәрменсіз,
Көпіріп сөйлеп даттаса.
Адасар жігіт өмірден,
Жүректің шамын жақпаса.

## ҚОС АҚҚУ

Қос аққу – айдын көлдің әупілдегі,
Неғылған сұлу еді, тартымды еді!
Ойнаса сусылдатып қанаттарын,
Ескендей Сарыарқаның салқын лебі.

Қос аққу – кермарал ма өрістегі?
Әлде бір хор қызыма пейіштегі?
Солқылдақ тал шыбықтай сұлу бейне,
Әкелер көз алдыңа періштені.

Қос аққу ән тербеткен көл бетінде,
Жылжыған тербетіліп су бетінде.
Жаралған сұлулықтың сиқырынан,
Келеді қарай бергің келбетіне!

Арқаның самал желі ескенінде,
Жастықтың еске түсер кештері де.
Құлазып арман қалар сағымданып,
Қос аққу жылы жаққа көшкенінде.

## СЕНІҢ НҰРЫҢ

Сенің лебің – Сарыарқа самалындай,
Аққу мойын, ақ мақта тамағың-ай!
Қара түнді қақ жарып, жарқ еткізген,
Шолпан жұлдыз секілді жанарың-ай!

Сенің нұрың – көлдегі алтын тастай,
Пәк жүрегің – көздегі мөлдір жастай.
Мәуесіне мен ғана қол созайын,
Құлпыра бер көктемгі алма ағаштай.

Тұра берші көгімде ай-күн болып,
Шалқи берші жүзетін айдын болып.
Өмірімнің ләззаты, шырынысың,
Уысымнан шықпашы, қайғым болып.

## МЕНІҢ ЫСТЫҚ ЖҮРЕГІМДІ ҚИНАДЫҢ

Аппақ қардай, тісің маржан, дидарың!
Бар мүшеңе сұлулықты жинадың.
Бал мінезің, нұр сәулетің үлбіреп,
Менің ыстық жүрегімді қинадың!

Жалғыз гүлсің, жарып шыққан шоқыға,
Әуеніңді ұқсатамын тотыға.
Ай білекті айқастырып мойныма,
Өрте, жаным, жүрегіңнің отына!

Кер даланың қырмызысы, бір жансың,
Салған әнді сағынғанда тыңдарсың.
Шөлде өскен бір бәйтерек мен болсам,
Тіліңді бер! Сусынымыз бір қансын!

Көзді жұмсам, көрінесің сағымдай,
Жүрегіңнен шыққан лебің жалындай!
Қыр мұрынды, ақ кірпігің елестеп,
Жарты сағат тұра алмадым сағынбай.

Кеткеніне көп күн болды мазаның,
Сағыныштың тартып келем азабын.

Қос анарың тулап жатса төсімде,
Одан артық қызығы не заманның?!

Мөлдір көзді тостағандай төңкеріп,
Қиғаш қасың ақ жүзіңді көмкеріп.
Ұлпа еріннің балын еміз, сәулешім,
Шәрбатынан мен жатайын өртеніп!

## АҚ ПЕЙІЛДІ ПЕРІШТЕ

Өткеніңде көз алдымда жайраңдап,
Тағдырыма отырамын қайран қап.
Тауға өрлесе мұқалмаған тұлпарым,
Махаббатта өкіндірді тайдан қап.

Асыл жаным, ақ пейілді періштем!
Қуаныш пен қасіретті бөліскен.
Жүрегіңнің маған деген талшығын
Шеңгел жыртып, уламасын теріскен.

Қос жүректің лүпілдерін ән қылып,
Қос еріннің шырындарын нәр қылып,
Көңіліңе күн сәулесін түсіріп
Көзім жұмсам, арманым жоқ мәңгілік!

## ҚАНДАЙ ЫСТЫҚ СЕЗІМ ДЕГЕН!

Япыр-ай, қалай ыстық сезім деген,
Неге ертерек бұл сезім сезілмеген?
Жақын тартып барасың күннен-күнге,
Көзқарасың, биязы сөзіңменен.

Әсем күлкі, ойнақы еркелегін,
Сандуғаштың сазындай көркем үнің.
Бір жалт етіп бота көз тұна қалды,
Сәулесіндей ойнаған ерке күннің.

Алаулатып қимылы кірпігіңнің,
Жыртып кетті жүректің бір түбірін.

Жанарыңның жарқылы өртке айналып,
Жеделдетті кеудемнен жыр тууын.

Қос анардың үстінде қызыл нүкте,
Ақ тауықтың қанындай тамған сүтке.
Айдындағы қос меңің әупілдектей,
Беріп тұр-ау нәзіктік ақша бетке.

Бұл құбылыс тартады ентелетіп,
Қандай нұрдан жартқан көркем етіп?
Ақ тамақтан аймалап, өбіп қойып,
Отырар ма еді бөбекше еркелетіп!

## ӨКІНБЕ

Шерменсізді құса қылған тағдыр-ай,
Түскен жерін отап өтер шалғыдай.
Сұлуды құш, сусындаңдар шараппен,
Бұл дүниеден өтем десең қалғымай.

Төбесінде жүрдім деме жотаның,
Шартарапқа шықты деме атағың.
Бұл дүниенің қызығынан құр қалма,
Ертең болар қараңғы көр жатағың.

Жазың өтіп, ызғары бар қыс келер,
Ішкен шарап, сүйген сұлу түске енер.
Тіршілікте сауық-сайран салып қал,
Көз жұмған соң құрт-құмырсқа тістелер.

Бұл дүниенің кезгенменен асқарын,
Көзің жұмсаң төңкерілер аспаның.
Сұлу құшып, шәрбатына қанып қал,
Оралмайды қайта айналып жас шағың.

Тау да құлар, сарқылады теңіз де,
Бұл өлімнен құтылу жоқ негізде.
Шарап іш те, жас сұлудың демін жұт,
Әттеген-ай, өттің дәурен дегізбе.

Өлмес пенде бұл жалғанда туған ба?
Өмір-түлкі жеткізбейді қуғанға.
Кепкен балық су іздемес, жігіттер,
Жастық шақтың қызығынан құр қалма.

Тәтті болса шекері не, балы не,
Әрбір адам қарау керек әліне.
Сұңқар болам, қыран болам демеңдер,
Мансап жағы жете бермес бәріңе.

Жас дәуреннің аунап қалғай көгіне,
Жетем деме мал-мүліктің шегіне.
Асыл жарың, алтын-күміс жиғаның,
Қанша айтсаң да, бірге кірмес көріңе.

Өтті көп жан қызығына тоя алмай,
Бақытты шақ бетке жаққан бояудай.
Бір жел тұрса төңірегің тұмандап,
Тыпырларсың түлкі ұстаған қояндай.

Бұл өмірдің анықтап бас өткелін,
Жалын болсаң, бірге жүрер көктемің.
Балық іздеп бәйтеректің басынан,
Білмей қалма фәни дүние өткенін.

Өмір өтер әлді, әлсіздер таласып,
Жеңер кімнің бойда тұрса бағы асып.
Асатовтың нақыл сөзін бетке ұстап,
Кемпіріңнен қалып жүрме адасып.



**Мұса ТІЛЕУОВ**

1948 жылы Ұлытау ауданы Шеңбер ауылында туған. Көптеген жылдар бойы Батыс және Оңтүстік Жезқазған кеніштерінде әртүрлі жауапты қызметтер атқарды. Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.

## САРҒАЙҒАН ЖАУЫНГЕР ХАТТАРЫ

Соғыстың сұрапыл аптабы
Алыстап, қанша таң атты әні.
Қолымда қан майдан ішінен
Жазылған жауынгер хаттары.

Шетінде қызыл қан дақтары,
Көк түтін, мүңкіген оқ-дәрі.
Ұштары үлбіреп қырқылған
Үшбұрыш жауынгер хаттары.

Қанша жыл сарғайып жатқалы,
Қанша сыр ішіне сақтады.
Оқимын әр сөзін, әр жолын,
Қалдырмай қайталап хаттағы.

Әуелі сағыныш сәлемі,
Әр сөзі шынайы, әдемі.
Елітіп барады жанымды
От кешкен жауынгер әлемі:

«Жіберіп алыппын аптаны,
Қу соғыс қол байлап жатқаны.
Аман ба ауыл-үй, туыстар,
Қалың ел, ағайын арттағы?
Мал басы бүтін бе, қыс қалай?
Түсті ме Арқаның ақ қары?
Жақсы ма әкемнің құяңы,
Қарандыз тұндырып жаққалы?
Тәй басып жүрді ме кішкене ұл,
Апамның сүткенже аппағы?
Мен де сәл қолымнан оқ тиіп,
Жақсымын, бір Құдай сақтады.
Жеңіс күн жақындап қалды ғой,
Туады қауышар шақ та әлі!»

Құрыштай көңіл нық, сенім де,
Қуат тұр жауынгер сөзінде.
Үш тұрдым өрекпіп орнымнан,
Бойыма күш бітіп менің де.

Жүректің шертілген тәтті әні,
Табылды мына бір хат тағы.
Қиялмен табысып ғашықтар,
Сезімін жеткізген шақтағы:

«Айым-ау, сертіңе сенемін,
Нұр құйдың жаныма сен менің.
Біргеміз біз енді мәңгілік,
Күт мені, күт, айым, келемін!»

Сол күндер сұрапыл өткелі,
Қанша жыл жаңарды, көктеді.
Қырқылған желектер қайта өсіп,
Қыр асты не заман төкпелі.

Алаштың атқанда ақ таңы,
Тұрғандай боздақтар сапта әлі.
Отырмын солармен сырласып,
Қолымда сарғайған хаттары…

## АҚЫНДАР БАҚЖОЛЫ

***2016 жылы Тәуелсіздіктің 25 жылдығы қарсаңында Сәтбаев қаласында Ақындар аллеясы ашылды***

Жырлаған бақыты мен қуанышын,
Бұл қала ақындардың тұрағы шын.
Өрілген өлеңінде Асатовтың,
Төгілген қаламында Қуаныштың.

Қондырып өресіне өз биігін,
Зерлеген Жақсыкелді «Жезкиігін».
Жырына Кәкімбектің шырай берген,
Қадаса қала ішіне көз қиығын.

Сайратып сахнада бұлбұл үнін,
Шыңдаған Шынболаттай дүлдүл ұлын.
Ұясы құрыш қанат қырандардың,
Куәсі береке мен бірлігімнің.

Азат таң алтын арай нұрын төккен,
Әр күнін ару қала дүбірлеткен.
Көшенің дәл мына бір қиылысында,
Тұра қап Аманғали жырын төккен.

Бүгін де шалқып-тасып жатыр әнім,
Куә бол қуанышқа, халқым, бәрің.
Көркіңнен айналайын, Кенші қалам,
Көтерді аспанына ақындарын.

## ЖӘЙРЕМ ДЕСЕ...

***(Садық Асатовқа)***

Жанарлары жалын сеуіп, ұшқындап,
Тұла бойы тұнып тұрған күш-қуат.
«Жәйремді біз жайнатамыз» деуші еді,
Садық аға екі қолын ысқылап.

Жәйрем десе алабөтен нұрланып,
Құрылыс жаққа қайтушы еді бір барып.

Көркін көріп салып жатқан көшенің,
Көмейінен кететұғын жыр тамып.

Жанын тербеп қайнап жатқан тіршілік,
Жәйрем десе кетуші еді құлшынып.
Жас қаланың бақытына масайрап,
Қуанатын желек жайса бір шыбық.

Жәйрем, Жәйрем!
Жәйрем еді арманы,
Ғұмырының бар қызығы, бар мәні.
Тұтанды да найзағайдай жарқ етіп,
Қайран өмір өте шықты арналы.

Жасын жырлар жалын шашып ғаламға,
Аманат боп тарап кетті ғаламға.
Оты өшпейді қазыналы Жәйремнің,
Сен тірісің халқың барда, жан Аға!

## ЖАНАРЫҢНЫҢ ЖАРҚЫЛЫ

Жанарыңның жарқылын-ай, жарқылын,
Жарқылына жаным елтіп балқыдым.
Зарықтырып сені маған осылай,
Жолықтырған тағдырыма тәнтімін.

Жарық ғалам, куә соған ашық күн,
Жеткізуге жан сырымды асықтым.
Неткен бақыт, неткен ғажап сезім бұл,
Мен ғашықпын, ғашықпын!..

Жырым өзің, айтарым сен ән қылып,
Сені көрсем, тамсанады таң күліп.
Таң нұрымсың, тағдырымсың сен менің,
Саған деген махаббатым мәңгілік.

Жанарыңның жарқылын-ай, жарқылын,
Жарқылына жаным елтіп балқыдым.
Сағындырып сені маған осылай,
Табыстырған тағдырыма тәнтімін.

# АРДАКҮРЕҢ

***(Ақын Ғалым Жайлыбайға)***

Мақтан бүгін, ағайын, мақтана бер,
Той жасайды қуанса ақпанда да ел.
Ақыныңнан аяма құрметіңді,
Біргебайдың жүйрігін баптаған ел!

Суырылып жебедей алға кілең,
Аламанның алдына барған ұл ең.
Алпыс деген алапқа келіп қапты
Аймаңдайы қазақтың – Ардакүрең.

Құлагердің кешегі жалғар ізін,
Қуанамыз сәйгүлік барға бүгін.
Ақын інім құт көріп, қазағының
Алға сүйреп барады арда жырын.

Осы шығар ақынның дара шағы,
Бір өлеңнен бір өлең әрі асады.
Ғалеке, өзің шыққан сол биіктер
Ақынға алпыстағы жарасады.



**Мәуия БЕКМАҒАНБЕТОВА**

1950 жылы Ұлытау ауданы Айыртау ауылында туған. 1988 жылы Жезқазған пединститутын бітірген. Көптеген жылдар Жезқазған мәдени-ағарту училищесінде ұстаздық етті. 1998-2000 жылдары «Байқоңыр» кинотеатрында, 2000-2011 жылдары Сәтбаев қалалық Оқушылар сарайында директор болды. Қазіргі кезде қалалық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы, «Қазақстан Конституциясына – 10 жыл» және «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» медальдарының иегері.

## ҰЛЫТАУ

Өзіңсің ғой, Ұлытауым, ұлылықтың бесігі,
Айқара ашқан түркі дүние есігін.
Білгің келсе тарихтың сан сырын,
Ұлытаудан басталады түркілердің есімі.

Мақтанышым, Ұлытауым, өзіңсің,
Көне тарих куәсісің, көзісің.
Домбыраның күйісің сен төгілген,
Жыраулардың шежірелі сөзісің.

«Ұлы» атандың, қарт Ұлытау, сондықтан,
Жан болсаңыз қасиетті сөз ұққан.
Қара шаңырақ қазығы өзің, Ұлытау,
Ұрпағың да ұлылықты пір тұтқан.

Бүкіл қазақ Ұлытауды біледі,
Ұлылыққа әркім тағзым етеді.

«Туын тігіп, басын қосқан үш жүздің
Қарт Ұлытау – шежірем» деп келеді.

Сарыарқаның кіндігісің, Ұлытау,
Елдігімнің тұғырысың, Ұлытау.
Бөрілі байрақ намысыңды құлатпай,
Тәуелсіздік туын тіккен Ұлытау.

Едігедей биік жатыр биікте,
Төле би, Қазыбек, Әйтеке ұран бірлікте.
Алтыбақан алауыздық болдырмай,
Ынтымақ, достық паш етілсін тірлікте.

Асан баба желмаясын желдірген,
Асып жеткен жазира дала, белдерден.
Мәңгілікке тау басында тыныстап,
Жер ортасы Көктөбеде деп білдірген.

Скиф болып, сақ, оғыз боп, ғұн болып,
Тойлаған кең далама үн толып.
Дешті Қыпшақ еркін сайран салыпты,
Ат ойнатып Азау теңіз, Көк теңізге барыпты.

Шыңғысты да көрді жұртым шулатқан,
Жошыны да көрді елім жан-жүрегін улатқан.
Ақсақ Темір, ол да ат басын Ұлытауға кеп тіреп,
Бір-бір тастан белгі етіп әскеріне жинатқан.

Атын жазып, жылын жазып, құлпытасқа қалдырған,
Қаныш тапқан бұл белгіні Эрмитажға алдырған.
Міне, солай небір жандар тағзым етіп бұл тауға,
Баурайында аунап-қунап, тұлпарларын шалдырған.

Едіге тау ерлігіңді паш еткендей болады,
Тарихыңмен тілдескенде жанарға жас толады.
Бәріне де төтеп берген Ұлытауым, ұлысың,
Ақындардың, Ұлытау, таусылмайтын жырысың.

Әулиенің жатқан жері шыңның шынар басында,
Жатыр екен жиырма батыр Әулиенің қасында.
Ұлытауын, елін, жерін бастырмаған жауына,
Қарауылдай жатыр олар тосқауыл боп тасында.

Ал «Үңгір» ше?
Ол туралы ел ішінде аңыз көп,
Осынау аңыз шынында кеп тұрғандай соған дөп.
Жау келгенде ел шетіне көпті көрген бабалар
Жасырыпты аруларын, байлықтарын мұнда кеп.

Арамзалар сол байлықты аршып алмақ болыпты,
Құдіретті бір тылсым күш тастан сапты құлыпты.
«Еркіндік күн туған кезде аршып алсын ұрпағым»
Деген сөздер аманат боп кейінгіге қалыпты.

Бабалардың аңсағаны – еркіндіктің елінде,
Бабалардың аңсағаны – Тәуелсіздік күні де.
Ұрпақтары жалғастырған ұлылықтың көшін бұл,
Ұлылығын Ұлытаудың әлем бүгін білсін де.

## ТУҒАН ЖЕР

Барлық қазақ Ұлытауды біледі,
Ұлылыққа әркім тағзым етеді.
«Туын тігіп, басын қосқан үш жүздің
Қарт Ұлытау – шежірем» деп өтеді.

Киелі осынау топырағынан жаралған,
Қызың едім құнарыңнан нәр алған.
Шыңда өскен шынардайын шынығып,
Жетелеген биіктерге нұрлы арман.

Туған жерге жылда құстай ұшамын,
Бауырым төсеп көк майсаңды құшамын.
Тасбұлақтың тас емшегі игенде,
Сусынымды шөліркеген басамын.

Ақ сүтінен нәр алғандай анамның,
Тұла бойда тулап өтті бұлағың.
Аққайыңы жеттің бе деп аймалап,
Самал желі өпті мені даламның.

О, Құдірет, бұл керемет, бұл ғажап,
Туған жерге сағыныш та шын азап.

Жұпар иіс ауасынан жұтқанда,
Түлегендей жан дүниең нұр жайнап.

Шежіресін шертіп тұрған әр тасың,
Иілмеген, Ұлытауым, өр басың.
Сан ғасырдың тылсым сыры өзіңде,
Қасиет тұтам Ұлытаудың әр тасын.

## ҚЫЗ ҚЫЗҒАЛДАҚ – ОН СЕГІЗ

Он сегізде қыздардың бәрі әдемі,
Қырқадағы қызғалдақ гүлі әдемі.
Инабатты, ибалы, пәктікпенен
Көңіліңді көркейтер қыз әдебі.

Білім алып, ұстаздан тәрбиелі,
Мектебінен ұшады ол киелі.
Көк кептерін самғатып қиялының,
Қонарына қияға ол дәмелі.

Пай, пай, шіркін, он сегіз алабұртқан!
Сезім нәзік, ой таза ала бұлттан.
Нұрландырған күлімдеп күндей болып,
Жайсын құшақ махаббат адалдықтан.

Үзілмесін, қыз көктем, қызғалдағың,
Он сегізде жайнайды жасыл бағың.
Махаббаттың символы өздерің ғой,
Желбіресін жығылмай пәк туларың.

## КЕҢГІРІМ

Кеңгірім қандай керілген,
Тұңғиық тұнық ірімімен.
Жағаңа барып сырлассам,
Тереңнен ойым терілген.

Су беті тұнған лала гүл,
Қыз жанында ал үңіл.

Жүзейін еркін қойнында,
Мойныңа алқа боп тізіл.

Тулаған асау балықтар
Су түбінде қалықтар.
Жарыса жүзіп сендермен,
Қыз арманы шарықтар.

Жағалай өскен жарысып,
Қоғалы қамыс майысып.
Борығын тартып балалар,
Тереңге сүңгіп барысып.

Бозбала көркем ырғалған,
Су беті әсем нұрланған.
Боз талдар қандай, боз талдар,
Сәулесі ойнап сырғаңнан.

Тобылғың жұпар аңқыған,
Тобылғы сезім балқыған.
Кеңгірім, сенің құдіретің
Өлең боп мені наз қылған.



**Яхия АСАТОВ**

1939 жылы Ұлытау ауданы Кішітау баурайындағы Сәдір ата елді мекенінде туған. Алматы политехникалық институтын бітірген. 1966-1985 жылдары Оңтүстік кенішінде участке бастығы, бас энергетик, кәсіподақ ұйымының төрағасы, 1985-1991 жылдары Жезқазған тау-кен металлургия комбинаты бас энергетигінің орынбасары, «Казэнергоцветмет» басқармасында басқарушы, «Никольстройтрест» басқарушысы қызметтерінде болды. 2000 жылдан қазірге шейін «Электр жабдықтарына сервистік қызмет көрсету» басқармасында еңбек етуде.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген энергетик, Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы. «Қазақмыс» корпорациясының «Құрметті еңбек ардагері».

## ЕҢБЕГІҢІЗ ЕШ БОЛМАЙ...

***(Қаныш Сәтбаевпен сырласу)***

Жер қойнауын дұрыстап
Зерттегенде саспадың.
Мәскеуден алып рұқсат,
Жезқазғанды бастадың.

Жезқазған мен Қарсақбай,
Байқоңыр, Ақтас зерттедің.
Барлық жерден кен тауып,
Ұлытауға беттедің.

Чиатурия, Никополь
Жау қолында қалғанда,
Жезділен алып марганец,
Елімді жаудан сақтадың.

Еңбегіңіз еш болмай,
Академия басқардың.
Ғаламшардан бір жұлдыз
Әлемнің жүзді аспанын.

Менделеев кестесінде
«Сатпаевит» табамын.
Кеншілердің есінде
Үйретіп кеткен сабағың.

Жарқырап жанған еңбегі
Құсайынов, Кентаев,
Дембергеn, Ғазиз сияқты
Еңбектің болсын ерлері!

Компания «Қазақмыс»
Әкеле берсін мол табыс.
Еңбекші біткен аман боп,
Көркейе берсін қаламыз!

## ҚАРСАҚБАЙ

Жауға атқан он оқтың
Тоғызын берген Қарсақбай!
Ашаршылық жылдарда
Жан сақтаған Қарсақбай!

Мыс бұлағын ағызып,
Ырыс болған Қарсақбай!
Қазаққа таңсық кәсіптен
Жұмыс болған Қарсақбай!

Қос тұрбаның түтіні
Көкке өрлеген Қарсақбай!
Қиындыққа қаншама
Дес бермеген Қарсақбай!

Жасай берсін мәңгілік
Қарашаңырақ Қарсақбай!

## БІЗ ҚАЛДЫҚ...

***(Кәкімбек Салықовтың рухына)***

Дауылы табиғаттың неткен күшті,
Бір шыңы Көкшетаудың құлап түсті.
Мүлгіді қарт Ұлытау бас көтермей,
Аялап жаутаң қаққан Жезкиікті.

Аһ ұрып, тебіренді дархан далам,
Көне алмай қасіретке басқа салған.
Қимайтын алып кетті-ау ағамызды,
Біз қалдық орнағандай ақырзаман.

Қайыңның тітіркеніп бұтақтары,
Мөлдіреп көз жасындай бұлақтары.
Аққу-қаз қиқу салып ұшып кетті-ау,
Бас иді айдын көлдің құрақтары.

Жан аға, қалай қидың кең даланды,
Орнатқан өз қолыңмен қос қаланды?
Көздері жаудыраған Жезкиікті,
Табынған талантыңа барша жанды?

## ҚЫЗЫМ ИНДИРАНЫ ЕСКЕ АЛУ

Мөлдір еді кіршіксіз
Әр адамға көңілің.
Сыйлаушы едің қуаныш,
Аздау болды-ау өмірің.

«Тәнің таза болсын» деп,
Сен туғанда, асылым,
Шомылатын суды да
Кішітаудан тасыдым.

Сыңғыр да сылдыр дауысың
Таудан аққан бұлақтай.
Билеуші едің майысып,
Көлге біткен құрақтай.

Көңілімнің әні едің,
Отырыстың сәні едің.
Жабысқанын қарашы
Ажал деген пәленің.

Сағыныш естен кетпейді,
Көзімнің жасы кеппейді.
Бұл өмірде мен үшін
Саған адам жетпейді.

Жайнап бір жүрген жан едің,
Жете алмай кеттің мұратқа.
Бір төмпешік болыпсың
Қызғалдақ терген қыратта.

Жатырмысың, қызым-ау,
Қызғалдақ гүлмен сырласып?
Көктемде гүлдер шыққанда,
Бұрылып келер бір ғашық…

Көңілім менің шерменде,
Қоштаспай кеттің елмен де.
Гүлдерге барып тұрармыз,
Көгілдір көктем келгенде.
Сәлемің сенің бар шығар
Шығатын әсем гүлдерде…

Мөлшері үлкен қайғының,
Алтыным едің, ай-күнім.
Төңкерілді бәрі де:
Жер аспанға ұшқандай,
Аспан жерге түскендей,
Не болады қай күнім?

Достарыңа қарасам,
Жүргендейсің күлімдеп.
Енді кімге айтамын
«Айым менен күнім» деп?

Айнымаған мүсіндей,
Еш нәрсеге түсінбей…
Диярың жүр мұңайып,
Өңі менен түсіндей.

Жадырап жүрген анасы
Дүниеден өтіпті.
Сағынып іздеп келгенде,
Топырақ болып кетіпті.

Жезқазғанның қаласы,
Жер астында анасы.
Сағынған туған анасын
Диярға бір қарашы.

Кіп-кішкентай жүрегі
Елжірейді езіліп.
Көзінен жасы мөлдіреп,
Күйзеледі егіліп.

Қатаймаған санасы,
Сарыауыз қыран баласы.
Өксігенін көргенде,
Шыдамас адам баласы.

Сағындық біз де өзіңді,
Мерейлі мөлдір көзіңді.
Қасірет оты өртейді,
Болғанменен төзімді.

## ҚҰЛПЫРА БЕР, ЖАС ҚАЛАМ!

Жас келінім келіп тұр,
Неткеп ғажап әдемі!
Тап-тамаша сүйкімді,
Модельдердің моделі.

Көзқарасы тамаша,
Киген киім жаңаша.
Салғандай үріп ауызға,
Қуанамын балаша!

Ерінбеңіз, көріңіз,
Қандай әсем көрініс.
Жақындашы, таяншы,
Тұмаржаным – Томирис!

Бір міні жоқ бойында,
Еш жамандық ойында.
Ән салайық, би билеп,
Осы сенің тойыңда!

Қуанамын, шаттанам,
Келініммен мақтанам.
Тап осындай жастармен
Құлпыра бер, жас қалам!



**Тілеген МҰХАМЕТАЛИН**

1953 жылы Ақтөбе облысында туған. 1989 жылдан өмірінің соңына дейін Сәтбаев қалалық ауруханасында дәрігер болып еңбек етті. 2001 жылы қайтыс болды.

## МЕН СЕНІ САҒЫНАМЫН

Сағынамын сапарға шықсам тегі,
Сағынамын сарғая бір тек сені.
Өңімде естен шықпайсың, түнде түстен,
Жайлап алды сағыныш жыр кеудемді.

Білдім бе, әке, кезінде білмедім бе?
Ерке еді ғой сен барда күндерім де.
Сағыныштың тұлпарынerттеп мініп,
Сар далада өзіңді іздедім бе?

Күлімдеп тұр төрімде суретің де,
Әр таң сайын бас ием құрметіңе.
«Кім болсаң да, әйтеуір, тірі бол» деп
Айтқан сөзің әлі де тұр есімде.

Сағынамын есейіп кетсем де өзім,
Дәл өзіңдей мен де әке болған кезім.
Жүрегімде жатталды мәңгілікке
«Адам болсаң, адал бол» деген сөзің.

Сағынамын сапарға шықсам тегі,
Сағынамын сарғая бір тек сені.

Тірлігімде тұрасың жүрегімде,
Жайлап алды сағыныш жыр кеудемді.

## МЕДЕТ

Медетжан, айналайын ұлым менің!
Өмірде жарқыраған күнім менің.
Аман жүр, бақытты елдің еркетайы,
Қуансын бүкіл қазақ, қауым елің.

Ержетіп, еркін өсіп келесің бе?
Өмірдің жәй емесін білесің бе?
Табиғат көрік берген, қуат берген,
Көкірек қуанышқа кенелсін де.

Ұлым, өс, еліңді сүй, туған жерді,
Аруақты аталарың жүрген жерді.
Сүйіп өс, керек болса жаныңды қи,
Қазақтың жыламасын қара көзі.

## БАЛҚАДИША – БАЛҚАШ

Ән есті айдын тербеп «Балқадиша»,
Біз де таң, көл Балқаш та таң-тамаша.
Жағадан жанға жайлы леп еседі,
Жаныңды жадыратып жас балаша.

Көл айдын, көздің нұрын тартасың-ау,
Ақ қайраң жағандағы жартасың – тау.
Балығы тайдай тулап көл тербейді,
Балқашым, Балқадиша, қалқашым-ау.



**Өмірбек САРТОВ**

1941 жылы туған. Еңбек жолын «Петро-Орталық» шахтасында экскаватор машинисі болудан бастаған. 1966 жылы Қазақ мемлекеттік политехникалық институтын тәмамдаған. Оңтүстік Жезқазған кенішінде тау-кен шебері, бөлім бастығы, бас инженер қызметтерін атқарды. Қазір еңбек демалысында.

* * *

Боз дала, боз жусанды, күрең белім,
Кенді өлкем, киелі төр, туған жерім.
Кен байлығын шалқытса кенді өңірдің,
Тау тұлға кеншілерім төккен терін.

Боздаған боз далада тұрған жүдеп,
Қан жүрді, кенді өңірге қайта түлеп.
Қаныштың «мыс қазаны» сөнбеу үшін
Ел сыйлаған Елбасы болды тірек.

Думанды кенді аймақта мереке, той,
Бірлікті елде дәйім береке ғой.
Арттырған кен байлығын кенді өңірдің,
«Қазақмыс» қара нардың өзі екен ғой!

## БАТЫР АҒА

***(Социалистік Еңбек Ері
Дембрген Баймағанбетовке)***

Жүрсең де елден жырақ шеттемедің,
Ұлындай Ұлытаудың көктеп едің.
Өмірдің қиын-қыстау өткелінен
Арманың алға сүйреп өткен едің.

Тағдырдың кермек дәмін таңдайыңнан
Кетірген Елім сипап маңдайыңнан.
Өзіңді Құдай қосып апамызға,
Өмірдің татып едің балдайынан.

Кенді өлкем – құтты қоныс, бақ тұрағың,
Түлеткен тояттатып жас қыранын.
Кен қазып, тау қопарсаң жарты ғасыр,
Кеудеңде жарқырайды шамшырағың.

Демберген, батыр аға, біртуарым,
Арнадым шын жүректен жыр шумағын.
Сеңгірін сексеніңнің құттықтап тұр,
Айқара ашып тастап Ел құшағын!

Есінде Елдің, қайралып өсіп, ержеттің,
Тас түйін болып, тереңге бұрғы көлбеттің.
Еңбектің ерен көрсете жүріп үлгісін,
Телегей-теңіз, ағызып кенді селдеттің!

Жемісі дер ем Оңтүстік кеніш – киелім,
Рүстем, Садық, Қайролла салған жүйенің.
Үш батыр шыққан кеніштің даңқын асырып,
Амандықпенен көзқуанышы боп жүр көптің!

## ҰЛЫМНАН ҚАЛҒАН МОНШАҒЫМ

Сары уайым, сарша мұң
Өзекті өртеп, шаршадым.
Шайдай ашық аспаны,
Шуақты күнді аңсадым.

«Сымбат пен сәнін» құттықтап
Келіп тұрмын Айконың!
Балдай болып, бал шағың,
Келмеске кетсін, қалса мұң.
Сымбат пен сәнін келтіріп,
Алғысын алшы баршаның.
Тіл-көзден Құдай сақтасын,
Ұлымнан қалған моншағым!
Мүшелге шығар жақынсың,
Түсінер сөзді ақылсың.
Мұңайып тұрып қуансам,
Өмірде бағың ашылсын!
Гүл болып менің жырларым,
Жолыңа сенің шашылсын!

Алмасып ұрпақ жалғасар,
«Тұяғын аттың тай басар».
Желқайық мына заманға
Әрқалай әркім жармасар.
Бар шығар жерің, Назымжан,
Жалғыздық қинап аңырған,
Жағдайың болмай сабылған.
Жағаға шығып қалмадың,
Ағысы қатты ағыннан.
«Жалғыздың жары бір Құдай»,
Жеткізсін тойға сағынған!
Қуанғанға не жетсін,
Куанарың бар болып.
Қуанарым – Аяна,
Арманыңа жете бер,
Жаратқаным жар болып!

## ҰЛЫТАУДЫҢ ҰЛЫ

***(Қуаныш Ахметовтің рухына)***

Ұлытаудан түлеп ұшқан ақиығым,
Ырғызың – кіндік кескен жерұйығың.
«Қос арна» – ақындық пен кеншілігің,
Тұрғызған кенді өңірге өз биігің.

Сабырлы, салмақты едің үлкендердей,
Байқатып тал бойыңнан үлкен деңгей.
Ержеттің тумасаң да туғандай боп,
Намысын кенді өңірдің қолдан бермей.

Азамат ар-ұжданы жетектеген,
Аяғын басқан емес есеппенен.
Ұлытау – кенді өңірім Қуанышты
Жанашыр бір ұлым деп есептеген!

Жетеді мұны айтуға батылдығым,
Кенші едім, белгісіздеу ақындығым.
Кен қаздық тау қопарып бір кеніште,
Өзіңе ширек ғасыр жақындығым.

Иә, сол Батыр-ақын ортамызда,
Көрінген басқа арнадан баршамызға.
Шаң басқан архивтерден тірілтті ғой
Айналған Бабаларды аты аңызға!

Ажалға қарсы тұрар шараң болмас,
Қазаға ұшырадық орны толмас.
Жалғанын дүниенің сезінгенмен,
Жоқ деуге Қуанышты аузым бармас.

Ұмытпас Кенді өңірім, Сарша далам,
Жоқтайтын жандай еді барша ғалам.
Көгінде Ұлытаудың жарқыраған,
Арман жоқ, Қуаныштай болса балаң!

Лайық құрметтілер атағына,
Елемей есіл ерді жатамыз ба?!
Кенді өлке Ұлытауды ұлықтаумен,
Тірісінде айналған аты аңызға!



**Зейнеп ӘБІЛБЕКОВА**

1937 жылы Талдықорған облысы Бөрлітөбе ауылында туған. Еңбек жолын 1957 жылы Жезқазған кен басқармасына қарасты №42 шахтада кен көтеру машинисінің үйренушісі болып бастады. 1961 жылдан құрметті демалысқа шыққанға дейін Жезказған кен-металлургия комбинатына қарасты №42, 55, 57, 15 шахталарда кен көтеру қондырғысының машинисі болып еңбек етті. Халық депутаттары қалалық және облыстық Кеңестерінің депутаттығына сайланды. «Құрмет белгісі» орденінің иегері. КОКП XXVI съезінің делегаты болды. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.

## МЕНІҢ ҚАТАРЛАСТАРЫМ

***(8 наурыз мерекесіндегі ой-толғау)***

Тіршіліктің бақыты үшін жаралдың,
Кең даланың топырағынан нәр алдың.
Селтеңдеумен бос өткен жоқ уақытың,
Заманыңның кірпіші боп қаландың.

Белді буып қиын іске аттандың,
Жасқаншақтың шешіп тастап шапанын.
Әкелер мен ағаларша күрестің,
Көру үшін арайлы таң шапағын.

Шахталарда қолға қайла алғансың,
Соғыс болса, соғысқа да барғансың.
Гүл-жаныңды құрбан етіп ел үшін,
Батыр деген атқа да ие болғансың.

Жер қаздырса, сен де жерді қазғансың,
Қойды бағып, сиырды да сауғансың.
Ыстық, суық-аяздармен белдесіп,
Көк тіреген зәулім үй де салғансың.

Трактормен жерге түрен салғансың,
Еңбекпенен еселенген әр таңың.
Еңбекте ер, үйде жар боп сүйікті,
Бала өсіріп орындалған арманың.

Ұстасаң да сабын балта, балғаның,
Кеміген жоқ одан сенің талғамың.
Не істесең де махаббатың жалындап,
Бағалаған құрметпенен жан-жағың.

Ата-баба бойға сіңген қаны бар,
Жүрегіңде Қыз Жібектің әні бар.
Байтақ дала, кең төсінде өр бол деп
Тағдырыңның саған жазған заңы бар.

Ережемен ой шектеліп қалған жоқ,
Жалындаған жүрегіңде арман көп.
Ошақ қасы, оттың басын ойлап тек,
Бар мақсатың дүние боп қалған жоқ.

Ағыл-тегіл сезімің бар атылар,
Қалам алсаң, жырларың бар жазылар.
Бой балқытып, би билесең бұралып,
Домбыра алсаң, өн мен күйің тағы бар.

Шертпе күйден ләззат алсаң сусындап,
Төкпе күйге би биледің былқылдап.
Шетелдің де тамашалап өнерін,
Құйып жаттың көкірекке там-тұмдап.

Қыз-келіншек, биік сенің байрағың,
Ырза шығар саған алтын аймағың.
Шаңы шыққан қызыл топырақ, көк тастың
Қалқығансың қасық батпас қаймағын!

Кенді өлке, алтын бесік жөргегің,
Қаныш аға салып кеткен өрнегін.

Білек түріп араластың дүбірге,
Еш кеткен жоқ елің үшін еңбегің.

Міне, осындай сен қазақтың қызысың,
Ақындардың жүрегінде жырысың.
Еңбекпенен келген бақыт баянды,
Қарапайым көп адамның бірісің.

Құтты болсын мейрамыңыз, арулар!
Махаббатпен таңды қарсы алыңдар.
Тыныш өмір, ашық аспан астында
Әр күніңнен бақыт, рахат табыңдар!

## МӘҢГІ ТАҒЗЫМ

***(Ұлы Отан соғысында қаза тапқан Әбдіғами Әбілбеков пен Базарбай Баймановтың рухтарына)***

Сұм фашистің аш араны ашылып,
Өз ұясы өзіне етіп таршылық,
Жанталасып күншығысқа қол созды,
Алу үшін біздің елді жалшы ғып.

Ойламады болар-ау деп қарсылық,
Екі аттасам қалар деді жаншылып.
Берілмейтін ерлер барын білмеді,
Күресетін кеткенінше жан шығып.

Өрт күйікке кім қалмады шарпылып?
Кәрі-жасы аналардың аһ ұрып,
Асыл арды қара ниет арамза
Лайлады қара судай сапырып.

Фашизмнің айуандығы асқынып,
Қоңырсытты таза ауаны саф тұнық.
Бейбіт елдің кәрі-жасын жалмаған,
Меңірейді крематорий – тас тұлып.

Ашылмаған көкөрімдер бүршігі,
Махаббаттың ертеңі үшін құлшынып.

Арман толы жүректерді құшақтап,
Жер-Ана да күңіренді күрсініп.

Тамағына ащы өксік іркіліп,
Құлазыған сыңар көңіл жыртылып.
Жарты дене домаланған келсе деп,
Келіншектер қиялдады түн тұрып.

Жетімдердің үндерінен мұң шығып,
Дауыс шықса денелері түршігіп.
Қарақағаз аңыратып ананы,
Осқылады жүректерге біз сұғып.

Батыс пенен Шығысқа екі бөлініп,
Бір үйлі жан қабырғасы сөгіліп.
Сәбиінің бақыты үшін әкелер
Қала берді қызғалдақ боп егіліп.

Отан үшін құрбандыққа бас тігіп,
Ұлы Жеңіс жолында бір сап құрып.
Алуан ұлт қол ұстасып айқасты,
Айбынымен жендеттерді састырып.

Жас арулар жан азығын түс қылып,
Ақ саусаққа қара күйе, күс тұрып.
Маңдай тері кәрі-жастың төгілген
Оқ боп ұшты фашистерге ысқырып.

45-тің мамырында құлпырып,
Күлімдеді Жеңіс атты күн туып.
Гитлердің талқандалды ұясы,
Рахымжандар Рейхстагқа ту тігіп.

Шығара алмай үңгірінен тұмсығын,
Қорқау қасқыр уын ішті, іші ұлып.
Аңсағандар басқа елдің жер-суын
Өз отына жатты өртеніп, тұншығып.

Ауыртпалық болса да елде тапшылық,
Әр жүрекке нұрын құйды жақсылық.
Еңбектенді ел таңып алып жарасын,
Көктесін деп, көгерсін деп жас шыбық.

Жүректерден жалындаған жыр шығып,
Жалғастырып жатты ұрпақ тіршілік.
Ғарыштың да кеңістігін меңгерген
Елімізге қарайды әлем сүйсініп.

Фашизмнен көрген азап, тағылық,
Ел біткенде бақыт шамы жағылып.
Азаткер ер, батырларын халқымның
Ұрпағына үлгі етеді тәлім ғып.

Мейірімі дүниеге жайылып,
Өңіріне ел алғысы тағылып.
Шежіресі туған елдің, жасай бер,
Ел арысы – ардагерім, ақиық.

Жеңіс күні келіп жеткен игілік
Даламызды еткендей ме Жерұйық?
Аруақтарға мәңгі тағзым етелік,
Тұра берсін тыныштықта ел ұйып!



**Сақтаған АТАБАЕВ**

1947 жылы Ұлытау ауданы Сарыкеңгір ауылында туған. 1969 жылы Шығыс Жезқазған кенішінде қатардағы жұмыскер болып еңбек жолын бастаған. Кейін зейнеткерлікке шыққанша сол кеніште ауысым шебері, бөлімше бастығы, техника қауіпсіздігінің инженері, кәсіподақ комитетінің төрағасы болып еңбек етті. Сәтбаев қалалық Ақсақалдар алқасының төрағасы. «Астанаға – 20 жыл» мерекелік медалінің иегері.

## ОСЫ ЕДІ АРМАН!

Тәуелсіздік қайта оралды еліме,
Күлтегін мен Тоныкөктің жеріне.
Бірлік кетіп, ыдыраған ынтымақ,
Шүкір дейік, қалды-ау бәрі әріде.

Біздің қазақ Тәуелсіздік алғалы
Қыран ұлдар көк жүзінде самғады.
Күн астында желбіреп тұр Көк Байрақ,
Осы еді Арман!
Сөз бе енді қалғаны?!

Халқым азат, Қазақия – егемен!
Бүгін елміз мойындаған бар әлем!
Үлкен үміт, қуаныш пен шаттықты
Әрбір жанның жанарынан көрем мен.

## ҒҰЛАМА ҚАНЫШТЫҢ ҚАЛАСЫ

Ғұлама Қаныштың қаласы, күніңмен туған!
Жиналды бүгін ұл-қызың жасауға думан.
Кеншілерің де қолына қаламын алып,
Тойыңа шашу шашады әдемі жырдан.

Атыңды жатыр әйгілеп әлемге мысың,
Көреміз күнде кен қазған ерлердің ісін.
Еңбектің нағыз, әрине, өтеуі болар,
Төріңде тұрған,
Қанышқа қойған мына алып мүсін.

Жасарып, мәңгі жайнай бер, жас қалам менің,
Мақтаныш тұтсын атыңды Отаным, елім.
Халқымның ырыс, тасысын береке, құты,
Тереңнен тауып қазына, сарқылмай кенің.



**Несіпкүл БЕКЕНҚЫЗЫ**

1959 жылы Жезқазған қаласында туған. Бірнеше жыр жинағы бар. Ән жазумен де, күй шығарумен де айналысады. 2006 жылы «Кең бесігім, сенде сырым, елім менің!» деген әнтаспасы жарыққа шыққан. Қазір Астанадағы М. Өтемісұлы атындағы Оқушылар сарайында дәріскер.

## ҰМТЫЛҒАН БОЛАШАҚҚА...

Қазыналы қала бұл,
Қойнауы кенге толған.
Жусанды даласының
Өрісі малға толған.
Қасиетті топырағында
Қаныштың ізі қалған.
Кеніште кен қопарған,
Кәкімбек ән шырқаған.
Қазақтың қамын ойлап,
Шынболат шындық жазған.
Ғұлама атындағы
Қала бұл бағы жанған.
Жастары қандай керім,
Жанарда оты жанған!
Ұмтылған болашаққа,
Кеудесі толған арман,
Ғасырдан ғасырларға
Жастармен жалғасады,
Қаныштан қалған арман.

## АСТАНА

Астананың  асқақтаған тойына
Жүрегімнің ән-шашуын арнадым.
Елбасының алғысына бөленіп,
Орындалып жатыр менің арманым.

«Елім менің» деп соғады жүрегім,
Астанаммен жүрем дәйім мақтанып.
«Алтын қорға өтті өлеңің» дегенде,
Қуаныштан кетті жүрек шаттанып.

Талаптыға нұр жауарын айғақтап,
Биік шыңға жетелейді өнерім.
Шаршамайды Астананы жырлаудан
Өміріме серік болған өлеңім.

## АЛТЫН ҰЯМ – ТЕРЕКТІМ

Сенде өсіп, білім алып ер жеттім,
Алтын ұям, қымбатсың ғой, Теректім!
Бәйтерегі – көкем болса төрімнің,
Ақ бұлағы – анам екен үйімнің.

Туған жерім қасиетті, Теректім,
Жақұт жырмен жүрегімнен гүл ектім.
Жусан иісі аңқып тұрған ауылым,
Самалыңды сағындым ғой мен сенің!

Қарлығаш ұя салған шаңырағым,
Ауылда бірге өскен бауырларым.
Елімнен жүрсем-дағы жырақта мен,
Туған жер, топырағыңды сағынамын.



**Жақсылық ОМАРОВ**

1956 жылы Оңтүстік Қазақстан облысында туған. Көптеген жылдар бойы Оңтүстік Жезқазған кенішінде еселі еңбек етті. Бірнеше жыр жинақтарының авторы.

## ТАРЫЛМАСЫН КӨҢІЛ

Киіз үйге сыйғанда, зәулім үйге сыймаймыз,
Ата-анамен, жастарым, неге бірге тұрмаймыз?
Бес күн жалған дүниеде сыйласа егер алмасақ,
Сонда қандай ел болдық, қазақ болдық қандай біз?

Көңіліміз дала еді, пейіліміз бала еді,
Бізді келіп паналап қалған елдер бар еді.
Енді бүгін не болды, сыйыспаймыз бір үйге,
Көңіл деген күн санап тарылумен келеді.

Осы сөзді жаздым мен жаныма әбден батқасын,
Әрбір қазақ баласы қазақтығын сақтасын.
Көңіл шіркін тарылып бара жатқан секілді,
Әдет-ғұрып, салт-дәстүр ұмытылып жатқасын.

## ЖҮРЕГІМДІ ТЫҢДАЙМЫН

Ал, ағайын, қызыл тілім сөйлесін!
Бір Алламыз жақ пен тілді бергесін.
Айтарым бар, туыс-туған, ағайын,
Тыңдаңыздар Адамбектің кіші ұлын.

Қиналумен еске аламын өткенді,
Қуаныштан қиналысым көп болды.
Тумай жатып жетім қалдым, қайтейін,
Құдай бірақ ақырында жеткерді.

Соңғы демін алып қана ақырын,
Туған-туыс, жинап барлық жақынын,
Асыл әкем маңдайымнан иіскепті
(Сол сәтті әлі сезіп келе жатырмын).

«Сенің атың болсын дедім Жақсылық,
Мен тәрізді көрме өмірден таршылық.
Үкілеген үмітімсің, жалғастыр,
Ақындықтың кетем жолын тапсырып».

Солай депті, сосын көзін жұмыпты,
Маған артып сенім менен үмітті.
Аманаты тәрізденіп әкенің,
Ұмытылмай осы бір сөз жүріпті.

Бірақ бәрін кеш түсініп, кеш білдік,
Жастық шақта ненің мәнін ескердік?
Тектен-текке өтіп кеткен күндерге
Бармақ шайнап, басты шайқап өкіндік.

Оң-солымды жүре келе таныппын,
Бірде озып, бірде кейін қалыппын.
Оқырманым өзі берсін бағасын,
Ақынына айналдым ба халықтың?

«Жаз» дегенін жазып жүрмін Тәңірдің,
Жүрмін Қырда, жырақта өскен ауылым.
Ағайынмын ауылдағы туысқа,
Мұндағының бәрі менің бауырым.

Жора-жолдас, дос-жарандар елдегі
«Сарыарқада жүре бермей, кел» дейді.
...«Бауырларды тастап кету мүмкін бе?»
Деп соғады титтей жүрек мендегі.

## «АЛПЫС БЕС»

Бұл шахта – алып шахта «Алпыс бесім»,
«Алпыс бесте» аянбай терді төктім.
Оңтүстік кенішінде орны бөлек,
Қайнап жатқан еңбекті көзбен көрдім.

«Қазақмыста» озық боп дүрілдеген,
«Алпыс бестің» шахтасын кім білмеген?
Үш бірдей Еңбек Ері шыққан шахта,
Ту желбіреп тұрады төрінен кіл.

Сондықтан «Алпыс бесті» мақтан етем,
Сонда менің ізім бар қалып кеткен.
Бізден де атақ-даңқы биік болсын
Кейінгі кеншілердің еңбек еткен.

## «ОН ТӨРТІНШІ»

«Алпыс бестің» «Он төртінші» бөлімі,
Жақсылықтың сонда өтті ғой жалындаған өмірі.
Тау қопарып, ал кейде тас уатып жүруші ем,
Қопарушылардың қайратты болғаннан соң мен бірі.

Бөлімшенің бастығы болды Итжанов Нұрахмет,
Білмегенді үйретті, оған да көп рахмет!
Он жыл бойы алдыңғы орындарды бермедік,
Алғыс болып алғанымыз, көргеніміз – құрмет.

Ыстық маған көрінеді сол «Он төртінші» бөлімім,
Кенші болып сонда өтті ғой менің барлық ғұмырым.
«Он төртіншім», сондықтан да саған менің тілегім:
«Алдын бермей жүре бергін әрқашанда кеніштің!»

# ПЕРЗЕНТІСІҢ ҚОС ЕЛДІҢ!

***(Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаты, кәсіпкер Қиясбек Әділбаевқа)***

Орын алған лайық ел төрінен,
Қалаға танылған соң еңбегімен.
Қазақтың қарапайым бір баласы,
Мақтанып жүрем ылғи бір ініммен.

Көптен бері бұл інім таныс маған,
Мінезі бар аққөңіл, аңқылдаған.
Моншақтап маңдай тері – несібесі,
Атақ пен абыройды әперді оған.

Қиындықтан көрген жоқ еш тайсалып,
Адал еңбек биікке бастайды анық.
Тыңнан түрен қалада салған еді,
Алғашқы кәсіпкердің бірі болып.

Төккен тер өз жемісін беріп жатыр,
Халық та ер еңбегін көріп жатыр.
Халықтың сенімінен шыққаннан соң,
Көп жылдар депутат боп келе жатыр.

Дінмұхаммед – білгенге алтын асық,
Гүлдана, Әнел, Айдана – күміс қасық.
Шығыстың шырайлы бір шуағы бар,
Шаттықты шаңырағы тұр шалқып, тасып.

Тамғанмен Шәуілдірде кіндік қаны,
Жүрегі оның Сәтбаев деп соғады.
Ер жігіттің керемет бақыты ғой
Қос елдің перзентіне айналғаны.

## «МӘҢГІЛІК ЕЛ» КӨШЕСІ

***(Сәтбаев қаласында «Мәңгілік Ел»
кешені ашылғанда)***

Тәуелсіздік арманы – «Мәңгілік Ел»,
Жыл сайын жасай берсін, жаңарып ел!
Ата-баба армандары орындалды,
Оған куә қазағым, кең-байтақ жер!

Жараса қоймайтұғын қалаға тым,
Бұл көшеміз басқаша аталатын.
«Мәңгілік Ел» атауын алды бүгін,
Мәңгілік арманындай бабалардың.

Бәрі-бәрі Азаттық арқасында!
Армандар ақиқатқа жалғасуда.
Орнаттық нән ескерткіш төрге бүгін,
Қара қазан қойылған ортасына.

«Төрт құбыла» және де «Төрт босаға»
Түгенделіп тұрғандай осы арада.
Мәңгілікке бет түзеп бара жатқан,
Байрағың биік болсын, Қазақия!



**Гүлнәр ӨТЕМІСҚЫЗЫ**

1968 жылы бұрынғы Жезді ауданы Байқоңыр ауылында туған. 1985 жылы Целиноград ауыл шаруашылығы институтының қаржы факультетін тәмамдаған. Қазіргі кезде жеке кәсіпкер.

## СҮЙІКТІ ҚАЛАМ МЕНІҢ

Бай қалам бар Сәтбаевтай, көркіменен келбетті,
Байлығымен гүлге оранған қазағымның жер беті.
Ұлытаудай биігінен ұлары ұшқан даламның
«Елім!» деген ұлдарының төсін сүйген жел өті.

Қаныш бабам төккен тердің кермегіне гүл екті,
Жер-анаға теліп елін, тәй бастырып дүр етті.
Кеңгір бойын аққу тербеп, мекен етсе ғашықтар,
Мыс сапырған Жезқазғандай қала тұрды келбетті.

Кие жері Ұлытаудан би де туған Бабырдай,
Ерден биім, Шегір биің, найза түрген Сандыбай.
Жаулыбайдай батырым да қазағым деп жан кешкен,
Уайым кешкен қала ма деп бағы мүлде жағылмай.

Ақын да туған құмын шайған Жезді өзен бойында,
Болман ақын, Иманжан да шешен сөздің жолында.
Қазағымды береке мен ымыраға ұйытып,
Мәйек болған ажыратар ақ пен қара жолында.

Жалын ғұмыр ұлы да бар Бұлқышұлы Баубектей,
Мылтығынан оқ жауса да, жүрген емес жыр төкпей.

Киелі жер менің қалам – Сәтбаевым, ұрпақтар,
Қасиетте, бабалардың ізін құлпырт, гүл еткей!

Жалыны боп болашақтың еңбектенді қанша адам,
Төрегелді Шарманұлы тағамтану құндылығын
жасаған.
Қасиет пен қасіреттің алдын алып толғанып,
Шындықпенен шырылдаған Шынболаттай өз ағам!

Сәтбаевым, көркейе бер, елің жүрсін жарқырап,
Көкке оранып, бал бұлағың аға берсін сарқырап.
Төрт түлігің кең даланда шұрқырасып жайылып,
Жас ұрпағың кең төсінде сайрандасын шапқылап.

Сәтбаевым, көркейе бер, биік болғын еңселі,
Шартарапқа атың мәлім, жырлап өтейін мен сені.
Алтын бесік, жылы жөргек топырағың мен үшін,
Жүрегімді жырмен тербеп ақын еткен сен мені!

* * *

Сағыныштың шәлісін тағып алып,
Сазын салдым бұлақтың сылдырындай…
Назданғанда еркелеп тап өзіңе,
Наздық үнім сырғамның сыңғырындай…

Келші, сәулем, көктемім бүр жарғанда,
Қош иістің жұпарын ала келші.
Өз жүрегім сағынышпен ән салғанда,
Бақ құсымдай қосылып сала берші…

Арай таңдай нұрланса ақ үмітім,
Шуақ төгіп жаныма сая болшы.
Меніменен бір болып таң атқанша,
Түсіме еніп бір сәтке қала көрші…

Сағынышты елесің Алатаудай,
Мұнарланған бейнеңді сұлу көрем.
Жүрегіңнің үні де тәтті балдай,
Әр сөзіңнен інжу мен маржан терем…

***

Мен таңғалам:
Құлап жатып күлетінге,
Мысқылдап кеп бүретінге.
Адалмын деп ұрандатып,
Арам істеп жүретінге.
Жақсы болсаң мәймөңкелеп,
Жағу жағын білетінге.
Өз қолынан түк те келмей,
Жоғары үшін үретінге…

Мен таңғалам:
Ақшам бар деп көпіргенге,
Тектен-текке лепіргенге.
Бауырына тасбауыр боп,
Малы өлсе өкіргенге.
Аты еркек бола тұра,
Әйел билеп-төстегенге.
Талапсызды тау астырып,
Таланттылар өспегенге.

Мен таңғалам:
Өз ұлтынан жерігенге,
Өзге десе ерігенге.
Жаласыздар торға түсіп,
Жазатайым көмілгенге.
Киелiні мiсе тұтпай,
Ойсыздықпен өрлегенге.
Үй иесін шолақ көріп,
Қонақ төске төрлегенге…

Мен таңғалам:
Алғанынша жаным дейтін,
Алғаннан соң жаныңды жейтін.
Көкбеттілер көндірем деп,
Бейбақтарды мәжбүрлейтін…
Қыздарыма еркек болған,
Ұлдарыма ерке шолжаң.
Қарттарымыз да қаншама
Балалардан аса алмаған.

Мен таңғалам…

* * *

Көңіліме ұяласа
Мұңдарым,
Сабыр келіп сыбырлайды:
– Сынбағын.
Ал төзімім тұғыртқан
Бір шақтарда,
Ақыл тұрар:
– Тыңдағын, – деп, –
Тыңдағын...

Үнсіз жатқан
Жүрегімнің үндері
Өкпе менен
Тағдырымды күндеді.
Жараланған жүрегімнің
Жарасын
Төзім-жіппен
Матай түсіп күрмеді.

Ғазал тамшы
Сырғығанда жүзімнен...
Жұбатушы
Жас екенін білмеді...
Жалғыздыққа
Жырды серік еткенмен,
Жарамады
Жүрегімді тілгені.

Ақ үмітті
Тұмарымдай тақтым да,
Жігерімнің
Қайралуын бақтым да,
Ақ көңілім
Кірлемесін деуменен,
Өз тілімді
Өзім тістеп
Жаттым да...

* * *

Көңілсіз кеш… Күлмедім.
Сынақ па екен, білмедім.
Мұңнан моншақ тағынып,
Еңселі болып жүрмедім…

Жақсы ойладым үмітпен,
Құламайын деген күдікпен.
Қанша қиын болса да…
Жасырдым туған іліктен.

Шаршамадым бейнеттен,
Қатал өмір үйреткен…
Қанша көктем күтсем де,
Күз болдым-ау күй кеткен…

Алалықты сүймедім,
Арамдықты білмедім.
Қанша мықты болсаң да,
Сынақсыз болмас – түйгенім…

Бүгінгі кеш… көңілсіз,
Мұңнан моншақ тағындым.
Ертеңге үміт артушы ем,
Қай жерден мен жаңылдым?..

Сырласым сенсің, өлеңім,
Наз айтсам мені сөкпеші.
Басқаға айтсам сырымды,
Өмірге болам өкпешіл…

Мін тағар, бәлкім, өзіме,
Өтірік күліп көзіме.
Наз айтудан аулақпын,
Сырымды аштым өзіңе…

Бүгінгі кеш… Көңілсіз.



**Ғалил ЖӘНІБЕКОВ**

1951 жылы Ұлытау ауданында туған. Халық шаруашылығының әртүрлі саласында еңбек етті. Ш. Ділдебаев атындағы жас айтыскерлер, жыршы-термешілер мектебіне жетекшілік жасаған жылдары көптеген шәкірт тәрбиелеп шығарды. 2014 жылы «Ақсарай» жыр жинағы жарыққа шықты. Қазір Ақмола облысында тұрады.

## БҮГІНГІНІҢ БЕЛГІСІЗ БАТЫРЛАРЫ

Мыңдаған ғасыр малыңа бердің,
Шалғынды шауып, соңына ердің.
Бүгінде, халқым, емер емшегің,
Сенерің сенің – астында жердің.

Тастадың малды, бастадың жаңа іс,
Өзіңе – бейнет, өзгеге – табыс.
Жаралған жанға жалында жүріп,
Жанатын жұлдыз, жағатын жарыс.

Қатерге басты түсіне тігіп,
Қорқыныш сезім ішіңе бүгіп,
Қолыңа алып тас найза сүңгі,
Қапастың кеттің ішіне кіріп.

Жалқы шам көзің, жарық жоқ басқа,
Сауытың сенер – қалқаның баста.
«Бақытым, бағым – қопарған кен» деп,
Бұрғыңды болат сүңгіттің тасқа.

Түпсізге түнек тереңдей бойлап,
Тістерге қарап сұмырай сойдақ,
Талабың – табыс, мақсатың – жеңіс,
Болашақ алда бақытыңды ойлап.

Жер асты – майдан, жемісі – жеңіс,
Жүретін жол да жер емес тегіс.
Байлығың – бағың, төгілген терің,
Жегідей жеген бейнетің – беріш.

Сығалар өлім сығатын буып,
Сыналай суың желісін қуып.
Клеттен шығып келесің жайлап,
Штрек бойлап, су кешіп тұнық.

Табысын табу, бейнетпен шойын,
Толтырып қалта тойлауға тойың.
Келетін еріп, туатын тұнық
Ұрпаққа ұзақ сый бермек ойың.

Табиғат тылсым сыры көп жұмбақ,
Сақ жүру ләзім, аямас сынақ.
Ажалға басты байлауың оңай,
Көбелек көңіл көлгірді тыңдап.

Күндегі әдет бастадың жайлап,
Қатерге басты тағы да байлап.
Қызумен, сірә, байқамай қалдың,
Басыңа түсті бір ауыр сойдақ.

Төбеңде – сүңгі, сені алмақ ажал,
Қарайды күліп қаптаған тажал.
Дегендей «Бітті жалғанға сіңген
Бейнетің, еткен еңбегің адал».

Ел үшін деген, жер үшін деген
Танылып едің еңбегіңменен.
Таусылып дәмің, үзіліп демің,
Ажалға жолықтың шыңырауда терең.

Көре алмай кеттің арманыңды асқар,
Нан тілер қанша артыңда жас бар.

Асырар ма екен соларды кейін
Сен қазған кендер, қопарған тастар?..

Жандарға сонау жатқан қырдағы,
Жазылар талай ақын жырлары.
Білгенге кенші – Белгісіз батыр,
Бейбіт күндегі еңбек құрбаны.

## КІТАПХАНА

Өнер – өрнек, нұр – білім,
Ашу үшін түндігін,
Тану үшін тарихтың
Тереңдегі шындығын,
Ертегінің бағына
Енем десең сағына,
Бойлау үшін алдағы
Келер болашағыңа,
Өлең, терме, жыр – шырын,
Әдебиеттің қыр-сырын,
Табу үшін талпынып,
Талаптансаң тылсымын,
Көзің салып маңына,
Құпияның барына,
Қанам десең ғажайып
Ғылым ғажаптарына,
Мәңгі байлық базарың,
Бойға азық аларың,
Рухани есігін
Ашқын кітапхананың.

Қоңырауы сананың,
Баға жетпес бағалың,
Сөре толы кені бар,
Керегіңді табасың.
Дархан ісін даланың,
Тіршілігін қаланың,
Таланттарын танырсың –
Ардақты асыл адамын.
Іздегенін табатын
Бағыт – Темірқазығың.
Кітап пен кітапханаңыз –
Рухани азығың.



**Мағзұм ҚОЖАХМЕТОВ**

1947 жылы Ұлытау ауданы Қаракеңгір ауылында туған. 1975 жылы Қарағанды мемлекеттік медицина институтының емдеу факультетін бітірді. 1979-1996 жылдары Сәтбаев қалалық медициналық санитарлық бөлімшесінде учаскелік терапевт, 1997-2015 жылдары «Қожахметов» ЖШС отбасылық дәрігерлік амбулаториясында аға дәрігер, директор болды. 2002-2015 жылдар аралығында Сәтбаев қаласы отбасылық дәрігерлер қауымдастығының президенті міндетін қоса атқарды. 1994-1999 жылдары Сәтбаев қалалық мәслихатының депутаты болды. «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» мерекелік медалінің иегері. Сәтбаев қаласының Құрметті азаматы.

## САМАЛЫМЕН САРЫАРҚАНЫҢ ТЫНЫСТАҒАН

***(Сәтбаев қаласының 45 жылдығына)***

Шаттанатын, қуанатын келді күнім,
Көк байрағым қолымда енді мығым.
Самалымен Сарыарқаның тыныстаған
Сәтбаевым 45-ке келді бүгін.

Сәтбаев – кеншілердің қаласы бұл,
Көзіндей ұлы Қаныш данасының.
Гүлзар бақ, кең көшелер көзіңді арбап,
Сұлулығы атына жарасып тұр.

Осында кеншіңіз де, басқаңыз да,
Бақытты үлкені де, жастары да.

Қаланың қырық бесі оралтады
Жанымды жиырма беске, жас шағыма.

## ТӘУЕЛСІЗДІК

Тәуелсіздік – тамаша, жарық күннің
Келемін қуанышын көріп бүгін.
Сөз сөйлеймін БҰҰ-ның мінбесінен,
Бар әлемге паш болып азаттығым.

Дұшпанды басымыздан асырмалық,
Қиындық барлығын да жасырмалық.
Ата-баба армандап өткен осы
Бақ құсын басымыздан ұшырмалық.

Армандаған қанша жыл, қанша ғасыр,
Бабалардың тарихта ізі жатыр.
Жетпей олар кеткенмен арманына,
Ұрпақтары, мінекей, жетіп жатыр.

Нұр шашылып тұр енді аспанымнан,
Еркін қанат қағады көкте қыран.
Қайтадан түлеп жатыр, байқасаңдар,
Тәуелсіздік тұсында дархан далам!

## ЗЕЙНЕТІН КӨРЕМ БЕЙНЕТТІҢ

Зулайды өмір тоқтамай,
Қиындық көрдік көп талай.
Осындай мерейтойларға
Жиылсын достар тоқтамай.

Достардың сақтап бірлігін,
Отбасы сақтап тірлігін.
Атанып тұрған зейнеткер
Көп қазақтың бірімін.

Болсаң да, өмір, өткінші,
Бақытқа бізді жеткізші.

Сыйласып достар әрқашан,
Қызықпен күндер өтсінші.

Жан жарым Жанат қасымда,
Ендігі қалған жасымда,
Зейнетін көрем бейнеттің,
Әр күнді балап ғасырға!



**Абдолла ДАСТАНОВ**

1961 жылы Қызылорда облысы Қармақшы ауданының Жаңақала ауылында туған. Қазақ мемлекеттік университетін бітірген. Көкшетау облыстық «Көкшетау правдасы», Жезқазған облыстық «Сарыарқа» газеттерінде тілші, бөлім меңгерушісінің орынбасары, Сәтбаев қалалық «Шарайна», Жезқазған аймақтық «Наз» және «Мысты өңір» газеттерінде бас редактор болды. Қазір Сәтбаев қаласынан жарық көретін «Вечерний Сатпаев» газетінің бас редакторы, «Шындық» қоғамдық бірлестігінің төрағасы.

## ТУҒАН ЕЛДІҢ ЫРЫСЫНА ТУҒАН ЕР

Кәрі тарих, құпияңды ашайын,
Шындықты айтсақ, шұғыласын шашар күн.
Қаншама рет әділдікпен әлдилеп,
Қаншама рет сен қателік жасадың.

Соның бірі жырыма жүк артады,
Өрімделген ақиқат боп арқауы.
Әділеттік, қайда болдың екен сен
Майлыаяқтар мүжігенде марқаны?

Өтті күндер қызыл болған, ақ болған,
Ел бөлінді текетірес таптардан.
Жайсаңдары найсаптарға жем болып,
Ұлылары ұлықтарға тапталған.

Жылдар жылжып жатқанымен жаралы,
Жәдігерлер жадымызда қалады.

...Елуінші жылдарда бір жиналыс
Сәтбаевтың мәселесін қарады.

Қайткенде де қаралау боп байламы,
Жиналыпты қазақтың кіл қаймағы.
Сөзшеңдердің сыңайына қарасаң,
Сол боп шықты «феодал» да, «бай-дағы».

Ірілерден ілік іздеп жатқан кез,
Жоспар жасап «халық жауын» тапқан кез.
Қырғи болып қырағылық танытты
Сәтбаевты нысаналап атқан көз.

Дерек тауып одан-бұдан құраған,
Суырылып сөз сөйледі бір адам.
«Ұлтшыл» болып шыға келді содан соң,
Ұлы ғалым. Ұлы азамат. Ұлы адам.

Нысапсыздар намысына дақ салып,
Абыройы аяқ асты тапталып
Жатқаннан соң шыдамады ақыры,
Қол көтеріп сөз сұрады Сәтбаев.

Туған елдің ырысына туған ер,
Туған елдің тұлғасындай тұлғамен,
Суық көздер сұғын қадап жатқанда,
Маңғаз басып көтерілді мінбеге ол.

– Мен халқымды сан биікке көтердім,
Мұның бәрін дей алады бекер кім?
Әйткенменен, егер сендер болмасаң,
Мен өзімді білмей келген екенмін... –

Деп бастады ұлы ғалым сөзін нық,
Әр сөзінен ашу, мысқыл сезіліп.
– Ұрыншақтар, қанша «ұлтшыл» десең де,
Мен халқымнан кете алмаймын безініп.

Халқым менің – абыройым, аспаным,
Жер байлығын – ел байлығын ашқан кім?
Тарихымның шежіресін тірілттім,
Тіліменен өзім тапқан тастардың.

Бабамыздан мирас болып жыр қалған,
Ата дәстүр, Ата тарих, Тіл қалған.
Келешектің ұрпағына жетсін деп,
Мен қорғасам, сол мұраны қорғағам.

Халқым деумен, ұлтым деумен айтам ән,
Безінбеймін өзім шыққан ортадан.
Сендер қанша «халық жауы» еткенмен,
Халқым мені көтереді қайтадан.

…Емендей-ақ иілуді білмеген,
Осыны айтып түсіп кетті ол мінбеден.
Күңкілдесіп қала берді күншілдер,
Ұлы адамның ұлылығын күндеген.

Өзі құрған ғалымдардың мекені
Сәтбаевқа сөйтіп тарлық етеді.
Ұлылықтың биігінде қалғанмен,
Тұғырдағы тағын тастап кетеді.

Ақиқатқа Ар көзімен қарасақ,
Мұны нағыз ерлік деуге жарасад.
Қызметтің қонышына қызықпай,
Портфельден биік тұрды Парасат.

Жылдар салған жарақатты жазды өмір,
Ел есінде кенді тауып қазған ұл.
Халқы ешқашан ұмытпайды Қанышты,
Сәтбаевты ұмытпайды мысты өңір.

Күңкілдеуік күйкентайлар қайда әлгі,
Ел демеген ел жадында қалмайды.
Ал Сәтбаев қосын келіп тіккен жер
Сәтбаевтың қаласына айналды.

…Іргетасы ұлылықтан нәр алған,
Қаныш аға қолыменен қаланған.
Сәтбаевты көркейтуде күн сайын
Сәтбаевтың ізін қуған адамдар.

# АРНАУ

***(2013 жылы Сәтбаев қаласындағы Кенші монументінің ашылу салтанатына арнап жазылған)***

Халайық, қош келдіңіз,
Халайық, қош келдіңіз.
Талай жылғы төгілген
Жемісін тердің көрдіңіз.
Қуаныштың шашуы
Шашылғанын көрдіңіз.
Ескерткіштің еңселі
Ашылғанын көрдіңіз.
«Қазақмысы» қазақтың
Кеншілердің атағын
Асырғанын көрдіңіз.
Ырза болған көңілдер
Тасынғанын көрдіңіз.
Жырауым, кәні, сөйле деп,
Маған да кезек бердіңіз.
Көңілдің кенін қопарып,
Айтайық арнау енді біз.

Керуен де керуен ел өткен,
Қарасақ өткен деректен.
Алланың шексіз ырзығы –
Арқаның жерін кең еткен.
Береке беріп халқына,
Бірлікпен бесік тербеткен.
Жерінің үстін гүл еткен,
Қойнауын толы кен еткен.

Айы туып оңына,
Билігі тиіп қолына,
Қаныштай ғажап ұл туды
Қазақтай елдің бағына.
Жердің төсін шарлады,
Халқын ертіп соңына.
Мұратқа жетті ақыры,
Кезігіп мол кен қорына.

Жігерді намыс жаныды,
Еңбектің қайтты қарымы.
Дүр сілкінтті дүниені
Қарсақбайдың адымы.
Қарсақбай, Қаныш арқылы
Қазақты әлем таныды!

Өндіріс өрге өрледі,
Даламды шаттық кернеді.
Күннен-күнге көбейді
Кен тиеген керуені.
Ырзығына жаратты ел
Қанекең тапқан көмбені.
Жұлдыздары жарқырап,
Мақтанышқа айналды
Өндірістің ерлері.

Үлгісі болып өрліктің,
Кеніштен шықты кіл мықтым.
Еңбек Ері атанған
Ерлерді кім ұмытсын?!
Есімі қалды тарихта
Бөпежанов Мұхиттың.
Штифанов Вася ағай
Шәкірті болды Қаныштың.
Гурбаның аты гүрілдеп,
Жұлдызы жанды Тузовтың.

Аймаханов атақты
Рекордын жасапты.
Құсайыновтың еңбегі
Аңыздай елге тарапты.
Керемет болған Колбасов
Аузына жұртты қаратты.
Өн бойы тұнған даналық,
Ғазиз аға Омаров,
Жұлдыз тақты төсіне,
Тресті сан жыл басқарып.
Далабай аға Ешпанов,
Ол да үлесін қосты анық.
Жәйремнің бағын жандырды
Садық аға Асатов.

Шахтада жүріп жыр жазды
Кәкімбек аға Салықов.
Ділдебаев Шынболат
«Кенші ақын» атанып,
Халқына кетті танылып.
Осындай абзал ағалар
Жолынан үлгі алалық!

Кеншілікті меңгерген,
Отанға керек кен берген,
Жұлдыз таққан үш батыр:
Қасымхан, Федор, Демберген!
«Қазақмыстағы» кеншілер
Үлгі ала берсін сендерден!

Еңбегін елге арнаған,
Қаныштың ісін жалғаған.
Қайсар халық кеншілер,
Асу жоқ сендер алмаған.
«Қазақмыстың» дабысы
Дүниені түгел шарлаған.
Тасқындап жатыр табысы
Бұрын-соңды болмаған.
Тізбелесем таусылмас,
Озаттар бар сандаған.
Құтты болсын, халайық,
Кеншілердің құрметіне,
Қаланың асқақ төріне
Ескерткіштерің орнаған!

# ӨМІРДІҢ ЖҮГІ ЖЕҢІЛДЕМЕЙДІ

Мына жұрт мені елуде дейді,
Көңілім соған сеніңкіремейді.
Елудегілерді егде көруші ем,
Егделік маған келіңкіремейді.

Арамдықтарды арбасып, жығып,
Адалдықтардың жолдасы болып.
Халқыма менің бергенім қайсы
Елу жыл бойы жер басып жүріп?

Осындай ойлар алқымнан алды,
Көрмегім – арман, көргенім – мәңгі.
Газеттің бетін толтырам деумен,
Қолдарым ұйып, көздерім талды.

Жақсының болдым жаршысы әман,
Жаманды және түйреді қалам.
Ақ пенен қара алмасып түсіп,
Қос оттың кейде ортасында қалам.

Уақыт берер бағамды әлі,
Бұл үшін ойым алаңдамайды.
Қуанатыным – атымды айтқанда,
Бейтаныстар да тани қалады.

Өзіме лайық орнымның барын
Сезгенде содан толқиды жаным.
Қанағатпенен қарын тойдырып,
Қызғанған жоқпын бөтеннің бағын.

«Бастағы бағым – келте» демеймін,
Елімнің жырын шерте беремін.
Кіндігім – Сырдан, нәсібім – Қырдан,
Екеуіне де еркелеу ұлмын.

Сағымға айналып керімнің лебі,
Кетті ме өтіп өмірдің көбі?!
Алаңсыз ғана жүр емес пе едім,
Ойлантып қойды-ау елу дегені.

Өскесін Күннің сәулесін сүйіп,
Отауым – орман, шаңырағым – биік.
Еңіске түсіп кеткім келмейді,
Қырықта шыққан қырқада тұрып.

Мына жұрт мені елуде дейді,
Болайын болсам елуде, мейлі.
Ұққаным, бірақ, ел ағасы үшін
Өмірдің жүгі жеңілдемейді.

## ТЕНТЕК ТОМАРДЫҢ ТАҒЫЛЫМЫ

Бұл шалың заманында белсенді еді,
Тепкісін тартып халық, ел сенделді.
Талай жыл төсек тартып жатқанына,
Ойы сол: «Тек тезірек өлсем» дейді.

Самалы уақыттың жаза алмаған,
Бойында күнәсі көп тазармаған.
Қарарға жұртқа беті қалмағанда,
Адамға болады екен ажал да – арман.

Сананың сыя қоймас мөлшеріне,
Өлімге асығады ол сонша неге?
Көрпесін одан сайын қымтанады,
Сәулесін сезсе күннің бөлмесінде.

Ажалдың ұстай алмай қармағынан,
Қорқыныш, үрей қысып жан-жағынан.
Жалғанның жарығынан қашып жатыр,
Жалғанға талай лаң салған адам.

Бар пәле бүгінде емес, өткенінде,
Талайлар бұдан азап шекпеді ме?
Тірінің біріне де қадірі жоқ,
Өлімнің өзі де оны жек көре ме?

Бар болса келіп неге мұны алмайды?
Атқан таң, батқан күнге қуанбайды.
Қабырғалас тұратын, тым құрыса,
Көршісі де көңілін сұрамайды.

Тірлігі таусылмайтын болғасын мұң,
Мүжіліп іштей қалай қорланбасын?
Күніне бір емес, ол мың өледі,
Келіні тәнін көріп, жуған сайын.

Тәңірден несібі кем жаратылған,
Қарашұнақ құл еді қаратабан.
Қазанда қазы-қарта қайнағанда,
Ерінін жалай-жалай жара қылған.

Бір күні патша құлап, қызыл келді,
Құл-құтан Қызыл тудың соңына ерді.
Қолға су құюға да жарамайтын,
Осылар топты бастап шыға келді.

Ел танып болмағанмен тектілігі,
Түлкідей танылғасын ептілігі,
Кеңестің саясатын жүргізетін,
Өкіметтің өкілі етті мұны.

Нан пісіп көкірекке шыға келді,
Кәрінен қорқып халық ыға берді.
Сол кезде көпке тісі батқандығын
Пұшайман күйге түсіп ұғады енді.

«Заманым, міне, менің келді» деген,
Қолында Қызыл туы желбіреген.
Бұл неме тақымында тулатты сан
Байлардың жас тоқалын үлбіреген.

Бұғынып ештеңеден тайсалмады,
Болмай әсте қоймайтын ойға алғаны.
Кешегі жақсы менен жайсаң жандар
Осының айтуыменен жауға айналды.

Тізесі батқан елге бұл адамның,
Тізбелеп кім тауысар күнәларын?
Есімі естілгенде бесіктегі
Бала да қоюшы еді жылағанын.

Тұрғанда баста – бөрік, қолда – мылтық,
Құдайын ұмытқанын енді ұғынып,

Бармағын тістелеген бейшара шал,
Өлімге болып жатыр соншама ынтық.

Зорлықтың апарады түбі қайда?
Осыны жүгенсіздер ұғынбай ма?
...Халықтың қарғысына ұшырасаң,
Өлім екеш өлім де жуымай ма?

* * *

*Қазақ-өзбек шекарасында тағы да атыс болды.*
*Ала шапанды елдің шекарашылары*
*қазақтың тағы бір азаматын*
*«шекара тәртібін бұзды»*
*деген желеумен атып өлтірді.*

***«Хабар» таратқан хабардан***

Қоқаңдайды Қоқаным,
Ойлап, мұңға батамын.
Қоқаңдайтын соншалық,
Осал ма едің, Отаным?!

Қатты айтқандай болмасын,
Қалсам үнсіз – арға сын.
Қыршынынан қазақты
Қиып жатыр қорғасын.

Салды басқа зіл-қайғы,
Сөз мұнымен тынбайды.
Сарт та сыртын беретін,
Сені енді кім тыңдайды?

Танылдым деп әлемге,
Төс ұрғанмен сенер ме?
Терезеңнің бар елмен
Тең екенін дәлелде.

Айдаһарың атылып,
Аю келсе ақырып,
Атқа қонар шыға ма ер,
Аруағын шақырып?!

Жүргенменен Қоқаным,
Жамай алмай шапанын,
Қоқаңдайды неге осы?
Ойланып көр, Отаным!



**Амангелді БҰҚАР**

1975 жылы Ұлытау ауданы Сарысу ауылында туған. 1997 жылы академик Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетін бітірген. С. Сейфуллин атындағы гимназияның қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі. Қазақстан Республикасы білім беру ісінің үздігі.

## ШӘКІРТ СЫРЫ

*Ұстаз көрсең – ұлықта, иіл, елім,*
*Білімде тұр бар кілті дүниенің.*

***С. Адай***

Көзін ашып тұманың,
Жақтың шәкірт шырағын.
Қастерлі төрім сенікі,
Құрметті әзиз мұғалім!

Күндей мейірім-шуағың,
Білімің – кәусар бұлағым.
Өнегең – үлгі әрдайым,
Ардақты асыл мұғалім.

Патша да, хан да, қара да,
Топ жарған шешен, дана да
Бала боп келіп, алдыңнан
Дара боп түлеп тараған.

Қанатын қақса түлегің,
Жарылардай боп жүрегің,

Қуандың дәйім балаша,
Тілеуін соның тіледің.

О, ұлағаттым анамдай,
Мейіріміңе келем қана алмай.
Тәлімің мынау мыңға азық,
Жаңғырған жиі санамда-ай.

Шәкірттің баққан әр ізін,
Өтелмек емес қарызың.
Ұлықтан ұлы ұстазым,
Бас ию саған – парызым!

## ТЕКТІ ЕЛДІҢ ҰРПАҒЫ ТУ ҰСТАЙДЫ

Тұтастығын ұрпағы ұлықтаған
Ұлы далам, кермиық ұлық далам!
Жанарынан бабамның аққан соры
Жамалына даламның тұнып қалған,
Мелшиеді меңіреу сұлық далам,
Шежіредей шері бар құлыптаған.

Заманыңның аязын, аңызағын
Көрді көзің, панасыз қаңырадың,
Тұяқ таппай тігерге аңырадың…
Шайқалмағай тек енді шаңырағың,
Жаһан кезіп шаттығың жамырады,
Лайым, елім, шырқалғай Әнұраның!

Түбі түрік баласы туыстай бір,
«Кемді күн тату өткіз», суыспай жүр.
Ердің қасын сұраған жуыспайды,
Өз тезегін ез ғана уыстайды.
Өр рухты, намысын биік ұстар
Текті елдің ұрпағы ту ұстайды.

Мұра болған байтағым ұланына
Айналсын қасиетті тұмарына,
Тұғыр болсын тау-шыңы қыранына.
Аңсап жүрген шеттегі бауырларым
Оралсын атамекен тұрағына –
Отанына, ордалы «жұмағына»!

## СӘТБАЕВ – БЕРЕКЕ БАСТАУЫ

Кеңгірдің толқыны тербетіп,
Күлімдеп атады ақ таңым.
Күн сүйген көрікті келбетін,
Қаласы Қаныштың – мақтаным.

Кеншілер мерейлі өлкемде
Қазына аралын тапқандай.
Достықты ту еткен өркенге
Өмір тұр қол бұлғап ақ таңдай.

Дүбірлі думанға қаламда
Құт мекен Шынболат сарайы.
Жұмақтың төріндей алаңда
Әрдайым мереке маңайым.

Өнеге – шежіре, дастаны,
«Ел іші – өнердің кеніші».
Сәтбаев – береке бастауы,
Кеңейсін, өркендеп өрісі!

## ЖЕТІ ҚАТ ЖЕР АСТЫНАН

Мысымен айдай әлемге таныс,
Қойнауы – қазына, ырысы – табыс.
Жез күреп жұрты, нұр қазған мекен,
Мұра ғып сені қалдырған Қаныш.

Байлығы бақ боп басына қонған
Халықтың таста тері бар тамған.
Қаныштан қалған қайланы алған
Қазақтың қайран еңбегі жанған.

Түлетті түзді тарпаңдай тарпып,
Қазына қазды шыңыраудан тартып.
Жеті қат жердің астынан кенші
Кенменен қоса шыққандай балқып.

Ғаламға мынау қақтырды таңдай,
Талабы таудай тұлғалар қандай!

Намысын қайрап, құрыштай қайнап,
Жалынды жүзі әрең тұр жанбай.

Жүретін жыршы жырына қосып,
Толағай тұлға ерлерім – осы.
Тас түгіл тауды қопарып тастар,
Қаласа адал көңілінің қошы.

## ЖҮРЕКТЕР СЫРЛАСҚАНДА

Жүректер сырласқанда
Төгілер ой лағылы.
Қараймыз түнгі аспанға
Айта алмай ойдағыны.

Көк терек сырғалары
Дір етіп басылады.
Самал да сырға қанық,
Аймалап асылады.

Дидарың ай нұрындай,
Мақпал түн әрін ашқан.
Аққусың айдынымда,
Сәні мен әні – дастан.

Жүрегім алып-ұшты,
Қадалып от жанарың.
Сондағы сағынышты
Айтпақ боп оқталамын.

Ұрлана қарағаның
Сүйкімді-ақ, қылықты қыз!
Бұған да жарағаның,
Өзіңнен үміттіміз.



**Дәуренбек БҰЛАНБАЕВ**

1977 жылы Ұлытау ауданы Сарысу ауылында дүниеге келген. Республикалық ақындар мүшәйрасының бірнеше дүркін жүлдегері, «Мағжан көктемі» ІІІ республикалық өнер фестивалінің лауреаты. 2012 жылы «Мұңайма, менің аққуым...» атты жыр жинағы жарық көрген. Қазіргі уақытта Ы. Алтынсарин атындағы №19 орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып еңбек етуде.

## МЕН ҒАНА БҰЛ ҚАЛАНЫ ТҮСІНЕМІН...

*Тек мен ғана түсінем бұл қаланы...*

***Есенғали Раушанов***

Көп болса, сан деректің бірі мәлім,
Қаныпты бұл қаланың сырына кім?
Жан білмес құпиясын ішке бүккен,
Мен ғана ұғынамын.

Төзген жер сан тағдырдың сынағына,
Айналған кең сарайдай тұрағыма.
«Қанышқа аян сырым еді ғой» деп,
Күбірлеп тұрады әр кез құлағыма.

Кенді өлкем, жаймас елге өз бағамын,
Ертеңге сенде тұрып көз қададым.
Өкшесін тық-тық басқан көшелерді
Желпиді таң самалы боз даланың.

Аспанға жазам әлі есімімді,
Кен-қала!
Сан тербеттің бесігімді.
Күн сайын кеніштерден таратасың,
Көсіп ап несібімді.

Тұмарлы тұлпарың ем, кісінедім,
Енесің алыс кетсем түсіме мың.
...Тасында Тәңірінің таңбасы бар,
Мен ғана бұл қаланы түсінемін...

## ТЕРБЕП ТҰР ТӘУЕЛСІЗДІК ТҰРАҒЫМДЫ

Бодандық бой тасалап, аза менен,
Сен жайлы жарқын жырды жаза берем.
Дүние!
Құлағыңды салшы маған,
Кім десең – атым менің ҚАЗАҚ ерен!

Айтайын алты Алашқа ұранымды,
Дүние!
Салшы маған құлағыңды!
Ақ нұрдан жаратылған бесік болып,
Тербеп тұр Тәуелсіздік тұрағымды!

Өткенді өзегінен тұрсаң демеп,
Айтады адамзатқа мың сан дерек.
Таңым боп арайлаған Тәуелсіздік,
Мен сені жырлау үшін тусам керек!

Керегі болмас бізге дабыраның,
Шырақ боп ертеңіме жағыламын.
Өткеннің еске түссе өкпегі егер,
Еркіндік!
Өзіңді айтып жадырадым.

Бұзу боп бодандықты – басты қадам,
Күндерім алыс қалды жас бұлаған.
...Әуелде қазағымды Еркіндікпен
Бір туған тас шайнаған қасқыр анам.

Өмірге рай бермей – өтпеліге,
Рухым қосын тіккен көк төріне.
Қазағым қазақ болып қалыпты да,
Еркіндік айналыпты көк бөріге.

Өткеннің өкпегінен сені іздедім,
Айтумен шөл далаға, теңізге мұң.
Заманның көз аштырмас дауылында
Адасып қалған екен егіздерім.

Басыңа түссе тағдыр бұлыңғыры,
Көрерсің төр алдынан жырындыны...
Аһ ұрып қайран қазақ, ұлып қасқыр,
Іздеді ғұмыр бойы бірін-бірі.

Естілмей көк бөрінің еш дерегі,
«Басынан Қаратаудың көш келеді».
Заманнан зар естіген Заманбай шал
Неліктен сыр айтуға сескенеді?

Қазағым тектілікпен ғұрыптас бір,
Бөрінің басқан ізін ұмытпас қыр.
Білдірді бар екенін дүниеде,
Қобыздың шанағынан ұлып қасқыр.

Қалғанмен қасіреттің құздарында,
Қанатын қайта қақты ізгі арым да.
Көрсетті құдайлығын көк бөріміз,
Қайрат боп Желтоқсанның ызғарында!

Басына қиялардың қыран қонып,
Ұлтым деп бастады анық ұлан жорық.
Көрсетті құдайлығын көк бөріміз,
Ақындар – Мұхтар менен Жұбан болып!

Бақ саулап қасиеттің бұтағынан,
Еркіндік!
Сен барда елге құт ағылған.
Көрсетті құдайлығын көк бөріміз,
Әмірхан Балқыбектің кітабынан!

Айналып кетті сосын жырға, сірә,
Қарасаң көзің тояр тұлғасына.
Жауларын талауменен жалған кешіп,
Көк бөрім шыға келді қыр басына.

Мәңгіге тұсау салып қуса-мұңға,
Толған соң тұла бойы күш-ағынға,
Көк бөрі айналды да Еркіндікке,
Қазақты алды сосын құшағына!

Тұрғанмен тағдыр жолға төсеп мұзын,
Сағынтып неше көктем, неше күзім.
Араға салғанменен сан ғасырды,
Қайтадан табысыпты қос егізім.

Жанында жасампаздық таңбасы бар,
Арманшыл ел едік қой, алға асығар.
Еркіндік алғанымда, қазақ түгіл,
Құдайдың көзінен жас тамған шығар!

Табылды осылайша ем жараға,
Түспесін бодандығың енді араға.
Қазағым бірге жортты Еркіндікпен,
Пейілі секілденген кең далада.

Арылды ақырында азап менен,
Сағынтқан осы екен ғой ғажап деген.
Мәңгілік мекеніне бағыт алды
Еркіндік – егіз ұғым – Қазақпенен!..

## АУЫЛҒА ОРАЛҒАНДА

### I бөлім

Сабыр мен кешірімнен жаратылып,
Күй кешіп тұр екен-ау дала тұнық.
Мен саған қайта оралдым, қайран ауыл,
Бойымнан арылған соң бала-қылық.

Сырына қандым анық кемді күннің,
Тұтқасы ауыл екен – Елдігімнің.

Жүрегім елжіреді сені көріп,
Тірегім екеніңді енді білдім.

Тұратын тағылымнан бар кеңесі,
Өткеннің өшпесе екен мәрт-елесі.
Ақ бұлттан биік тұрған асқар шыңдар –
Әкемнің ауылдағы мәртебесі.

Қашаннан өткел бермес, күшті ағыны,
Келеді тура жолды нұсқап ұлы.
Ар болып ағып жатқан анау өзен –
Анамның ауылдағы ұстанымы.

Қараймын қасиетіңе, жырып алмай,
Өзіңде бұл өмірдің сыры бардай.
Қаланы жеті атаға жіліктесең,
Ауылға айналады бірі қалмай…

Жақын жан болсам-дағы құса-мұңға,
Саған кеп сары уайымды тұсадым да.
…Қалаға сыймайды ауыл аядай-ақ,
Бар қала сыяр ауыл құшағына!

Қыздарың жанарлардың жауын ала,
Ұлдарым туған дейсің дауыл ала…
…Бесікке бар қазақты салып алып,
Тербейді жырын айтып Ауыл-Ана…

**II бөлім**

Қобыз боп ауыл бүгін күңіренді,
Атар ма арайланып күнім енді?
Қорқыпты бұрынғылар кейінгіден,
Күдіктің бүгін, міне, шыны келді.

Айтпасам осы жайды тыншымадым,
Жаралы жай-күйімді білші, жаным:
Бейітін бабалардың көргенімде,
Уылжып, көз жасыма тұншығамын.

Бүгінгі жайын анық білсін елі
(Қашаннан қасиеттің бүршігі еді).
Жаутаңдап жалғыз ұлдың жанарына,
Қарт абыз үй артында күрсінеді.

Айтады демегейсің несіне мұң,
Кінәлі болсам егер кешір, елім.
Әжемнің бақ дарыған дастарханын
Тілгілеп отыр, әне, кесір келін.

Көнеріп қасиеттің ережесі,
Мүжілді мәрттігімнің кенересі.
Қамшысын атасының отқа жағып,
Алаңсыз мәз болады немересі.

Дүние шыр айналды шыныменен,
Сен қайта туасың ба, күнім ерен?
Иесіз қаңыраған шеткі үйлерден
Сембейді байғыз даусы түніменен.

Жанымды дүбірлетіп күй күреңі,
Көңілді қалың ойлар идіреді.
Ошақта қыжынаған шоқ секілді,
Кеудемді бір өкініш күйдіреді.

Қызарып ұясына күн құлады,
Алаң жұрт. Айтылған жоқ шындық әлі.
...Байланып замананың желісіне,
Ауылым құлын болып шыңғырады...

**III бөлім**

Сырыңа бойлаған жоқ ғалам әлі,
Жалғанның жүгін артқан қара нары.
Түнектей түнге тастап қасіретін,
Ауылым таңмен бірге таранады.

Тағдырым танытқанмен неше қылық,
Өткенге өкпе артпайын, кеш егіліп.
...Қайыртай қала жақтан қайтып келіп,
Ауылға гүл егіпті деседі жұрт.

Өзінде туған менің бақ-айым да,
Тіректі тек өзіңнен табайын да.
Қолдағы бар дәмдісін Ауыл-Анам
Жіберген қаладағы ағайынға…

Ауылым – адалдықтың есігі алып,
Сөзімде қате болса – кешір, анық.
Меніңше, қала жатыр ауылымнан
Мейірім, ізгіліктен несібе алып.

Түскенмен тіршіліктің тағы қысы,
Жүзінен білінбеген жабығысы.
Даладан есіп өткен ерке самал –
Ауылдың бар қазаққа сағынышы.

Жаныңа иман нұрын таратады,
Сен қандай ғажап едің, дала таңы?!
Сипады маңдайымнан Ауыл-Анам,
Аялы, әжімденген алақаны!..

Ауылым!
Киенің иесі сен басыбайлы,
Көңілім сенсіз менің тасымайды.
Сен жайлы ғұмыр бойы жазылған жыр
Бір түйір тасыңа да татымайды…



**Шапағат ӘУБӘКІРОВ**

1983 жылы Сәтбаев қаласында туған. 2000 жылы №27 қазақ орта мектебін үздік тәмамдап, Астанадағы Еуразия ұлттық университетінің экономика факультетіне оқуға түсті. Қазір Сәтбаев қаласының экономика және бюджеттік жоспарлау бөлімі басшысының орынбасары.

## АЛАШТЫҢ АЩЫ АЙҚАЙЫ

«Өмір – өзен» деген халқым, өтті жылдар ағылып,
Ағысымен сол жылдардың кетті арыстар шайылып.
Сонау түнек жылдарында екі қолды қайырып,
Тастады ғой өзге қолдар қазақтықтан айырып.

Талай жылдар дәстүріңнен ұмыт қалған жоқсың ба?
Өз ұлтыңды ішке теуіп, тұнып қалған жоқсың ба?
Салт-дәстүрден жұрдай болып, өз басыңды соқтың ба?
О, масқара, мүгедек боп, мүшкіл халді таптың да.

Қазір, міне, тарихыңды еске алып, күрсіндің.
Ақиқатты өтіріктен аршымаққа құлшындың.
Ақиқаттың ащы дәмін мойындағың келмей ме?
Мойындасаң құрбан болған аруақтар сезбей ме?

Ей, ағайын, не көрмедің қилы заман бетінен?
Құрбандыққа шалмадың ба қыршын жасты шетінен!
Сексен алты ызғарында жанға батқан аяз бар,
Құлын дауыс айқайымен азаттығың бекіген.

Алашыңның ащы айқайы болмаса егер өлер ең,
Тозақты да, жұмақты да сол жылдары көрер ең.
Ұйытқысын ұлтымыздың сан салаға бөлер ең,
Бодандыққа, озбырлыққа ұрпағыңды берер ең.

Сол жылдары түнек басты аспаныңды жайдарлы,
Ұрпақтарың қаруланып, соғысыңа сайланды.
Қайратың мен Ләззатыңның даусы шықты айбарлы,
Сонда ғана аждаһаның басы кері айналды.

Қаншама жыл өткенменен қасіретті жылдарға,
Ащы дәмі кетер емес сіздер менен біз барда.
Жұмыр жерді жалт қаратқан алашыңның үні ме?
Енді мәңгі қарап тұрсың тарихыңа үңіле…

## ЗАМАН ЗАРЫ

Індеті тағдырымның жаман әлі,
Заманым адамдардан қан алады.
Жылап-жылап шаршаған қазағымның
Базарда қап тасып жүр балалары.
Көшені сыпырады аналары,
Қашан елдің жағдайы оңалады?
Жұмсақ жерде отырған ағаларым
Қол ұшын беруге де жарамады.
Өз халқының жағдайын ойламаса,
Қалай ғана ол басшы бола алады?
Неліктен күпі киген қазағыма
Баласы биіктегі қарамады?
Көз жасына малынған аналардың
Қашан ғана кебеді орамалы?
Ағайын, кім береді маған жауап,
Қашан қазақ жыртығы жамалады?

Санамды сан сұрақтар мазалады,
Мәселе жік-жіктеліп таралады.
Некесі жоқ қыздарым ана болып,
Айдалаға тастайды шарананы.
Тарихтың қойнауына көз жүгіртсең,
Мұндайды ешкім еш кез таба алмайды.

Неліктен «көкек» ана көбейіп тұр,
Қиын ба екен асырау бір баланы?

Қазақ елі кешті отты, түсті талай тозаққа,
Мәңгілікке Абай болмақ «Ұлы ұстаз» қазаққа,
Мағжан, Сәкен, Ілиястар ұлты үшін жан қиған,
Жиырмасыншы ғасырдағы төзіп барлық азапқа.

Жиырма бірінші ғасырда да... ұлтым менің азат па?
Жауап табу оңай емес, сірә, мұндай сұраққа.
Бойды қанша тіктегенмен, көп сүрініп жатамыз,
Бірақ, Тәңір, қазағымды енді қайтып құлатпа.

## ШАЛҚЫМА

Сарыарқадай далам бар,
Сәтбаевтай қалам бар,
Уа, дархан ел, армысың,
Ағайындар, жарандар!
Ұсынатын жырларын
Шапағаттай балаң бар.
Алдарыңа кеп тұрмын,
Өз балам деп санаңдар.
Аямаңдар қошемет,
Ниетім жоқ жамандар.
Қош келдіңдер бұл тойға,
Құтты болсын қадамдар!
Ойнап, күліп, ән салып,
Мәз болысып тараңдар!

Уа, ағайын, ағайын,
Асқақ әнге салайын.
Жүректер мен көңілдің
Алтын кілтін табайын,
Арасына сезімнің
Алтын көпір болайын.
Кәусарына жырымның
Малып-малып алайын.
Шалқып көңіл домбыра
Қағып-қағып қалайын.
Қошеметтеп отырсаң,
Арғымақтай шабайын!

## ҰЛЫЛЫҚТЫҢ АТАСЫ

***(Мұхаммед Хайдар Дулатиға – 500 жыл)***

Бес ғасырлық мерейтойың құтты болсын, алашым!
Ғасырлардың шыңдарынан асып түскен баласың.
Түркі тілдес елдерімнің өткені мен кеткенін,
Хайдар ата, ұрпақтардың естеріне саласың.

Сонау көне жылдарынан қазіргіге жеткенін,
Шеберлікпен әрбір тауды, әрбір таныс бөктерін,
Әрбір қала, әрбір елін турасынан табасың.
Туыс халық, түркі тілдес ағайынның арасын
Даналықпен, әділдікпен бір арнаға жабасың.

Барлық елдің айдалаға тарап кеткен саласын,
Жақсылықтың жолын қуып, ұзақ жолға барасың.
Түркі тілдес елдерінің аузы ашық жарасын
Емдеу үшін іздеп жүрсің сол аурудың дауасын.

Еске алады бес ғасырың өткеннен соң сені елің,
Үлкен тойың құтты болмақ, көтерілсін беделің.
«Топырағың торқа болсын» ел батасы дер едім,
Асыл мұра өнегеңді зеректікпен теремін.

## АУЫЛЫМА

Ауыл деген ата-баба тұрағы ғой негізгі,
Ауылыма тілеймін мен тілектерді ең ізгі.

Ауылымды аңсаймын мен, сағынамын сарғайып,
Көтерейік ауылдарды, үзілгенді жалғайық.

Үзілгенді жалғау деген ата-баба салты ғой,
Ауыл жайлы ойлағанда лаулағандай жарқын ой.

Ауыл сәні кетсе-дағы, мәні кетпей тұр әлі,
Мәні барда – әр ұғымның жаны кетпей тұрады.

Ауыл жайлы ойлағанда көкірегім жылады,
Жаным ашып ағайынға, бүйрек бұрып тұрады.

Бұл өмірде шыққан жерді ұмытпайық, ағайын,
Аман болсақ ауыл талай сайран-сауық құрады.



**Ботакөз МҰХИДЕНҚЫЗЫ**

1991 жылы Ұлытау ауданында дүниеге келген. Оқушы кезінен бастап аламан айтыстарға қатысқан. Аймақтық, республикалық айтыстардың бірнеше мәрте жүлдегері. XV Халықаралық «Шабыт» фестивалінің лауреаты. 2012 жылы Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің филология факультетін бітірген. Қазір Ұлытау ауданы Пионер ауылындағы №5 орта мектебінде мұғалім.

## АЛАШ – АРЫМ

Сан ғасырлық сетінетіп сеңді мен,
Қарсы жүздім талмай тасыр тасқынға.
Ер Түріктің ескірмейтін ерлігі ем,
Алшаң бастым аспанымның астында.

Мен қас сақтың селт етпеген семсері ем,
Ал сертім бар ғұн сілтеген найзадай.
Бейнет кешіп жүрсем-дағы белшеден,
Нанға сатпан намысымды найзағай.

Қанжығасы қан заманда қамықтым,
Жағынбадым бірақ ажал жетсе де.
Таралғысы тар заманда тарықтым,
Бағынбадым қабырғамды сөксе де.

Жан берсем де жат дұшпанға, жерімнің
Бір-ақ уыс топырағын да қимадым.
Керей хан мен Жәнібек боп елімнің
Басын қосып, ту астына жинадым.

Қаратаудан қара қазақ жосылып,
Боз далада бозінгендей боздадым.
Қос көзімнен аққан жасым қосылып,
«Елім-айлап» қасіретімді қозғадым.

Шұбырғанда елім-телім ұлы елім,
Тілінсе де тілім-тілім табаным,
Жұлынса да жырым-жырым жүрегім,
Жатқа жалтақтамап еді жанарым.

Қалғымады қайратым мен өр рух,
Қасық қаным қалғанынша ең соңғы.
Тірлік кештім тек Тәңірге табынып,
Ал өмірім өрлігіммен өлшенді.

Алаш үшін Абылай боп айқастым,
Жанардағы нақақ жасым кепкенше.
Хан Кене боп шегінбестен шайқастым,
Иықтағы ғазиз басым кеткенше.

Махамбет боп мәрттігіммен жасқағам,
Бетіме ешкім жел боп, сірә, тимеген.
Алтынға да арды айырбастаман,
Өлсем-дағы өр еңсемді имегем.

«Қалың елім, қайран, менің жұртым» деп,
Ұлы Абай боп ұлтым үшін у іштім.
Шыбын жаным шырқырады шыр-пыр боп,
Ұйысуы үшін осы ұлыстың.

Сүйреп тұрып бұрымымнан жұлса да,
Бір сәтке де босаңсымай байламым.
Маңдайымнан мың рет кеп ұрса да,
Желтоқсанда мұз үстінде таймадым.

Тәубе, тәубе, жетсем-дағы зарығып,
Тоқсан бірде көз жасымды құрғаттым.
Жүрегімде бір жанартау жарылып,
«Мен – Қазақпын!» деп қасқайып тіл қаттым.

Көздің жасы төгілгенде қос шектен,
«Сарыарқа» боп сар далада шертілдім.

Өкпемді езген небір дауыл, өкпектен
Аман қалып, сілкіндім де, серпілдім!

Арзандардан алыс жүріп жалғанда,
Қымбатымның білдім, міне, қадірін.
Төрге шығып, Тұғырыма қонғанда,
Табанымды тайғанатпа, Тәңірім!

Азаттығым – арманым бас иетін,
Өмір сүрем сол арманым үшін мен.
Тек сүйегім қалғанынша сүйетін
Алаш – арым!
Арыма дақ түсірмен!

## БОЛМЫС

Тал бойымда тірліктегі барша мұң,
Шалғайлардан шаттық іздеп шаршадым.
Біреулерге – бағасы жоқ біреумін,
Біреулерге – биіктегі ханшамын.

Ессіздікпен есекті де дос еттім,
Өз-өзіне жаны ашымас жауызбын.
Біреулерге – бітпейтұғын өсекпін,
Біреулерге – таусылмайтын аңызбын.

Қайтем енді, осы қалпым, осымын,
Қайран жұртым қайдан білсін анығын.
Біреулердің жан аямас досымын,
Біреулердің «жанын жеген» жауымын.

Жүрегімді түсінетін жан болса,
Өмір осы: өңім бе, әлде түсім бе?
Біреулері адалдығын арнаса,
Біреулердің арамдығы ішінде.

Көңілім бар сәл нәрсеге босағыш,
Осы жұрттың осы менде несі бар?
Біреулері тек жақсылық жасағыш,
Біреулердің алынбаған өші бар.

Десем-дағы қайтем елдің былшылын,
Бірақ соған бәрібір бас қатырдым.
Біреулерге – жай әншейін жыршымын,
Біреулерге – аспандағы ақынмын.

Өлеңім бар он досыма бергісіз,
Тағдырымның көп болса да теңбілі.
Мен туралы жұрт айтқыш жыр белгісіз,
Кім екенім тек өзіме белгілі.

***

Хайуан болды қайраттым,
Айуан болды айбаттым.
Кейбіреудің иттігін
Игілік деп ойлаппын.

Алтын дегенім тас болды,
Жақын дегенім қас болды.
Жігіт дегенім – жігерсіз,
Тұнық дегенім лас болды.

Болса да бұрыс бұрылыс,
Сұрауын бер де, суын іш.
Аға дегенім – арамза,
Іні дегенім – ібіліс.

Тарығудан қорықтым,
Жағынудан жалықтым.
Өз сорыма өзімнің
Аяғыммен барыппын.

Жанашыр десем – жаналғыш,
Жақсылығыма жоқ алғыс.
Жақын деп жақын тартқаным –
Жарты жолда жоғалғыш.

Қуанып тұрып, өкініп,
Күліп тұрып, күрсіндік.
Өмір дегенім – өтірік,
Өлеңде екен шын шындық.

## СЕНДІК!

Жанарым сендік талмаған
Тек саған ғана қараудан.
Жалғанда сендей бар ма адам,
Арман мен жырдан жаралған?

Тек сендік ғазиз ғұмырым,
Қуанышым мен күлкім де.
Өзіңсіз өмір сүруім
Мәнсіз ғой, тіпті мүмкін бе?

Сезіне алсаң ғой... сезіне...
Сүйе алармысың сен менше?..
Өлеңім сендік, өзіңе
Арналып өтер өлгенше.

Арманым сендік, көзімнің
Жасындай мөлдір мөлт еткен.
Қолыңда тұрған өзіңнің
Тағдырым сендік, серт еткем...

Байланған жіпсіз мәңгілік
Жүрекке сендік жүрегім.
Жадымда тұрар жаңғырып
Тілегім – сенің тілеуің...

Жасырып кейде жасымды,
Азабыңа да көндіктім.
Бағымды аш, байлап басымды,
Өзім де мәңгі сендікпін.

Ет кесіп алып етімнен,
Төзермін салсаң отқа да...
Бәрі де сендік...
Өтінем,
Арыма тиме тек қана!

## МЕЙЛІ...

Маған да біреу табылар,
Жолығар, бір күн жолығар.
Жүрегім бірақ жерленіп,
Құр кеудем қалар жаны бар.

Саған да біреу кезігер,
Сыңарын болар сезінер.
Жасырып жұрттан бәрібір,
Жүрегің бірақ езілер.

Айнадай мөлдір жаны бар,
Ару құшарсың назы бал.
Күндердің күні одан да
Көңілің құрғыр жалығар.

Жегенім болып сары бал,
Алтынға қолым малынар.
Күндердің күні маған да
Дүние шіркін тарылар.

Саған да сұлу бағынар,
Маған да сұлтан табынар.
Бәрібір бірақ қу жүрек
Бір-бірін іздер, сағынар.

Саған да жүзік салынар,
Маған да сырға тағылар...
(...Сорлап қалса да Сұңқарлар
Қарғаның бағын неғылар...)

## ЕҢ ҰНАМСЫЗ БІР АДАМ

Сандалтқан кезде сан сағым,
Бұлдырап бағым, бал шағым.
Бір жылап бірге бұлтпенен,
Тұнжырап келіп таңсәрім,
Адыра қалып ақылым,
Сол ақылсызды аңсадым.

Адырда қалған әнімнің,
Жауында калған жанымның,
Жалынға күйген жүректің
Сыңарын іздеп сабылдым.
Мың жерден сорым болса да,
Сол сүйкімсізді сағындым.

Түс көрем… Сосын тынам құр,
Шаршады әбден шыдам бұл.
Ең ұнамсыз бір адам
Әлі де маған ұнап жүр.
Сол жүрексіз жан үшін
Жүрегім үнсіз жылап жүр…

* * *

Бұл сен бе, күтпеп едім,
Өтінем, енді маған жүктеме мұң.
Неге келдің?
Мен үшін енді сенің
Жоқ еді түк керегің.

Құр бекер…
Тер төкпегін,
Енді мені сендірмес ертектерің.
Сүйем дейсің, сезімім сетінеген…
Сөкпеші, селт етпедім.

Біздің күн батты дерсің,
Мейлі, мені сезімсіз, қатты дерсің.
Кешірші, бұдан кейін сен мен үшін
Жай ғана жат біреусің.

Тағдырға көнгенім шын,
Өтінем, енді осылай ет тек мен үшін.
Ұмыт бәрін, сен енді мына маған
Әншейін әлдекімсің.

Өткенді парақтаймын,
Ант етем, енді ол күнді оралтпаймын.

Жолың ашық, кете бер, мейлі маған,
Ештеңе жоғалтпаймын.
Бәрібір...
Бәрі маған!
Босатшы, басқа жанның бағы болам.
Кетіңіз, мен сізді енді танымаймын,
Бұрын да танымағам...



**Абай ОРАЗ**

1994 жылы Сәтбаев қаласында туған. «Болашақ» университетінің түлегі. Республикалық, облыстық мүшәйралардың жеңімпазы.

## ҚАРАША ТУҒАНДА

Әжем шашы секілді түскен аппақ,
Тереземнің алдына шық қонақтап.
Қара суды жағалап қаз кеткенде,
Өлең жазам күйдіріп іштегі аптап.

Қарындас жұрт қалбаңдар қарашада,
Қазан-ошақ жанында бала-шаға.
Етек жиып елеңдеп ертеңшіл ел,
Қауқылдасып жатады оңашада.

Қиқар-қаңтар тоз-тоз қып түмен елді
Кеткенде апам бір аунап түрегелді.
Жанашырым, мен келсем жан ұшырып,
«Қарашығым» деуші еді күрең өңді.

Күпілі елдің айтқанын көп екшедік,
Мұқым ердің ішінен бөлектеніп.
Тарығып өскен жоқпыз таң бозында,
«Жарығым!» деген дауыс қорек болып.

Қалмаса егер кеудемнен үміт сөніп,
Күлік мінем алшайған, ұлық болып.

Жұртқа жат боп, ат мініп, ұртта – малта,
Мұрт та шығып келеді түбіттеніп.

Тұл тірліктен талғажау тоят тауып,
Тоқмейілсіп жүр едік, ой ақтарып.
Түзде түтін түтеткен түндік керіп,
Біз де кеткен екенбіз саяқтанып.

Күз келгенде қаз даусы құмық шығып,
Қызығымды барады ұмыттырып.
Қараша айы – қартайтар мезгіл екен,
Шығатұғын батпандап, күліп кіріп.

## ҰЗАҚБАЙ

***(Баллада)***

Иен дала шегі жоқ ыспа құм-ды,
Сықпыты сыпсыған жел, үт жамылғы.
Қырымқұл қонған ауыл паң көсілген,
Ару аттап шыққандай тысқа нұрлы.

Қаңсып қалған астаудың әлпетіндей,
Жалтақтатпай, жарлы етіп, жалқы өсірмей,
Қайран шеше баланы оннан тапқан,
Қой асықтың алшы, омпа, тәйкесіндей.

Баталы елге – сөз қайғы, мұрат қайғы.
Қазжан шалдан бір тұяқ – Ұзақбай-ды.
Қияға кең кеткен ой шідерленбей,
Жиі ағекем мінгенін ұзатпайды.

Бүккен қалпы іс тіккен бір ерінбей,
Біздің шөл ақмоншақ қыз білегіндей.
Домбырасын қолға алып сазарады өң,
Шайыры аққан еспеқұм үлегіндей.

Сексен саз бар сағада тұрған сыңсып,
Бір қандырған шөлімді, бір қаңсытып.

Кейде осы шал ерiген қорғасындай,
Құяды әкеп кеудеме жыр балқытып.

Содан кейiн дүние көшедi кеп,
Торығамын, құлазып, неше жүдеп.
Маңдай терiм ағады – ол неткенi,
Маңдай сорым секiлдi бес елi боп.

Бүлкiлiндей баяулап Бозiнгеннiң,
Iлкi iңiрде шалдардың көзiн көрдiм.
Бозбаладай бүлкекке қайта бастым,
Жайы осы екен дегем жоқ езiлгеннiң.

Күйшi кеткен, бұл маңнан жыршы кеткен,
Көлбеңдейдi көз жасым ыршып еппен.
Мен бiр әнге басайын, жүйрiгiң ем,
Сейiлмедi кеудемнiң бұлты көптен.

Ұйлықпалы желдей боп үзiк сарын,
Құлағыма келедi – түк ұқпадым.
Ұзақбай шал үйiнен ұзағалы
Ауыл жатыр iшiне бүгiп бәрiн.

## БIЗДIҢ ҮЙ

Өмiрiм – жүген, тартпа, айыл дедiм.
Өлеңiм дұғагөйiм жайында едi –
Әуелде ине-жiбi ұшығы екем,
Әуенге өзi салған қайырма едiм.

Үй маңы – күл бықсыған, iңiр – шаңдақ,
Мен де өстiм сол мекенде құлынша аунап.
Бiр төлдi бiр биеге телiп өстiм,
Бiздiң үй таныған-ды ұлын сонда-ақ.

Жүлгеге желi тартқан уақыт көшiп,
Асыл деп өткен өмiр, ақық десiп.
Байлаған құлын қалды өз жайына,
Қайнаған қазанымнан қашық кетiп.

Қондырып тізесіне шелегін көк,
Жеңешем бие сауды – өнерім деп.
Жетегін ұстап тұрған құлыншақтың
Кетерін мен білгем жоқ өлеңім боп.

Ішімде жұпары аңқып балалықтың,
Түсімде – үйге жетер жол алыс-ты.
Татпаған дәм-тұзымның белгісі ме –
Аттаған жоқ сияқты ем ала жіпті.

Сағымдай тау басына қайта көшкен,
Сағыздай әжем әнін айтам еппен.
Соқпағым ирелеңдеп қалды артымда,
Сағыныш сәуіріндей шайқап ескен.

## ҚАСЫМ ТУРАЛЫ

Қарқаралы!
Шалғайыңнан бұлт көшіп болса-дағы,
Маңдайыңман кетпеді сор табы әлі.
Хатқа жүйрік сол қалқа хат-хабарсыз,
Біржан салған ән «Жалғыз аршадағы».

Қызыл Көшен!
Ол шет пенен бұл шетке жүгірмес ем,
Түте-түте қылам деп түгіңді әсем.
«Түтінім түзу ұшқан туған жер» деп,
Қалай ғана сыйдырған ұғымға осы ел.

Қызыларай!
Үйден аттап қыз шықты бұрымы арай –
Мен қараймын тұрған боп түк ұнамай.
«Күлемін де, жылаймын», жыр оқимын,
Өлеңдегі деймін де пірім – Абай.

Уа, Рақымжан!
Қасқанды дауыл жұтты аласұрған.
Қолқалап алдырып ем нағашымнан.
Құйынға алқын-жұлқын ал кеп кірдім,
Айрылдым тұяғым мен қанатымнан.

Сақыпжамал!
Шашыңнан жұлдыз ағып жасырған әр,
Орамалдың ұшында жасың қалар.
Дариға-ай, он бес жасың ортеке екен,
Сені де тоз-тоз қылған тосын хабар.

Жақыбала!
Құдығыңның қималы тасына ана,
«Аманжолдың қосынан» оқырана,
Бір құлын су іше алмай кері кетті,
Білмеймін, үйіріне қосыла ма?



**Ардақ ТОЙЛЫБАЕВА**

1999 жылы Сәтбаев қаласында туған. Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің студенті.

## АЛАШАХАН КӨШЕСІ

Есімде жоқ, бүгін тіпті нешесі,
Өлең жаздым – ессіздіктің есесі.
Ойда жоқта муза тауып алыппын,
Себепкері – Алашахан көшесі.

Бір көшеден қарсы өтеміз үнемі,
Көргенінде сәл жымиып күледі.
Кім біледі, жүзі жылы болғанмен,
Тастан, бәлкім, жаратылған жүрегі.

Мен бар жерде жүргенінде ыңғайсыз
Күйге түсем, несін оның сұрайсыз?
Бір-ақ нәрсе айтқым келіп тұратын –
Үнемі ойға келмеңізші бұлай сіз.

Шабытымның иемденіп сарайын,
Жанарымның жалт еткізіп арайын.
Мен жаққа көп қарағаны қызық-ақ,
Мендей қыздың көре тұра талайын.

## МАМА, МЕН САҒЫНАМЫН

Жасырмаймын, ағымнан жарыламын.
Түсімде өткенімнен табыламын.
Бүгінгі күн жақсырақ болғанымен,
Мама, мен бұрынғыны сағынамын.

Сағынамын сәтімді еркелеген,
Соны, бәлкім, байыппен шертеді өлең.
Ақылыңды алмаған сәттерім-ай:
«Есеюге асықпа, ерте!» деген.

Мама, маған бағалы кешегі күн.
Өкінішті ол жақтан еседі мұң.
Менің ессіз балалық шақтарымда,
Жастығыңды ұрлауды көкседі кім?

Ағармаған кездерді самай шашың,
Төгілмеген уақытты талай жасың,
Сағынамын сәбилік ойларымды,
Жетер дейтін бәріне қалай басың.

Мама, маған сағыныш бәрі бүгін.
Күліп атар тамаша әлі күнің.
Дидарыңнан жастықтың шоғы кетпей,
Асықпай-ақ келсінші кәрілігің.
Мама!

## ӘБІГЕРЛІГІМ-АЙ...

Тек маған қайғы тұрғандай төніп, желкелеп,
Жаратқан көптен жаратқандай боп кенде ғып.
Бүктеліп төртке, тағдырға тайғақ өкпелеп,
Жіпсіз байланып жанға жағымсыз пенделік...
Әлсіздігімнен.

Алдаусыратқан ақылға көнбей қас-қабақ,
Жабырқау жүзге бозалаң ақ таң – серігім.
Маңдайымдағы қос жарығымнан жас тамад,
Болмысымдағы жалғандығымнан жерідім...
Қажығанымнан.

Арпалысымда әлсіздігімді танытып,
Көндіктім мұңға көңіл көгіме шапшыған.
Көрсете білмей күш-қайратымды жарытып,
Өз сөзімдегі найзама өзім жаншылам...
Аңғалдығымнан.

Қос көрінгендей келешегіме елеңдеп,
Дөңбекшіп жатып мәжбүрлеп есті ұйқыға,
Санама әбден абыржу халін көгендеп,
Байлана берем ессіз ойлардың сыйқына...
Қорқынышымнан.

Азанды естіп, ағарған таңға сазарып,
Дестелі сөзден тыншытар жанды қайыр жоқ.
Қаншама сөзді арнап сезімге қаза ғып,
Жеткізе білмей, әлекпін несін шайыр боп?
Әбігерлігім-ай...



**Жеңіс ТІЛЕКЕНОВ**

1998 жылы туған. 2018 жылы Жезқазған гуманитарлық колледжін бітірген. Қазір М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің студенті.

## КЕНШІЛЕРДІҢ ШАҺАРЫ

Нағыз ердің естілетін қаһары,
Жер астынан тас қопарған сапалы.
Алтын, күміс, мырыш, мысын айырған,
Бұл Сәтбаев – кеншілердің шаһары.

Елемейтін күннің атып, батарын,
Ай сәулесін, аппақ таңның атарын.
Ертелі-кеш тіршілікте тынымсыз,
Бұл Сәтбаев – кенші тұрған шаһарың.

Ерлерінің еселеніп атағы,
Жер астында жорықтары, сапары.
Ерлік ісін бар әлемге паш еткен
Бұл Сәтбаев – кеншілердің шаһары.

Болашақтың мың кірпішін қалаған,
Қазақ көркі, қарыз оған қала, маң.
Бейбіт күннің батырларын балаған,
Сәтбаевтай айналайын қаладан!

## ЕЛІМНІҢ ЕҢСЕСІ

Сарыарқа, кең сахарам күн қақтаған,
Тарихта құрсағың бар құр жатпаған.
Егемен Елорданы сен толғатып,
Есілдің ырғағымен құндақтаған!

Ақын жоқ Астанама үн қатпаған,
Арқаның үкісі өзің бұлғақтаған.
Мен-дағы жиырма жасар құрдасыңмын,
Намыспен айбыныңды ұрлатпаған.

Астана, секілдісің гүл бақ ғалам,
Өзіңнен сарқылмайтын жыр, бақ табам.
Астана – күн астында көмкерілген,
Ертегі, жұмақ мекен, жұмбақ қалам.

Сарыарқа, перзентіңмін жыр баптаған,
Бес ғасыр ұртымды өлең құрғатпаған.
Ей, Астана, елімнің еңсесі сен,
Өзіңмен әрбір қазақ қымбат маған!

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫНА

Қазақтың мақтан батыры,
Зор көрінген айбыны.
Дарын еді айтулы,
Өмірі өтті қайғылы.

Қазақпенен егіз ғып
Бүкіл өмір өрнегін.
«Маса» болып оятып,
Ел үшін не көрмедің?!

Қазақ үшін туған жан,
Дүр еткізген ғаламды.
Ойы терең асылдан,
Қолына алған қаламды.

Сенім артса ұлы елі,
Қайғы-мұңға толды іші.

Ардақты адам, киелі,
Бір жаралған болмысы.

Жырларына ақынның
Мөлдірлік тән, тазалық.
Өтті ылғи халқының
Мұң-қайғысын аза ғып.

Тірегісіз бір ұлттың,
Барсыз, бізбен тірісіз.
Қазақ деген тауымның
Биігі – сіз, шыңы – сіз!

## БІЗДІҢ ӨҢІР

Өлеңімді айтар болсам өрілген,
Сарыарқамыз – байтақ дала керілген.
Кең даланы мекен еткен төсінде,
Айналайын мыс сапырған өңірден.

Айтар болсам аузым менің майланар,
Айтыңдаршы, мұндай өңір қайда бар?
Тас қопарып, мыс қайнатқан бұл өңір,
Өр Қаныштың көзі десем сай болар.

Алтын елім, асыл жерім, бай түгің,
Дәл өзіңмен салтанатты, сай күнім.
Жезкиігі көркі болған даламның,
Жезқазған деп төгіледі бай жырым.

Ұлытауым – ұлт ұясы, қорғаным,
Бабалардың даңқы болған заңғарым.
Хандық құрып, хан сайлаған Хан ордам
Кірлетпеген ел үмітін, арманын.

Тау қопарып, тас қалаған дала маң,
Оған куә тарих, ғасыр, заманам.
Кен аударған қайсар елміз тәкаппар,
Жалғастырған ата кәсіп бабадан.

Бастауындай біздің өңір бар істің,
Таңбалаған тарихыммен танысқын.
Біздің аймақ ілтипаты деп білем,
Атын алса кенді қала Қаныштың!



**Жұмабай ИСАХАН**

1998 жылы Ұлытау ауылында туған. 2017 жылы Сәтбаев қаласындағы технологиялық колледжді бітірген. Облыстық, республикалық жыр сайыстарының жүлдегері.

## КЕНШІ ДЕГЕН...

Бұл жазғаным біреуге дерек болар,
Білмегенді білуге себеп болар.
Кенші деген – бүгіннің батырлары,
Біліңіздер, бір күні керек болар.

Қазағымдай қадірлі даналардан,
Тау көтерген толағай бабалардан,
Кенші деген атақпен аты әйгілі,
Жер қопарар білімді бала қалған.

Олар – сондай сабырлы, жақсы адамдар,
Ережесін еңбектің жаттағандар.
Маңдайшамын киіп ап бастарына,
Әрбір істі бақылап бастағандар.

Кенші деген – еңбекқор дара тұлға,
Қиындыққа бет бұрып қарасын ба?
Жүрегінде順кеншінің жұдырықтай
Үміті мен үрейі таласуда.

Төбесінен тамшылап қара сулар,
Забой ішін кезетін ауасы тар,

Күні-түні жүретін сағынумен
Кеншілерді отбасы, баласы бар.

Жер астында жең түріп, терлегендер,
Батыры олар бүгіннің, нағыз ерлер.
Ажалымен арпалыс болған бетте
Ажалына жеңісті бермегендер.

Тер-тер болған маңдайын қағынуда,
Уақыты жоқ ұзаққа тосылуға.
Жұмыстарын аяқтап кенші ағалар,
Жер бетіне жетуге асығуда.

Жер астының тұрғыны, дара жандар –
Кеншілерді құрметтеп, бағалаңдар.
Жүрек жұтқан жандарды іздесеңдер,
Осы өңірдің шахтасын араландар.

## БҰЛ СӘТБАЕВ...

Қарыштаған, өркендеген, жайнаған,
Көрер көзді көркіменен байлаған.
Бұл Сәтбаев – тектілердің мекені,
Өнер, білім иесіне бай қалам.

Маңдай тері от қызудай қайнаған,
Жердің астын жүрексінбей жайлаған.
Бұл Сәтбаев – кеншілердің шаһары,
Еңбек қылып, елдің қамын ойлаған.

Шаһарында шат күлкіге тоймаған,
Әрбір күнін мереке деп ойлаған.
Бұл Сәтбаев – сәбилердің күлкісі,
Балалары көшесінде ойнаған.

Қаламыздың құны қымбат бағы бар,
Мейірімді тұрғындары тағы бар.
Бұл Сәтбаев – жас буынның қаласы,
Бойларында намысы мен ары бар.

Келген жанды күтіп алып деміге,
Құрметпенен отырғызар төріне.
Бұл Сәтбаев – қонақтарға құтты жер,
Кім келсе де мақтайтұғын егіле.

Бұл Сәтбаев – биік шыңға өрлеген,
Бұл Сәтбаев – бақыт, байлық төрлеген.
...Жер-жаһанды аралама әуре боп,
Сәтбаевты бір аралап көрмесең.



**Жайна ДІЛДЕБАЕВА**

1998 жылы туған. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің студенті.

## ҒҰЛАМА

Қаныш ата – киелі жер иесі,
Өнеге – тәлімі мен тәрбиесі.
Мен тұрамын Сәтбаев қаласында,
Тәңірдің берген ғажап несібесі.

Байлықтың астанасын тапқан ғалым,
Қаныш ата, өзіңмен мақтанамын.
Ішінде жүргендейсің кейде маған
Табысы тасқындаған шахталардың.

Оқуға арнап өткергесін көп күнін,
Оған байлық білімнен зор жоқ-тұғын.
Жеті мәрте өлшеп, бір-ақ кесетін,
Тұқымы еді, тұяғы еді ол тектінің.

Тереңінен ойлар болсақ сірә да,
Тақыр жерге терек өсіп шыға ма?
Қаныш – Қазақ, Қаныш – біздің атамыз,
Бар әлемді мойындатқан ғұлама.

## ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЙЫНДА

Тәуелсіздік – тұғырым, салтанатым,
Саған қарай ұшады ән қанатым.
Құтты болсын мерейің, туған елім,
Міне, думан әлемге жар салатын.

Оянып ең ұлттық рухпен сілкініп,
Бұғау бұздың асаулардай бұлқынып.
Қиындықты жеңу еді мақсатың,
Сол армандар орындалды бұйырып.

Тәуелсіздік тойы, міне, халайық!
Би билейік, шырқап әнге салайық.
Тәуелсіздік – ұлттың ұлы тойы бұл,
Тәубе етіп, шүкіршілік қылайық.

Тәуелсіздік құтты болсын, ағайын,
Қуанғаннан жырдан алқа тағайын.
Бұл мереке сенікі мен менікі,
Алдарыңнан шықсын күнің, бақ айың.

## АНА ТІЛІМ – АРДАҚТЫМ

Ана тілім – менің мәңгі қуатым,
Өлең – әнім жүрегімнен туатын.
Міне, бүгін ақ параққа жыр төктім,
Жарық жұлдыз секілденіп тұратын.

Үлгі қылып, өзіңді биік етем,
Өз тіліңде сөйлемеу күйік екен.
Туған тілдің сыры терең сондықтан,
Ана тілім, ардақтым, сүйіп өтем!

## САҒЫНЫШ

Кетті әкем өмірден қас қағымда,
Мені осылай ертерек тастадың ба?
Әке жайлы сыр шертіп отырмын мен,
Қалықтаймын ақындық аспанында.

Сағыныштан сені іздеймін, әкешім,
Мәпелеген әрқашанда бөпесін.
Құшағыңа қатты қысып, деуші едің
Мына мені еркелетіп «көкешім».

Сабырлықпен қиындықты жеңдірем,
Жоқтығыңды сездірмеймін енді мен.
Жұғым болды ақындығың маған да,
Ақылыңды айтушы едің сен кілең.

Әке, сенсің асқар тауым өмірде,
Туылғаннан қызығамын өмірге.
Бірге жүрсек жақсы еді ғой, әрине,
Түспесінші енді кірбің көңілге.

## СӘТБАЕВ ҚАЛАСЫ

Туған қалам – жас қала,
Мен үшін ол – бас қала.
Кеншілері ардақты,
Үлгі болған басқаға.

Кенді қазып тереңнен,
Бақыт-нұрға кенелген.
Кіндік қаным тамған жер,
Жаса, жаса, кемелден!

Көктемінің күйі бал,
Бәрі ойға жиылар.
Өлкемізге өрілген
Алланың ақ үйі бар!

Ерлерім бар еңселі,
Жібермеген есені.
Шынболаттың Сарайы
Көрікті еткен көшені.

Ақындықпен самғаймын,
Белестерді барлаймын.
Өлеңіммен, Сәтбаев,
Сені мәңгі жырлаймын.



**Еркін БЕРДІҚҰЛОВ**

1974 жылы Ұлытау ауданы Байқоңыр ауылында туған. Қазір №55 шахтада кенші.

## ҰЛЫ ДАЛА

Қазағым әлімсақтан мекен еткен,
Ұлы дала ғажайып, көркем неткен!
Сан ғасыр сол даланы қорғаймын деп,
Батырлар тұлпарларын ерттеп өткен.

Балбал тастар тарихтан шертеді сыр,
Бабалардың рухы қанымда жүр.
Тас бетіне салынған суреттен,
Өткеніңе үңіліп, таны да, біл!

Кең-байтақ, құтты мекен – Ұлы Дала!
Ұлы Дала биігі – Ұлытауда!
Қазақтың қасиетті Ордасы бұл,
Қалдырған бабаларым ұрпағына.

Ұлт тарихын зерделеп, пайымдауға,
Ұлытаусыз маңызын ұғынам ба?
Биігінен қарасаң Ұлытаудың,
Асқақтап кетеді екен Ұлы Дала!

## КЕНШІ

Оңай емес кеншілердің еңбегі,
Қазып алу асыл тасты жердегі.
Бере қоймас оңайлықпен байлығын
Жер астының құпиялы белдеуі.
Тағып жүрген алтын, күміс алқаңыз –
Ащы тер мен денсаулықтың төлеуі.

Көзбен көрмей ешкім де сене қоймас,
Шахталарда боп жатар күнде шайқас.
Жердің асты – мекені батылдардың,
Қоянжүрек адамдар бара қоймас.
Кен бұлағын ағызған кеншілерге
Тең келетін ешқандай теңеу болмас!

* * *

Кездер көп өз-өзімді түсінбейтін,
Бұйрық па екен қиналып жүрсін дейтін?
Бәрін де жүрегіме жақын алып,
Күрсінем нәрселерге күрсінбейтін.

Тағдырдың түрі ме екен жазалаған?
Түсінбей-ақ қойдым ғой, сірә, бұған.
Баяғы ұмыт болған нәзік сезім
Қайта оралып, жанымды мазалаған.

Мазалаған, ғайыптан пайда болған,
Уайымдатып, түбі жоқ ойға салған.
Қос кеме ортасында қалғандаймын,
Қандай амал етемін енді бұған?

Отырмын жауап таппай мың сұраққа,
«Ер болсаң шыдау керек бұл сынаққа».
Өзімді-өзім солай қайрап қоям,
Қарманып ұмтылғандай бір шыбыққа.

Кезінде талай мені қинап еді,
Тәттісін басқа жанға сыйлап еді.
Ойда жоқта қайта еніп өміріме,
Менің нәзік жанымды қинайды енді.

Жаныма жақындатпан шайтан-ойды
(Тасқа соққым келмейді маңдайымды).
Өйткені мен ешқашан кете алмаймын
Алтынға айырбастап гауһарымды.



**Қымбат ҚОМЫТОВА**

2002 жылы Сәтбаев қаласында туған. Қазір Ы. Алтынсарин атындағы №19 орта мектептің 10-сынып оқушысы.

## СЕН – ҚАЗАҚСЫҢ!

Сен – қазақсың!
Қаһарлы ұрпағысың батырлардың,
Себепсіз қанға қанжар батырмағын.
Халқының қамын ойлап өмір кешер,
Сақталған сынығысың асылдардың.

Сен – қазақсың!
Әдептен әр кез аттап озбағансың,
Тәліммен жүрек, ойды қозғағансың.
Таныған сөз атасын Майқы бише,
Шешімде ішек шұбалтып созбағансың.

Сен – қазақсың!
Ұштасқан әділдігің адалдықпен,
Байыпты болашақтан қадам күткен.
Көз тіккен зеңгір көкке, заңғарларға,
Ұрпағым болса деген қадар нүктем.

Сен – қазақсың!
Мұсылмансың Аллаға бас ұратын,
Жаратпас күнәһардың пасық атын,
Ұдайы бес уақыт дұға жасар,
Мешітке әр жұмада асығатын.

Сен – қазақсың!
Сынығысың Күлтегін баһадүрдің,
Мәшһүр болған баршаға атың дүркін.
Әйгілі болсаң-дағы бар әлемге,
Қарапайым жан болып жерде жүрсің.

Сен – қазақсың!
Досыңа опасыздық жасамаған,
Пәк көңілін реніштен тасалаған.
Адалдығын танытса танысына,
Жақсылығы шығатын қашанда алдан.

Сен – қазақсың!
Қарысып қарсыласқа берілмейтін,
Кейінге бір қадам да шегінбейтін.
Адалдықты танытып әрқашанда,
Жақсылық жасағанда керілмейтін.

Сен – қазақсың!
Адуынды халықсың түбі қатты,
Өлімнен биік қойған ар-ұятты.
Аруы арын сақтар, жігіт – тегін,
Құранын құрметтеген, шариғатты.

## КҮЙБЕЛЕҢ

Әлемде тіршілік иесі,
Бірнеше миллиард адам бар.
Әркімнің өзінше жүйесі,
Мұң шегу, қуаныш, аландар.

Көзқарас өзгерту мақсат қып,
Кейбірі алысар өзімен.
Алмаса ойынан жақсы ат түк,
Байқатар осалдық сөзімен.

Біреулер өмірмен күрессе,
Әлдекім ажалмен айқасар.
Кейбірі тағдырмен тіресе,
Жеңе алмай, көне сап жай қашар.

Өтеді адамның өмірі,
Тағдырмен жанталас алысып.
Ал бірақ уақыт күтпейді,
Қаншама қуғанмен жарысып.

Асығып, алқынған өмірде,
Білмеймін, нені адам күтеді?
Білерім – бір күні көңілдер
Суынып, салқындап бітеді.

Қиялға беріліп қисынсыз,
Бой бермес құлшынған білектер.
Күйге еніп кейіпкер сүйкімсіз,
Тоқтайды бір күні жүректер.

## ІЗДЕМЕ

Хат жазбашы, хабарласпа, іздеме,
Ештеңе де қоймас енді өзгере.
Бір кеттің бе, енді қайтып оралма,
Жаз дәуренің айналса да күзге де.

Хат жазбашы, хабарласпа, еске алма,
Келіп тұрса бақыт егер кеш қалма.
Жаныңда жүр бақыт құсың аялар,
Бағалай біл аққуыңды ес барда.

Хат жазбашы, хабарласпа, сағынба,
Маған десең, айналып кет сағымға.
Менменсінген мінезіңмен тәкаппар,
Мені ойлап мұң шынжырын тағынба.

Хат жазбашы, хабарласпа, «кеш» деме,
Кешіргенмін, айтарым жоқ ештеңе.
Жүрегімнің мекенінен кетерде
«Оралмаймын» деген сөзің есте ме?!

Хат жазбашы…
Хабарласпа…
Іздеме.

## АҚЫМАҚПЫН...

Тік мінезді бетке айтар ойымды,
Көңілге алар деген ойлар жойылды.
Кім біледі, айтқанымды есте ұстап,
Ол кісінің көкірегі ойылды.
Ақымақпын...

Қазір айтып тастаймын деп қоймаған,
Өз басының ауырмауын ойлаған.
Басқалардың қалауынан бас тартқан,
Өзгелердің сезімімен ойнаған.
Ақымақпын...

Өзгелермен санасуды білмеген,
Біреу айтса, қырсықтықпен көнбеген.
Менмендікпен марқасқа боп марқайып,
Сыйлық алған менменшілдік жүлдеден.
Ақымақпын...

Салқын сөйлер дөрекілік танытып,
Айтқандай бір жақсы жауап жарытып.
Шыдағандар мінезіме ұқтырған,
Төзім жайлы білмегенде әлі түк.
Ақымақпын.



**Қанат НАРЫНҰЛЫ**

1974 жылы Қостанай облысы Амангелді ауданының Екідің ауылында туған. Еңбек жолын 1998 жылы Жезқазған қаласындағы мыс қорыту зауытында бастап, кейін шахтапроходкалау тресінде жалғастырды. Қазір еңбек демалысында.

## КЕНІШТЕРДЕН МҰНАРАЛАР МҰНДАЛАП

Академик Қаныш аға қаласы,
Сарыарқаның байлық тұнған даласы.
Табанында сап-сары мыс балқыған,
Осында жүр нағыз қазақ баласы.

Сұлу көркін тербеп самал еседі,
Аспанында ақша бұлттар көшеді.
Қыдырыстап үлкен-кіші жүреді
Қаныш аға ізі қалған көшені.

Ғажап қала, күллі әлемге әйгілі,
Қойнауында тұнып жатқан байлығы.
Салтанатты, сәнді қала – Сәтбаев,
Құлпырады жұпар шашқан әр гүлі.

Кеніштерден мұнаралар мұндалап,
Табысымның тіреуіндей тұр қарап.
Академик Қаныш аға ашқан жол
Бізді мәңгі биіктерге бастамақ.

***

Ұлытау – ұлт тарихы сыры тұнған,
Ұлтыма тым ерекше ұлы тұлғаң.
Бабаларым бірлікті сенен тапты,
Қазақтың тірлігіне негіз болған.

Алты алаш саған келіп басын қосқан,
Тарихың – таусылмайтын мәңгі дастан.
Сарқылмас сан шежіре жатыр сенде,
Өткеннің ізін көрем әр тасыңнан.

Салқындап демаламын саясына,
Барам да биші қайың арасына.
Биігіне тауымның көз саламын:
– Мұндай тау жоқ, – деп, – қазақ даласында!

Қарасам қазақтың кең даласына,
Ұлытау, сендей тау жоқ расында.
...Баяғы бірлігіміз қайтып келер
Сол таудың жеткен күні бағасына.

***

Сұлу мүсін, әп-әдемі дидарың,
Неге, жаным, жүрегіме сыймадың?
Қалдым, білем, асыл еркем, кешігіп,
Басқа жанға үмітіңді сыйладың.

Сені, жаным, жұлдызыма баладым,
Сені сүю – арман, асыл қалауым.
Жұлдызды қыз, сүйем сені әлі де,
Маған жақшы сезімiңнің алауын.

Сен боларсың аспандағы жарығым,
Сенің ыстық кеудемде тұр жалының.
Бұлт үйіліп жауып тұрса бейнеңді,
Жүрегімді жаралайды қалың мұң.

Жұлдызды қыз – менің сүйген ғашығым,
Аспанда тұр сәуле шашып асылым.
Келіп тұрар қызғаныштан өзіңді
Ай астына пенделерден жасырғым.



**Қанат НҰРТАЙҰЛЫ**

1960 жылы Ұлытау ауданының Шеңбер ауылында туған. 40 жылдан бері жүргізуші болып еңбек етуде.

## РАХМЕТ ҚАНЫШ БАБАМА!

Қанатын жайып келеді,
Сәтбаев қалам көркейіп.
Қыдырған жастар көшеде,
Шаттықтың әні тербетіп.

«Таусылмас кеннің қоры» деп,
Ертеңге сондай сенеміз.
Бірлігім тұрса мызғымай,
Қиындықтарды жеңеміз.

Рахмет Қаныш бабама,
Байлығын тапқан даламның.
Ризашылықтың белгісі –
Есімін бердік қаланың.

Қырық бес жасқа толғаны –
Біз үшін үлкен мереке.
Кеншілердің еңбегі –
Еліме ырыс, береке.

Сарқылмасын қазына,
Тоқтамасын керуені.
Ең бір сұлу қалаға
Айналса екен елдегі!

# ТУҒАН ЖЕРІМ

Балалық шақ, бал дәурен,
Өскен жерім – Шеңберім.
Шеңбер деген мен үшін
Жер жәннаты дер едім.

Алаайғырдың асуы,
Маған сондай қымбатсың.
Өмірге кеп осында,
Мен дүниеге үн қаттым.

Табиғаты ғажайып
Көксу, Махат, Мәйкенің.
Шапқылап жайлау төрінде
Бала кезде жүргенмін.

Алтын ұя – мектебім,
Нәр алып сенен көктедім.
Өзіңде қайнап шыңдалып,
Биікке қарай өрледім.

Содан бері қаншама
Өтті жылдар арада.
Жастық шағым мәңгілік
Сақталып қалды-ау санада.

Шалғайдағы ауылым,
Аңсаймын сені, сағынам.
Жайлауы жоқ қалаға
Амалсыздан бағынам.

## АУЫЛЫМ

Ауылым – алтын бесігім,
Ыстық қой саған сезімім.
Жартасың, сайың, қыр, төбең –
Бәрі де қымбат мен үшін.

Жағалай қонған өзенді,
Ауылым құтты мекен-ді.
Қонақтап тұрған қаздардай
Аппақ шатырлы үйлері.

Құлан сайы ақ жарылар,
Тұнық мөлдір бұлақтар.
Самал желмен тербелген,
Алып тұлға терек бар.

Оң жағында ауылдың
Ұзын сайы Найманның.
Жоғарғы жағы төбесі –
Ат бәйгесі алаңның.

Ақтастының қырына
Шықтым барып жуырда.
Көп қарадым қызығып
Табиғаты көркем ауылға.

Орман, тоғай, өзеннің
Тыңдадым сыршыл үндерін.
Ғажап қой, шіркін, балалық,
Қайта оралмас күндерім.

К Ө Р К Е М

СӨЗБЕН КЕСТЕЛЕП...



**Шамил САДЫКОВ**

**Шакир а-Мил (псевдоним),** уроженец деревни Молвино (Татарстан, Россия). В г. Сатпаев проживает с 1964 года. Горняк с 30-летним стажем, русскоязычный писатель и публицист. Пишет в основном малую прозу. Рассказы Шакир а-Мила переведены на татарский и итальянский языки.

## ПОВЕСТЬ О ЛЮБВИ

*«Ибо крепка, как смерть любовь».*

***Библия. Песнь песней 8:6***

*«Но повесть о Ромео и Джульете*
*Останется печальнейшей на свете».*

***Вильям Шекспир***

*«Ат айналып қазығын табар,*
*Ер айналып елін табар».*
*«Сколько бы конь не кружил,*
*к коновязи вернется.*
*Сколько б жигит не бродил,*
*на Родину вернется».*

***Казахская пословица***

Укрывшись от посторонних глаз, отчаянно спорили два чеченских джигита, двоюродные братья Ахмад и Иса, вместе со всем населением своего аила сосланные в казахскую степь.

– Я хочу видеть Фатиму, – так говорил Ахмад о своей возлюбленной. – Я уйду отсюда и доберусь до моря. А оттуда я знаю, как добраться домой.

– Не делай этого, Ахмад! – уговаривал его Иса. – Ты заблудишься и погибнешь. Представь себе, сколько горя ты принесешь родителям?! Да и найдешь ли ты Фатиму? Солдаты выслали всех. Всех.

– Они не могли выслать Фатиму, – убеждал Ахмад. – Вспомни, не каждый из наших мог найти дорогу в их аил. А кто и случайно и приходил к ним, не мог сам выбраться с этих мест.

– Послушай, Ахмад, – упрашивал Иса. – Сейчас зима. Дождись весны и тогда решай, идти тебе или нет.

– Нет, я уйду сейчас, – отвечал Ахмад. – Я хочу видеть Фатиму.

И тогда Иса сказал, что уйдет вместе с ним.

Еще целый месяц они собирали припасы. И когда, наконец, решили, что их достаточно, объявили родителям, что пойдут в соседнее стойбище навестить родственников.

Ахмад попросил сестру свою Мадину, сказать родным через три дня, что они не вернутся никогда. Мадина, привыкшая слушаться мужчин, покорно кивнула головой и украдкой взглянула, прощаясь на братьев, завидуя далекой Фатиме.

...На восьмой день пути у них кончились припасы, а моря все еще не было видно. Еще через два дня братья поняли, что погибнут. Они не знали, это было чудо, что живы до сих пор. Ведь каким-то чудом их пути не пересекались со стаями голодных волков, и на их пути встречались заброшенные зимовки, где они могли переночевать.

Настал день одиннадцатый. Они снова вышли в путь.

Ахмад окинул взглядом, в котором уже не было блеска удачливого беглеца, бескрайнюю степь, и первым шагнул вперед. Время от времени он оглядывался назад, безмолвно шагавшего за ним обессилевшего Ису.

В полдень начался буран. Братья в метре не видели друг друга. Но останавливаться было нельзя. Вокруг не было ни кустика, где они могли бы укрыться.

Вскоре, когда Ахмад оглянулся, он не увидел Ису. Целый час он бродил вокруг, кричал и звал брата, вглядываясь вокруг себя, но никто не отвечал ему. Наконец он понял, что и сам не знает, куда идти. Но стоять было нельзя. И тогда он пошел вперед, туда, куда ветер дул ему в спину. А буран только усилился и под ее вой Ахмад слышал вдруг то веселый смех Фатимы, то грустную песню мамы. И когда через некоторое время он услышал голос Исы, решил, что это ему тоже только чудится. Но голос был все ближе и ближе. И, наконец, он на-

шел Ису. У них не было сил обняться, и они просто прижались друг другу, согревая дыханием обмороженные лица.

Иса стоял, прижавшись к стене какого-то сарая.

– Я не могу найти вход, – виновато пояснил он.

Побродив вокруг, они нашли дверь и, раскидав снег, вошли внутрь сарая. И, приглядевшись, увидели одиноко стоявшую в углу корову. Так к ним пришло спасение. Спустя какой-то час, отогревшись и наевшись свежего мяса, они уснули.

Когда за ними пришли, они крепко спали. Их связали и только тогда с трудом разбудили.

## 2

*«Адам болу оңай,*
*Адам болып қалу қиын».*
*«Человеком быть легко,*
*человечным быть трудно».*

***Казахская пословица***

Тепло и вкусно пахнет в зимовке Едеге.

Только не радует это Едеге и его гостей. Горе у Едеге. Пропала корова. Мясо кончится, а корову кормилицу не вернешь.

Вместе с аксакалами, за дастарханом русский Иван, бывший старый революционер и директор одного из ленинградских заводов Завьялов Петр Степанович, осужденный как троцкист и сосланный после отбытия срока в этот аул. И самый уважаемый старик из гансов (так в этом ауле звали немцев-переселенцев с Поволжья) – бывший ветеринар Чапаевской дивизии, рыжий Карл Рихтер, известный своей безотказностью, когда случается лечить домашнюю скотину, и тем, что он лучше всех скоро выучил казахский язык.

Отведав угощение, аксакалы сочувственно поглядывают на хозяина и тихо переговариваются между собой.

И только жена Едеге, маленькая Халима, громко плачет, посылая проклятия на беглецов, привязанных, сидя спинами друг другу, в углу зимовья. Но и она скоро умолкла, когда старейший из аксакалов – Абдрахман велел ей накормить братьев. И Едеге с удивлением наблюдал, как, став на колени и тихо плача, Халима кормила беглецов, и они, не поднимая головы, благодарили ее.

Вскоре в зимовье вошел старейший аксакал из сосланных чеченцев Гамзат. Едеге, как положено хозяину, встретил его, помог раздеться, полил водой на руки с кувшина и указал на

место среди аксакалов. Гамзат, обошел всех, приветствуя рукопожатием, затем сел на свое место и совершил короткую молитву. Халима поставила перед ним мясо и сурпу.

Отведав это, Гамзат немного помолчал, затем спросил:

– Могу ли я говорить, аксакалы?

– Говори, – сказал ему Абдрахман.

– Большое горе постигло наш народ, – говорил Гамзат. – В один час мы лишились Родины, и нет нам утешения, ибо как говорят в вашем народе, что лучше камнем быть придорожным, но в стороне родной. Это тоска по дому привела этих наших молодых братьев в эти края, и они совершили поступок не угодный Аллаху. Аксакалы! Что вам до жизни этих джигитов? Вы все понимаете, что с ними будет. Отпустите их. Мы купим и вернем корову уважаемому Едеге и вечно будем молить Всевышнего за души ваши.

Гамзат замолчал. Из аксакалов только Абдрахман да Сагит знали русский язык, и Сагит пересказал, как мог, слова чеченца.

Гамзату ответил Абдрахман.

– Купите корову? Почтенный, даже у нас нет таких денег, чтобы помочь Едеге. Мы все понимаем твои слова, Гамзат, и даже Едеге. Но каждый из нас думает, а кто же это все скажет оперу? А ведь у каждого из нас семьи и дети. Ты подумал об этом, Гамзат? И напрасно ты вызвал наши души на суд Аллаха. Вот спроси у Ивана, разве кто ему сказал хоть одно плохое слово? Вспомни, когда вас бросили сюда, как стадо баранов, разве мы не помогли вам? А сколько горя нам всем принес немец-фашист? Но пусть хоть один ганс скажет, что мы упрекнули его, что он тоже немец?

И снова в зимовье наступила тишина. Наконец поднялся старый Гамзат и сказал:

– Простите меня, аксакалы. Я мог обидеть вас словами. Спасибо Абдрахману, он правильно сказал. Кто поедет за опером?

– Я утром завтра поеду, – откликнулся Сагит.

– Это два дня пути, – говорил Гамзат. – Аксакалы, отдайте нам этих юношей на эти два дня. Пусть они проживут их среди народа своего. Я, Гамзат, обещаю вам, через два дня я сам приведу их сюда и свяжу их, как они связаны теперь.

Абдрахман, дождавшись, когда Сагит перескажет слова чеченца, оглядел молчаливых аксакалов и, понимая, что они будут молчать, сказал:

– Я верю этому человеку.

И наклонившись, взял нож и подал его Гамзату, чтобы тот мог перерезать веревки связанных беглецов.

### 3

*«Кісіні кейде таршылық сынайды,*
*Кейде баршылық сынайды».*
*«Достоинство человека проверяется*
*И нуждой и достатком».*

***Казахская пословица***

Прошло четыре дня, как оперуполномоченный с двумя солдатами увез беглецов в район, когда в зимовку к Едеге пришел Абдрахман.

Едеге поспешил встретить аксакала, чтобы помочь раздеться, но тот остановил его и сказал:

– Одевайся и выходи на улицу, Едеге, разговор к тебе есть.

Едеге оделся и вышел на улицу. Взволнованная Халима поспешила за ними. На улице она увидела, кроме Абдрахмана, русского Ивана, чеченца Гамзата и ганса Карла, в руке которого была веревка, с привязанной к ней, огромной, черно-белой масти коровой.

К Едеге подошел старый Гамзат и, наклонившись, медленно, чтобы было понятно, сказал:

– Почтенный, вот мы купили тебе корову. Все чеченцы отдали свои деньги. Аксакалы помогли нам, сколько могли. Иван продал дорогое кольцо и дал нам денег, половина денег его. И гансы собрали все, что есть у них. Возьми эту корову, Едеге, и прости грех наших молодых братьев, ибо не со зла согрешили они.

Смущенный Едеге, переминался с ноги на ногу, не зная, что ему сказать и делать. Наконец, он заглянул за спину старого ганса Карла и взглянул на корову.

– Бери корову, Едеге, бери, – сказал по казахский, попыхивая трубкой, старый Карл. – Эта корова лучше прежней будет, я сам выбирал.

Довольный, что сам умный Карл выбрал ему корову, Едеге благодарно улыбнулся ему.

Тут, услышав слова Карла и понимая, что какие-то важные дела делаются без нее, вперед выступила Халима. Она растолкала стариков, подошла к корове, осмотрела ее рога, ощупала вымя и произвела еще множество движений известных только

им, женщинам. Наконец, видимо довольная таким осмотром, она зачем-то похлопала по бокам коровы и немного смущенная тем, что на нее смотрят мужчины, опустив глаза, подошла к старому Гамзату. Халима, положила руку на его грудь, и, подняв голову, медленно, выбирая слова, сказала:

– Скажи твоя Айна. Халима сказала. Ходи в гости. Молоко, чай кушать будем.

И довольная, что так много смогла сказать по русский, рассмеялась.

Гамзат, аккуратно взял ее руку и тихо погладил ее.

## 4

*«Айырылмастай досыңа*
*қайырылмастай сөз айтпа».*
*«Другу неразлучному*
*не говори слов прощальных».*

***Казахская пословица***

Возлюбленная Ахмада, Фатима, не выдержав тяжелой дороги, умерла одна из первых, за два месяца до того, как Ахмад отправился к ней на Родину, и была похоронена на чеченском кладбище, сотни которых разбросаны по всей степи казахской.

Ахмад умер от воспаления легких, в одном из колымских лагерей.

Они никогда не узнали о судьбе своей любви в этой земной жизни.

И поэтому их любовь не самая печальнейшая на свете…



**Ізтай БЕЛГІБАЙҰЛЫ**

1962 жылы Ұлытау ауданында туған. Еңбек жолын бұрынғы Жезді аудандық «Октябрь туы» газетінде бастаған. Ұлытау аудандық «Ұлытау өңірі», Жезқазған аймақтық «Сарыарқа» газеттерінде әртүрлі қызметтер атқарды.

## ШҰҒЫЛ ШЕШІМ

***(Әңгіме)***

«Сапар қалаға көшетін болыпты» деген әңгіме шағын ауылға ашық күнде найзағай ойнағандай әсер етті. Жұрт аңтаң. Бірі:

– Мұнысы несі екен? Әжептәуір шаруасын дөңгелентіп отыр еді ғой? – деп таң-тамаша болып жатса, енді бірі:

– Дәу де болса ана Рәзиядан келген пәле бұл. Соңғы кездері Сапаштың үйімен аралары дұрыс болмай жүрген, – деп сәуегейлік жасауда.

Сапаш – Сапардың бірге туған інісі. Ал Рәзия – Сапардың әйелі. «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды» демекші, елдің бұлайша тон пішуіне де негіз жоқ емес. Рәзияның қайнысы мен келініне «өкпелі» екенін ел естіген. Оны Рәзияның өзі елге жар салғандай етіп жеткізген еді.

Даудың басы былтырғы жиын-теріннен басталды. Сол жылы табиғат жарықтық жылда бола бермейтін жомарттығын бір көрсетіп, өнім мол түсті. Қырман басына астық тау-тау болып үйілді. Алдыңғы жылдардағы қуаңшылықтан зәрезап болып қалған кейбіреулер 50-100 гектардай жерге ғана тұқым сеуіп еді. Енді соларына өкініп қалғандай.

Сапар мен Сапаш бұл жылы да 500 гектарға бидай еккен болатын. Олардың жылдағы әдеті. Кейбір жылдары астық

күйіп кетіп, шығындарын да ақтай алмаған кезі болды. Бірақ жастайынан жер төсін еміп өскен ағайынды жігіттер әлдері жеткенше жерді баптап, агротехникалық шараларды шама-шарықтарынша жасап жатады. Әрине, ол еңбектері зая кетіп жатқан жоқ, қамбалары астықсыз болған емес. Ал бұл жолғысы тіптен ерен. Келер жылға жеткілікті тұқымды құйып, қажетті ұндарын тарттырып алған соң, артылғанын жұртқа сатып, түскен ақшаны тең бөліп алды. Пәле осы ақшадан басталды.

«Осылай елге жем болып жүре береміз бе?!»

Сапар қолдағы азын-аулақ малдарын жайғап, үйге кірген беті сол еді, Рәзия дүрсе қоя берді. Қандай түлен түрткенін кім білсін, әйтеуір соңғы кездері әйелі осы бір әңгімені жиі қозғайтын болып алған. Онысын Сапар жүре тыңдап, аса мән бере қоймайтын. Бірақ әйелінің беті бүгін күндегісінен қатты, даусында ызғар бар. Соған қарағанда «жараның аузы» ашылайын деген сыңайлы.

– Кімге жем болыппын? Біреу менің қамбама түсіп жүр ме екен?

Желдің қай жаққа қарай соғарын Сапардың іші сезсе де, әдейі екіұшты жауап қайтарды.

Рәзияның талағы тарс айрылғандай.

– Сен осы шынымен кещесің бе, әлде солай істейсің бе? Жан-жағыңа неге қарамайсың? Өзіңдей қауымдасып отырғандардың қайсысы тапқан табысын тең бөлісіп отыр? Ана Асқарбекті, ана Темірғалиды қарашы. Өздерінікін былай қойғанда, қасындағыларына көмектескені үшін өнімнің басым бөлігін алады. Сен ғана жалпақшешей болып отырған.

– Сонда не демексің? Інімнің аузындағысын жырып алуым керек пе?!

Сапар әйеліне ала көзімен қарады. Бірақ Рәзия онысын шыбын шаққан құрлы көрмеді. Қайта екілене түсті.

– Сонда мен балаларымның аузынан жырып беруім керек екен ғой...

– Сенің балаларыңның аузынан жырып алып жатқан ешкім жоқ. Бізге жер де, техника да ортақ. Табыс та ортақ. Тең бөліп аламыз. Бұл әңгімемен енді менің басымды ауыртушы болма.

Сөз осымен бітті деген адамдай, Сапар төргі бөлмеге барып телевизор қосты. Рәзия соңынан қуа келді. Екі бүйірін таянған қалпы телевизордың алдына келіп тұра қалды. Екі танауы қусырылып, екі көзі сексеуілдің шоғындай от шашып тұр.

Әйелінің енді жуық арада тоқтамасын сезген Сапар «ал, айтарыңды айтып қал» деген адамдай ыңғай танытты.

– Техника да, жер де ортағың қалай? Ана жылы, дүние-мүлік бөліске түскенде ана комбайн да, трактор да, бүкіл тіркеме, соқа-саймандар да сенің үлесіңе тимеп пе еді. Сапаштардікі ана жеті жүз гектар жер ғана. Соның бәрі сенің техникаңмен өңделеді, сенің техникаңмен жыртылып, себіледі. Сенің техникаңмен орылып, бастырылады. Сонда түпкі табысты тең бөліп алу әділеттілік пе? Соны ана Сапаш пен Қатира неге ойламайды?

– Сол Сапаштың жеті жүз гектары болмаса, сен атаңның басын жыртып, сеуіп, орасың ба?

– Бір құлаш жері жоқ болса да, жұрттың жерін өңдеп, қолқабыс етіп отырып, пайдаға шаш етектен кенеліп жатқандар қаншама…

Осы әңгіме ушығып барып, ақыры Сапарлардың қалаға көшуімен бітті.

Рәзия қоярда-қоймай жүріп қолдағы техникалардың бәрін саттырып, қаладан үй сатып алды. Үлкен қызын оқуға түсірді. Сөйтіп, жоқ жерден ағайынды екі жігіттің арасы ашылып тынды.

* * *

Ағасы мен жеңгесінің аяқ астынан қалаға көшуін неге жорырын білмей Сапаш пен Қатира қалды. Ағайынның бұлайша ірге бөлуі, әсіресе, інісіне қатты батты. Бұған қарағанда жердің бабын, егіннің жайын ағасы жақсы білетін. Көбіне соған арқа сүйейтін. Бұрынғыдай үкіметтен көмек жоқ, барлық ауыртпалық өзіне түсіп тұрғанда тірегінен айырылу Сапашқа оңай тимеді. Осыған сенің кінәң жоқ па деген оймен Қатираны да сығып алды.

– Мен не деппін сонша, бар жазығым аға-тәтелеп алдарынан құрақ ұшқаным ба?

– Енді не көрінді оларға? Ел-жұрттан ұят болды ғой.

– Біз емес, кетіп қалған олар ұялсын…

– Тарт тіліңді! Таңдайыңмен қосып суырып алармын!

Күйеуінің мінезін білетін Қатира әңгімені одан әрі ушықтырмады. Тек кешкісін ас үстінде, Сапаштың ашуы қайттыау дегенде барып бір әңгіменің ұшын шығарды.

– Аға емес, мұның бәріне тәтем кінәлі. Соңғы кезде біздің кіріс-шығыстарымыздың бәрін жіпке тізіп отырды емес пе?

– Жіпке тізгені қалай?

– Жіпке тізгені емей немене, жылда күзгі жиын-теріннен кейін «Сапаш пен Қатира бұрау басын сындырмай-ақ бізбен бірдей табыс табады. Бүкіл жұмысты біздің техникамен атқарады. Ана қатыны Сапар деген ынжықты ерттемей мініп алған» деп ауыл әйелдеріне әңгімелеп жүргенін талай естігенмін.

– Мен ол әңгімені неге білмеймін? Маған неге айтпадың?

– Екеуіңнің араңа от тастағандай болып жүрейін сол. Ел естігенде, сен қалай естімей қалдың?..

Бұл күнгі кешкі ас селқос ішілді. Әркім өз ойымен өзі болып отыр. Ағасының мінезі жұмсақ, жеңгесінің бетіне келе бермейтінін Сапаш біледі. Мына көшістің астарында не жатқанын енді пайымдағандай. Кеңшар тарағанда ауданнан келген комиссия «Техника да, жер де әр адамға тең бөліп беруге жетпейді. Сондықтан ағайынды адамдардың біріне жер берілсе, біріне техника беріледі. Қауымдасып, бірлесіп жұмыс істейсіңдер» деп бұған жер, ағасына техника беріп еді. Ана бір кезде ағасы «Жерді де, техниканы да тең бөліп алсақ қайтеді?» дегенде осындай бір сойқанның боларын сезген екен ғой. Сонда бұл «Ертең ел не дейді, ағайынды екеуі тулақтай жерді игере алмай бөлісіпті деп күлмей ме?» деп келіспеген. «Ағайынды бір-біріне ашкөздендірген, арды да, ожданды да саудаға салған заман-ай! «Нарық болады, ел қарық болады» дегені осы ма? Жеке-жеке кеткеннен гөрі қауымдасып бірге қалғанымыз жақсы емес пе еді?» деп ойлады Сапаш.

***

Алғашқы кезде төрт қабырғаға сыймай, қамаудағы тағыдай аласұрған Сапар біртіндеп қала тірлігіне де көндіге бастады. Рәзияның жамағайын туыстары арқылы бір автотұраққа күзетші болып орналасты. Бір күн сол жерде болып, арқасы кеңіп қалады. Ауылдан көшіп келген бұрынғы таныс-тамырларды тауып, солармен уақыт өткізеді. Кешегі сайын даланың самалына сусындаған қырдың қызық думанын еске алады. Көз алдына астығы жайқалған егінжай елестейді. Мұндайда ойына інісі Сапаш оралады. Келімді-кетімділерден інісінің жағдайын сұрап-біліп отырады.

Осылай жүріп арада үш-төрт жыл өте шықты. Соңғы кездері бірінен-бірі аунымайтын қаланың таптаурын тіршілігі мезі етті ме, Сапар ауылды жиі аңсайтын болып алды. Ақыры төзімі таусылса керек, күз түсе қалаға келген көліктің бірімен ауылға тартып отырды. Кетерінде Рәзияға «Ауылға ба-

рып, бірер апта жатып қайтамын» деді де, күртешесін алған күйі кідірместен шығып кетті.

...Бұл кезде ауылда егін орағы қызып жатқан болатын. Шопыр баланың айтуынша, биыл да егіннің түсімі жаман емес сияқты.

– Ана біздің Сапаштардың жағдайы қалай екен?

Сапардың даусы біртүрлі жарықшақтанып шықты. Әлде өзіне солай естілді ме? Бірақ онысын елеген шопыр бала жоқ. Рульмен алысқан күйі әңгімесін сабақтай түсті.

– Сапаш та, Қатира да егіннің басында. Жағдайлары жаман емес сияқты. Биыл егінін Жұмағалиға орғызып жатыр. Келесі жылы комбайн алмақшы. Жазда бір трактор тіркемесімен сатып алған...

Сапардың жүрегі қан жылағандай болды. Үкімет «шаруа қожалықтарын құрып, шаруашылықтарыңды көтеріңдер, бірігіп еңбек етіңдер» деп жатқанда, мұның әйелінің сөзіне еріп, інісін қиын жағдайға тастап кеткенін ел қалай түсінгенін ойлап жаны күйзелді.

– Мені Сапаштардың егінжайына апарып тастауға мүмкіндігің бола ма? – деді Сапар шопыр балаға жалынышты үнмен.

– Әрине, аға. Не, ұмытып қалғансыз ба, сіздердің егінжайларыңыз бізден сәл жоғарылау емес пе еді...

«Сіздердің егінжайларыңыз» деген сөз мұны тіптен тұқырта түсті. Біртүрлі табалап тұрғандай естілді. Әйтсе де, сыр бермеуге тырысты.

* * *

Бұлар келгенде қырманның басы қызу еңбек үстінде еді. Қатира мен үш баласы тау болып үйілген бидайды қызылдап жатыр. Қолдарындағы жалпақ бас ағаш күректері бір тыным табар емес. Тіпті, биыл төртінші сыныпта оқитын Әйгерімнің өзі талшыбықтай майысып, бидайды көтеріп тастайды. Ал Айбек пен Айдос кәдімгідей-ақ соқталдай азамат болыпты. Көрмегелі де төрт жылдай болып қалған екен-ау...

Осылардың бәрін анадайдан бақылап келе жатқан Сапардың жүйке-жүйкесі босап кеткендей болды. Көз алды тұманданып бара жатыр. Қолының сыртымен көзін сүртіп еді, шынымен дымданып қалыпты.

Қатира қостың басына тоқтаған машинаны көрсе де, күндегі келіп-кетіп жүретін бала ғой деп аса мән бермей, жұмысын жалғастырып жатқан. Тек кішкентай Әйгерімнің:

– Алақай, атам келе жатыр! – деген қуанышты даусын естігенде барып басын көтеріп алды. Шынында да, қайнағасы Сапар таяп келіп қалған екен. Айдос пен Айбек те аталарына қарай арсаландай жөнелді.

Әулеттің үлкені болғаннан кейін бе, балалардың бәрі тілдері шығысымен Сапарды «ата» дейтін де, Рәзияны «әже» дейтін. Сол әдеттеріне салып, «аталап» келіп мойнына асылып жатыр.

– Оу, Құдай бере салғандар сол! Қолғанат болды деген осы. Шаруаларын дөңгелетіп жатыр екен ғой. Тәубә, тәубә! – деп Сапар мәз. Балаларды кезек-кезек сүйіп, мауқын басар емес.

– Аға балаларын көрген соң басқамызды ұмытып кетті-ау деймін, – деді манадан бері кезегін күтіп тұрған келіні Қатира риясыз күліп.

– Беу, Қатиражан-ай, садағаң боп кетейін, сендерді қалай ұмытармын! Осы шыдағаным да жетер деп, бүгін салып ұрып өздеріңе жеттім емес пе? Қалай, амансыңдар ма?

Сапар қорбаландаған күйі келіп, келінінің маңдайынан сүйіп жатыр.

– Шүкір, біреуден ілгері, біреуден кейін дегендей тіршілік кешіп жатырмыз. Көріп тұрсыз, биыл қызыл мол болып тұр. Бұл да болса Алланың берген ырзығы, балалардың несібесі, елдің ырысы ғой.

– Иә, қалқам, оның рас. Жылдағыдай емес, егін еккендер қатары көбейген бе деймін. Бұрын бірен-саран ғана сияқты еді. Жаңа келе жатып байқадым, комбайндар қарасы молайған сияқты. Елдің жағдайы жақсара бастаған-ау, шамасы.

– Құдайға шүкір, Үкімет те қарайласа бастады ғой. Несие беріп жатыр. Техника келіп жатыр. Бұрынғыдай емес, ел де бірігіп, қауымдасуға үйреніп келеді. Жалғыздың шаруасы өнбейтінін түсініп қалды.

Сапардың жүрегі «шым» ете қалды. «Жалғыздың шаруасы» деп өздерін айтып тұрғандай көрінді. «Сендер кетіп, біз жалғыз қалдық, шаруамыз ауырлап кетті» дегендей болды.

Қайнағасының қыпылықтай қалғанынан өзінің артықтау сөз айтып қалғанын ұққан Қатира қолындағы күрегін ұлына беріп жатып:

– Өйбу, жазған басым-ай, әңгімемен тұрып шай қоюды да ұмытып кетіппін ғой. Қазір Сапаш та келіп қалады. Төменгі алқаптың соңғы айналымы қалған. Соны орса трәктірінің тіркемесі толып қалар. Қосқа жүрейік, аға. Қалғанын балалар тындырып тастайды ғой, – деп алға түсе берді.

Бұл кезде тіркеме толы астықты тартқан трактор да түтіні будақтап ауылға қарай салып келе жатқан.

***

– Кәдуілгі, біз қуып жібергендей, хабарласпай жатып алғандарың қалай?!

Інісінің бетің бар, жүзің бар демей тіке айтатынын білетін Сапар бұл сұрақты манадан бері күткен. Қайта балалардың көзінше қойып қалмай, сыртқа оңаша шыққан соң қойғанына да шүкір деді. Жауабы да дайын еді.

– Ерте ме, кеш пе, осы жағдайдың болатынын біліп, саған қолда барды тең бөлісіп алайық дегенім сол еді ғой. Жә, өтер іс өтті. Ол кезде жекешенің жай-жапсарын сен де, мен де, мына ел де жетік білмейтін. Кейін ғой игеріп жатқаны. Уақыт бәрін де үйретеді. Ең алғаш егемендік алған жылдары есіңде ме, елдің бәрі үлесіне алған малды да, жерді де қайтерін білмей дал болғаны? Алаяқ қулар алдап-арбап, бір шыны араққа малыңды, қап-қап бидайыңды алды емес пе? Талайы қолда барды су тегінге сатып кетті. Қалаға көшті. Сол адасқандардың бірі біз болдық. Енді оны бетке баса бергеннен бірдеңе өзгере ме?

Сапаш өзінің бірден қатты кеткенін ә дегенде-ақ сезген. Бірақ айтылған сөз – атылған оқ. Ауыздан шығып кеткен соң оны кері қайтара алмайсың. Кейде өзінің осылай жөнсіз кетіп қалатыны бар. Ол енді сүйекпен бірге кететін шығар.

Ағасы ашуланып қалар ма деп еді, керісінше, ақталғандай болған соң, «ух» деп демін алды. Бір кіндіктен қалған екеуі ғана, жауласқанда, ренішкенде не опа табады? Қайта, ағасының іздеп келгеніне қуанбай ма? Айтамын деген, ақылдасамын деген шаруасын айтудың орнына торсаңдағаны несі? Сапаш өзін іштей бір сыбап алды.

– Мана келіннен де сұрап жатырмын, биыл егін еккендердің қарасы өскен-ау деп қалдым, – деді Сапар айналасына көз тастап отырып.

Бұлар отырған жер биік төбе еді. Айналадағылардың бәрі алақандай көрінеді. Тіпті, ауыл да қол созымдай жерде ғана. Ал егістік алқаптар қаз-қатар жатыр. Комбайндар қайтқан қаздай тізіліп алқапта жүр. Сондай бір сұлу көрініс.

– Былтырдан бері қатарымыз көбейіп, жақсы болып тұр. Бұрын мына бетте мен, ана беткейде Жұмабек пен Жұмағали ғана болатын. Енді бір қауым елміз. Қазір Үкімет ауылға,

шаруа қожалықтарына, жалпы кәсіпкерлік атаулыға үлкен көмек көрсетіп жатыр ғой. Ақшадан да, техникадан да. Енді бірігіңдер, кооператив болыңдар деп жатыр. Біріксе, несие де мол беретін сияқты. Техниканың қорлығы өтіп жүр. Жазда мына бір тракторды тіркемесімен сатып алдым. Әйтпесе, біреуді жалдасаң атасының құнын сұрайды. Осымен комбайннан қырманға, қырманнан қамбаға тасып жатырмын. Енді бір комбайн түсіріп алсам ба деген ой бар. Биыл бидай жақсы болып тұр ғой.

– Әлгінде келін мал алдық деді ме, аламыз деді ме? Бірдеңе айтқандай болып еді.

– Иә, бес-он бас торпақ-тана, он бес-жиырма бас қой-ешкі алып едім. Мына төменгі жаққа, жүз елу гектар жерге арпа сепкен болатынмын. Соның есебіне. Өзіме жемдік және тұқымдық алып қалып, ауысқанын сатпақпын.

– Сонда не, шаруашылығыңды үлкейтпекшімісің?

– Қазір елдің бәрі шамасы келсе, солай істеп жатыр. Бір ғана егінмен отыру – қып-қызыл шығын. Егін бірде болады, бірде шықпай қалады. Ал малды өсіре білсең, пайда.

– Оның дұрыс қой. Бірақ соның бәрін қалай үлгертпексің?

– Сіздер бар емессіздер ме? Балалар өсіп келеді. Осылай жан-жақта, тоз-тоз болып жүреміз бе?! Еліміз егемен болып, бір шаңырақтың, көк байрақтың астына бірігіп жатыр. Біз неге бірікпейміз? Біз сол егемен елдің бір бөлшегі емеспіз бе?..

Бұрын бұлай сөйлемейтін. Сірә, бұл да есейіп қалған-ау. Дегенмен, сөзінің жаны бар. Айдаладағы біреулер бірігіп, қауымдасып жатқанда, бір кіндіктен шыққан бұл екеуі неге бірікпеске? Бірігеді. Қатын айтса, айта берсін. Бұл ертең қалаға барады да, бәрін көшіріп әкеледі. Қызы да медколледжді бітіріп қалды. Ауылға да медбибі керек. Қазір жастарды ауылға шақырып жатқан жоқ па? Ендеше, ол неге келмеске?

Осылайша іштей бір байламға келген Сапар шұғыл шешім қабылдады. Бірақ онысын інісіне білдірген жоқ. Көшіп келгенде бір-ақ білсін деді.



**Мади АЛЬЖАППАРОВ**

Родился в 1958 году. В 1982 году окончил Жезказганский педагогический институт. Член Союза журналистов Казахстана. Обладатель премии акима Карагандинской области «Алтын сұңқар». Пишет на казахском и русском языках, занимается переводческой деятельностью, увлекается поэзией.

## ОНИ БЫЛИ ПЕРВЫМИ

Живет в вашем городе одна семья. Обычная семья горняка Ивана Митрофановича Нечай. Главы семьи уже нет в живых, прошли сорок дней, как он скончался. (Пусть земля ему будет пухом). Но остались и здравствуют его супруга Александра Петровна, дочки – Людмила и Татьяна, зятья, внуки, и даже уже растут правнуки.

В отличие от других, у этой семьи есть одна особенность. Иван Митрофанович и Александра Петровна являются одними из первых жителей нашего города, вернее тогдашнего поселка Никольский. И самый первый ребенок этого поселка родился в этой семье…

Было это в 1954 году. Молодая восемнадцатилетняя девчонка из Полтавщины Шура вместе со своими сверстниками приехала в Казахстан на освоение целинных земель в Акмолинскую область. Шуру определили поваром в один из целинных совхозов Новочеркасского района. То ли испугала молодых девчонок голая бескрайняя степь, то ли не устроили условия проживания — они сбежали с целины. По дороге домой в поезде один попутчик предложил им поехать в Жезказган.

– Там строятся новые шахты, зарплата хорошая, – сказал вербовщик. И они, как говорится, «подписались». Так круто

изменилась судьба молодой девчонки из Полтавщины. К тому же, по дороге в Жезказган судьба свела Шуру с молодым парнем Иваном Нечаем. Познакомились, понравились друг другу. Так и приехали вместе в поселок Рудник. Устроились на 45-шахту, поселились в общежитии…

В августе 1955 года молодые решили пожениться. Иван обратился по месту работы, попросил отдельную квартиру. А тогда новый поселок Никольский только начал строиться. Но пока жилых домов не было. Были здесь только (на месте теперешней промзоны) женские бараки заключенных. И вот как раз в августе 55-го сдали первый двухэтажный дом. Вот там и предложили им заселиться.

– Выбирайте любую квартиру на вкус, – сказали им. Вместе с Иваном и Александрой сюда заселились семьи Токаревых, Мядзель и Блиновых. У Токаревых была большая семья и они поселились в отдельную квартиру на втором этаже. А Блиновы и Нечай поселились в одной квартире. Семья Мядзель стала обживать квартиру напротив.

Выдали им койку с матрасом. Вот и все их богатство. Мужья сделали столы и стулья. Воду таскали с родника, находившийся на сопке «Нуртобе». А затем сдали рядом еще три таких же дома. Жить стало веселей. Построили здание поссовета. (Это здание до сих пор сохранилось и на нем висит табличка с надписью: «Здесь располагался первый поссовет поселка Никольский»). В здании, где сейчас типография, тогда был клуб. Свободное время первые жители поселка проводили там.

Так, постепенно стали появляться реальные очертания первой улицы. А улицу назвали Волгоградской. Дом, в котором жили Нечай, Токаревы, Мядзель и Блиновы, стал домом № 1. Теперь это — дом № 47 по улице Гурбы. В этом доме из первых жителей никто не живет. Только сын Мядзелей до сих пор проживает в той же квартире отца. Токаревы, Блиновы умерли, а их дети разъехались. Позже семья Нечай получила другую квартиру в том же районе по улице Шахтерской, сейчас эта улица носит имя Шакарима…

Мы побывали вместе с дочерью Александры Петровны Татьяной в первом доме поселка Никольский, расположенный по улице Гурбы, 47. Конечно, время делает свое. Внешний вид дома требует ремонта. А вот в подъезде чистота и порядок. Стены покрашены, лестничная площадка чисто подметена. Чувствуется, что здесь живут истинные хозяева дома. Спасибо им за их бережное отношение к месту, где они живут. Ду-

мается, было бы правильно установить в этом доме табличку с надписью: «Это первый дом поселка Никольский. Здесь родился первый ребенок горняцкого поселка».

Так кто же этот ребенок?

14 апреля 1956 года в семью Нечай пришла большая радость. На свет появилась дочь. Нарекли ее Людмилой. В ЗАГСе поселка Рудник им выдали первое свидетельство о рождении Людмилы — первого ребенка поселка Никольский. Там же Иван и Александра Нечай официально зарегистрировались. До этого у них все руки не доходили. Оба работали на шахте, что отнимало много времени. Да и потом в то время люди както особенно не стремились по бумажке оформить свои отношения. Жили душа в душу. Были друг другу опорой. И сейчас, когда уже нет Ивана Митрофановича, Александра Петровна, нет-нет, да всплакнет, вспоминая своего супруга. Все-таки как никак вместе прожили более сорока лет. Обстоятельный был мужик — Иван Митрофанович. Всю жизнь проработал на одном месте. Был на хорошем счету. И дочек любил, воспитал из них хороших людей.

Вспоминая те годы, Александра Петровна с улыбкой повторяет слова мужа, когда они зарегистрировались и заплатили за оформление деньги: «Шурочка, все-таки я купил тебя за полтора рубля».

...Подрастала Людмила, а в 1959 году родилась вторая дочка — Татьяна. К тому времени, когда Людмиле исполнилось семь лет, в поселке построили школу. Вот там и проучились Людмила и Татьяна в этой № 14 школе. Затем она стала казахской средней школой № 7. Сейчас здесь школа № 5. После окончания школы Людмила поступила в Тобольское культпросветучилище. Вышла замуж, затем вместе с мужем Виктором закончили заочно Жезказганский пединститут. У них четверо детей. Сейчас Людмила с мужем и двумя детьми живут в России. А двое из детей – Татьяна и Алена – живут с бабушкой – бабой Шурой. У Татьяны, внучки, есть уже свой сын – Вова. Так что Александра Петровна теперь прабабушка.

Она часто водит своих внуков в дом, где так счастливо жили они с Иваном Митрофановичем. С тех пор прошло уже почти полвека. Уходят люди, а память остается. Первые жители тогдашнего поселка делали историю сегодняшнего города Сатпаева. Без прошлого нет настоящего и будущего. Так, давайте бережно относиться к прошлому и вместе писать летопись нашего горняцкого города.

*«Шарайна», 27.05.1999*



**Владимир СЛЕПЦОВ**

Родился в поселке Жезказган в 1957 году. Окончил Жезказганский педагогический институт, по профессии – учитель русского языка и литературы. С 1980 года работает в системе образования, в настоящее время завуч классов вечернего обучения школы №5.

## БРАТЬЯ

Каждый год, девятого апреля, он приезжает на вокзал за час до отправления поезда. И садится на скамейку прямо возле края здания. Взгляд устремляется на стену, он видит круглый знак, вдавленный в стену, который указывает, что вокзал строили заключенные, как их тогда называли «враги народа». И сидит ухоженный, руки уперты в дорогую трость (сильно болят ноги), смотрит в стену и молчит.

Несколько лет назад на этой скамейке они сидели с братом. Брат жил в России, там у него были жена и сын. Они выросли в небольшом пыльном поселке, который потом переименовали в город, расположенном в восемнадцати километрах от города, где находится здание вокзала. Он был старше на пять лет. Многое забылось, но еще живы в памяти воспоминания... Вот они идут искать пьяного отца, его нет дома, дом находится на окраине поселка, небольшой коттедж, мать выгнала их искать его. Нашли его в степи у камней в степи. Пьяный, тот пел свои любимые песни, и когда звали его домой, кидал в них камни, материл. Брат, прижавшись к нему, плакал. Вот в школе он заступается за брата, к которому пристают старшие ребята. И когда он уходил в армию, брат провожал его и уже не плакал, а просто по-детски шмыгал носом. Через полгода

прислал ему письмо с фотографией, и он удивился, какой брат уже взрослый. Когда вернулся из армии, брат заканчивал школу, у каждого из них были свои планы. Окончив школу, брат уехал в Россию, поступил в институт, закончил его, жил в Сибири, потом перебрался поближе к Москве, там и жил.

Они редко виделись с ним. Приезжал к нему, когда ездил в Москву, другой раз, когда за границу. Годы разлуки изменили их, они были почти как чужие и даже не похожи совсем. При встречах молчали, говорили редко. Правда, в тот последний приезд что-то стало налаживаться, старались чаще видеться друг с другом, но полмесяца прошли довольно быстро.

А брат был простой в тот приезд, много ел и пил, и все говорил, а он молчал и слушал, иногда вставляя слова, брату нравилось, что его слушают, не перебивая. В России он был чужой, его тянуло сюда, на родину, но там был сын, к которому надо было непременно вернуться. Вздрогнул, ему на миг показалось, что со стороны небольшого базарчика идет брат – большеголовый, сутулый, но это был лишь миг воспоминания. Диспетчер объявил об отправлении поезда, взглянул на состав, нашел взглядом пятый вагон, брат уехал на нем. Встал, и пошел, хромая, к ожидающей его машине. На следующий год снова приедет сюда в тот же день и в тот же час.

Брат погиб в районе Нового Уренгоя, куда он ездил на заработки.

## УЛИЦА МОЕГО ДЕТСТВА

Здесь все начиналось – здесь все закончилось.

На третьей от Солнца планете, летящей по своей орбите в холодной галактической мгле, среди улиц планеты Земля, находящися в разных странах и континентах, есть в небольшом городке неоднократно изменявшая по воле людей название улица моего детства.

Шумные улицы Москвы; сонные, покрытые вечностью улицы Азии: спокойные, неторопливые, в моей памяти узкие, как улицы Стокгольма, улицы Европы – сколько вас, считал ли кто когда-нибудь? Небольшая она – всего четырнадцать домов, расположенных в два ряда на крутом спуске с горы. Каждый дом на двух хозяев. Сколько судеб, сбывшихся и несбывшихся мечтаний. Теперь во многих домах живут другие люди. Все проходит, как детство. Вроде и было оно, посмотришь...

Сколько людей – столько и судеб. Это со временем начинаешь понимать, что одна жизнь связана с другой, а в детстве – все доступно и просто. «Ты старше меня на год, значит, и умрешь раньше», «А мы скоро уедем в Литву, у нас там дом», «Ну и катись ты в свою Пензу!» А умер тот, кто был моложе: и в том доме, в теперь уже невозможно далекой Литве, тоже живут совсем другие люди, даже не знающие о существовании этого города, а не только улицы. И Пензу мы знаем только по карте. Но по-прежнему во время случайных встреч, как мальчишки, называем себя гражданами далеких стран, откуда были наши родители. А родителей – нет. Лежат они в земле, недалеко от улицы. Мусульмане, католики, православные. Русские, казахи, украинцы, литовцы, немцы, корейцы – ими мы стали сейчас, а тогда мы были просто с двадцатого квартала. Никто из нас, далеких друзей моего детства, не достиг больших высот, мы остались в «золотой середине» – учителя, шахтеры, инженеры. Но никто не стал ни вором, ни пьяницей, ни убийцей. И проходя, увидишь какую-нибудь вещь, и напомнит она тебе или человека, или событие. И понятно это только тебе, и так радостно, больно и далеко-далеко… Улица моего детства – весной и осенью непролазная грязь, лучше которой нет в мире: зимой – снег, самый-самый белый; летом – зелень деревьев – самая-самая зеленая.

На третьей планете от Солнца – улица моего детства.

## ЧЕЛОВЕК В ШТАТСКОМ

Все было чужим – ветер, бивший в лицо, поземка, коробки домов за спиной, эта дорога среди гаражей. Пальто было явно не по размеру, шапка не защищала от мороза, ботинки скрипели при каждом шаге.

Он не любил этот город, и город отвечал ему тем же. Переломы улиц, скверы, кинотеатры – все было, как и двадцать пять лет назад, когда он уехал. На улице, где прошло его детство, стало больше рытвин, дом совсем постарел. Знакомые и одноклассники (друзей у него не было никогда) скрылись за пеленой лет – кто умер, кто уехал искать счастья в другие города и страны. Он никого не встречал из них, и это его больше радовало, чем огорчало. Он никогда не хотел вернуться сюда.

Сентиментальность, она была незнакома ему. Даже когда ушла жена, с которой он прожил двадцать лет, ни один мускул

не дрогнул на его лице. Дети – сын и дочь – жили отдельно и не писали ему. Но по ночам ему снились сны. Снились – город, в котором не было людей, с развалинами домов, сияющих выбитыми глазницами окон; выжженная земля запредельной стороны; кишлаки, пунктиры трассеров, карты с красными линиями.

Он не помнил лиц, не помнил фамилий, и те люди, которые были, и которых уже не было, не снились ему – только город, через разметку бинокля, через прицел – город, город.

В его время знаменитая певица пела песню о настоящем полковнике, известный латиноамериканский писатель написал роман о полковнике. Он не знал даже половины слов в этой песни, взялся читать роман и не дочитал его до середины. Но он всегда упорно шел к намеченной цели, не существовало ничего – только победить, и он шел через годы, кровь, грязь и трупы.

Остановился возле небольшой ограды, взглянул на надпись на памятнике, достал из кармана фляжку и выпил. Впервые в жизни защемило сердце, и слеза, выкатившаяся из глаза, потекла по щеке.

Полковник спецназа стоял перед могилой своей матери. Скоро он уедет из этого города, но теперь, как бы сменяя кадр за кадром, за городом ему будет сниться дорога к кладбищу, петляющая среди гаражей.



**Айнаш БЕГІМ**

1980 жылы туған. Ө. Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің филология факультетін бітірген. Еңбек жолын Сәтбаев қалалық «Шарайна» газетінде тілші болып бастады. Қазіргі кезде жеке кәсіпкер. Бірнеше бизнес және психологиялық тренингтің авторы.

## НАҒЫЗ ӨМІР

Жастары 30-дан асқан Арман мен Мұрат әңгімелесіп отырып, өмірдің жылдам ағымына таңданады. Арман: «Дегенмен, нағыз өмір 40-тан кейін басталады деп ойлаймын», – дейді. Сонда досы: «40-қа жетпей өліп қалмасаң ғана», – деп жауап берген екен. Өмірлеріңіздің әр күнін бағалай біліңіздер, ол – қайта айналып келмейтін алтын уақыт. Бүгінгі күніңіз – нағыз өміріңіз.

## АДАМГЕРШІЛІК

Бір профессор бірде студенттеріне өмірлік бір сабақ үйрету ниетімен тақтаға «1» цифрын жазып, студенттеріне: «Бұл – сіздердің адамгершіліктеріңіз. Өмірлеріңізде болуы керек ең маңызды қасиет – сол», – деп түсіндіреді. Сосын «1»-дің қасына «0»-ді жазады да: «Ал бұл – жетістіктеріңіз. Бойыңыздағы адамгершілікке табыс қосылса, адамның абыройы, беделі бірден 10 есе өсіп шыға келеді. Оның қасына тағы бір «0»-ді қоссақ, бұл – тәжірибеңіз. Сіздің мәртебеңіз тіпті ұлғая түседі», – дейді де, кезек-кезегімен «0»-дерді зеректік, тәрбиелілік, сүйіспеншілік деп қоса береді. Қосылып тұрған

әрбір «0» адамның мәртебесін он еселеп арттырып жатқанына студенттерінің көзін жеткізеді. Шамалыдан соң профессор сандар тізбегінің ең басында тұрған «1» санын өшіріп тастайды да, студенттерге: «Ал, енді не болды?» – деген сұрақ қояды. Студенттер үнсіз отырып қалады. Сонда профессор: «Адамгершіліктеріңіз жоғалса, қалғанының бәрі түкке де тұрмайды», – деген екен. Адамгершілігімізден айырылмайық, ағайын!

## ҰСТАЗДЫҚ ТАМЫРЫ

Студенттер жазғы демалыс кезінде оқытушы-профессордың тапсырмасымен бір ауылдағы 200-ден аса ер баланың мінез-құлқын зерттеп, бәрі бірдей барлық балаға «келешекте бұлардан тәуір азамат шықпайды» деген тұжырым жасайды. Арада ондаған жылдар өткенде сол зерттеудің қаншалықты дұрыс не бұрыс болғандығын анықтау мақсатымен баяғы балалардың бәрінің өмір жолдары зердеге салынады. Сөйтсе, «бұлардан келешекте тәуір азамат шықпайды» дегендердің бәрі дерлік кереметтей, ел танитын, сыйлы да құрметті тұлғаларға айналған екен. Бұл қалай сонда? Студенттердің тұжырымы неліктен теріске шықты?

Осындай сұраққа жауап іздеген баяғы студенттерге зерттеу жүргізген оқытушы-профессор қатты таңғалып, зерттеуге тартылған балалармен өзі сөйлесіп көргісі келеді. 25 жыл бұрын зерттеу нәтижелерінің неліктен қате болғанын білгісі келеді. Ол балалардың әрқайсымен жеке сөйлесіп: «Сендер кішкентай кездеріңдегі қиыншылықтарға, қиқар мінездеріңе, тәртіпсіз қылықтарыңа, нашар сабақ үлгерімдеріңе қарамастан, жақсы азамат болып өстіңдер. Осының себебі неде? Жетістіктеріңді қалай түсіндірер едіңдер?» – деген сұрақ қояды да, бәрінен де бірдей: «Ауылымыздың мектебінде бір мұғаліміміз бар еді. Бәрі де соның арқасында», – деген жауап алады. Содан соң профессор әлгі мұғалімді тауып алады да, жасөспірімдерді көшенің теріс әсерінен қалай құтқарып, олардың жақсы азамат болуы үшін қандай тәрбие көрсеткенін сұрайды.

Сонда ұлағатты ұстаздың көзінен мейірім төгіліп, күлімдеп қана: «Бұл оп-оңай нәрсе ғой, мен бар болғаны балалардың бәрін шын жүрекпен шынайы жақсы көрдім», – деп жауап қайтарыпты. Демек, ұстаздықтың тамыры – шәкіртіне де-

ген шынайы махаббатында. Ұлағатты ұстаздық қарапайым шынайылықтан басталады. Әр ісімізді махаббатпен бастасақ, нәтижесі жеңіс болмақ.

## СЕНІМНІҢ КҮШІ

Ерте, ерте, ертеде бір елді-мекенде құрғақшылық басталады. Тұрғындар бұдан қатты зиян шегеді. Бірақ қолдан келетін не шара бар? Бір күні ауылдың ақсақалы: «Анау қырдың басына шығайық, Жаратқанға жалбарынып, жаңбыр сұрайық. Алла Тағала тілегімізді жерде қалдырмас», – дейді. Содан ауылдың тайлы-тұяғы қалмай, қырдың басына жиналып, дұға оқып, Жаратқаннан жаңбыр тілейді. Сол-ақ екен, көк аспанның көбесі сөгілгендей, жер беті теңізге айналып сала береді.Тек бір қыздан басқасының бәрі малмандай су болады. Сонда қалай болғаны, әлгі қызға неге жаңбыр тимеді екен? Өйткені, ол Алла Тағаланың не сұрасаң, соны беретіндігіне сеніп, үйінен қолшатырын ала шыққан екен.

## ҚҰНДЫЛЫҚ

Бір бала көркемсурет галереясын аралап жүріп, бір суретті өте қатты ұнатып қалады. Сатып алайын десе, ақшасының жетпейтінін біліп, іштей қатты қиналып шығып кетеді. Сол күннен бастап ақшасын үнемдеп жұмсап, әлгі суретті сатып алу үшін ақша жинай бастайды. Бір жылдан кейін келсе, сурет әлі орнында тұр екен. Бала оны көріп қуанып кетеді де, суреттің авторына: «Менің мынау былтырдан бері осы суретті сатып алу үшін жинаған ақшам еді, бірақ әлі де жетпейтін секілді. Бірақ мына суретіңізді ағама сыйлыққа апарғым келеді, бүгін туған күні еді», – дейді. Суретші біраз ойланып тұрады да, баланың берген ақшасын алады да, суретті әдемі қағазға орап, оның қолына ұстатады. Бала қуанышын жасыра алмай, алғысын айтып, сыртқа жүгіре жөнеледі. Бұған басқа суретшілер: «Есің дұрыс па?! Суреттің құны кем дегенде миллион теңге тұрар еді. Неге су тегінге саттың?» – деп таңданыс білдіреді.

Сонда суретші: «Иә, бұл суретті миллионға не одан да қымбатқа сатуға болар еді. Бай адамдардың бірінің көзіне түссе, суреттің бәсін солай көтерер де едім. Бірақ солардың ішінен суретті сатып алу үшін бір жыл бойы жиған ақшасының бәрін бере алатын адам табыла ма?» – деген екен.

## АНА МАХАББАТЫ

Түн ортасында анасының телефон соғып тұрғанын білген ұлы: «Апа, не болып қалды?» – дейді ұйқылы-ояу қалпы. Анасының: «Балам, қалайсың?» – деген сұрағына: «Неге түн ортасында мазалап жатырсыз? Тыныштық па, әйтеуір?» – дейді ұлы қатқылдау дауыспен. «Тыныштық қой. Жай ғана дауысыңды естігім келді», – деген анасының сөзін естігенде, ұлы одан сайын қатқылданып: «Апа, түн ортасында сол үшін мазалап тұрсыз ба?» – дейді. Сонда анасы: «Құлыным-ай, ұйқыңнан оятып жібердім-ау...» – деп сұрайды. Бұған одан әрі ашуланған баласы: «Әрине! Таңертең телефон шалсаңыз да болатын еді ғой», – деп бұрқылдайды. Сонда анасы: «Осыдан 30 жыл бұрын сен де мені тура осы сағатта оятқан болатынсың. Туған күнің құтты болсын, балам!» – деген екен. Ана махаббаты ешқашан уақытпен шектелмейді.

## ҮЛГІ

Ішімдікке әуестігі бар адамның бір баласы ішімдік ішіп, бұзақылық жасап, істі болып, ақыры түрмеге түседі. Ал оның екінші баласы елге танымал бизнесмен, ірі компанияның бас директоры екен. Бұл жағдай журналистердің қызығушылығын тудырып, олар балалардың әкесінен ұлдарына қандай тәлім-тәрбие бергенін, үлгі-өнеге көрсеткенін сұрайды. Ол кісі қос ұлын бір-бірінен бөле-жара қарамағанын, екеуіне де бірдей қарағанын айтады. Журналистер енді балалардың өздерімен сұхбаттасады. Түрмеде жатқан баласы: «Ішімдікке тәуелді әкемді көрдіңіздер ғой, бұдан басқа жолды таңдау мен үшін мүмкін бе еді?» – дейді. Бір қызығы, бизнесмен баласы да: «Ішімдікке тәуелді әкемді көрдіңіздер ғой, бұдан басқа жолды таңдау мен үшін мүмкін бе еді?» – депті. Әкесінің өмірінен сабақ алып, оның қателіктерін қайталамау да үлкен өнер.

## ТАҢДАУ

Бір самурай ғұламаның алдына келіп: «Тозақ пен жәннат бар ма?» – деп сұрайды. Ғұламаның: «Сен кім едің?» – деген сұрағына: «Самураймын», – дейді. «Сен бе? Самурай-

мын дейсің, бойыңнан самурайларға тән ешбір белгіні көріп тұрғаным жоқ! Түріңе қарасам, самурай емес, сорлының дәл өзісің!» – деген ғұламаның сөзіне ызаланғаннан қаны басына шыққан самурай, қынабынан қылышын суырып алып, ғұламаны шаппақшы болады. Сонда ғұлама: «Охо! Сенің қылышың да бар екен-ау... Сен соны қалай ұстауды білесің бе?» – деп кекетеді. Қатты ашуланған самурай ғұламаны өлтірмекші болғанда, ол аспай-саспай байыпты дауыспен: «Міне, тозақтың есіктері осылай ашылады», – депті. Ғұламаның байыптылығы мен салқынқандылығына таңғалған самурай дереу тізесін бүгіп, құрметпен бас иеді. Сонда ғұлама: «Міне, жәннаттың есіктері осылай ашылады», – деген көрінеді. Таңдау – еркіңізде.

## ТАПҚЫРЛЫҚ

Құдайдың бар-жоғына күмәнмен қарайтын бір мұғалім оқушыдан: «Айтшы осы, Алла қайда? Егер көрсете алсаң, саған бір апельсин берейін», – депті. Сонда әлгі оқушы: «Мұғалім, егер маған Ол жоқ жерді көрсете алсаңыз, мен сізге апельсин бақшасын сыйлар едім», – деген екен.

## ЗІКІР МЕН ПІКІР

Бір адам көшеде зікір етіп отырғанда, алдынан бір қыз бала өте шығыпты. Бұған ашуланған әлгі кісі қыз баланы: «Не деген тәрбиесіз едің, менің Құдайға мінәжат жасап, зікір етіп отырғанымды көрген жоқсың ба? Осындай кезде басқа жерден өтсең болмайтын ба еді?» – деп сөгіп тастайды. Қыз бала әлгі адамнан: «Кешірерсіз, Құдайға мінәжат ету дегенді қалай түсінеміз?» – деп сұрайды. Сонда әлгі адам: «Мінәжат дегеніміз – Құдай туралы ғана ойлап, тек сол туралы зікір мен пікірде болу», – деп түсіндіріпті. Мұндай жауапты естіген қыз бала: «Мен жігітіммен кездесуге бара жатып, тек соны ғана ойлағандықтан, сізді байқамай қалдым, ал егер сіз тек Құдай туралы терең ойда болсаңыз, мені қалайша байқап қалдыңыз?» – деген екен.

# МАЗМҰНЫ

*Асқар Ыдырысов.* Кеннің қордасы, өнердің ордасы ........... 3

## ӘУЕЗДІ ӘН, КҮМБІРЛІ КҮЙ

Жақсыкелді Сейілов ........................................8
Шәміл Әбілтай ........................................10
Омархан Несіпханов ........................................12
Марат Түсіпбеков ........................................18
Есқожа Сартов ........................................28
Роман Бурда ........................................35
Нұрлан Керімбеков ........................................39
Қайрат Баекенов ........................................44
Кенжебек Назарқұлов ........................................48
Құрманғали Тәшетов ........................................51
Дәулет Омашев ........................................58
Мұрат Сейтенов ........................................60
Мәжит Тоғайбеков ........................................69
Аманжол Шоқпытов ........................................76
Өмірбек Бекназаров ........................................79
Элла Благодетелева ........................................88
Қамбар Үрмізов ........................................91

## ӨЛЕҢМЕН ӨРНЕКТЕЙМІН ӨҢІРІМДІ

Кәкімбек Салықов ........................................98
Шынболат Ділдебаев ........................................104
Қуаныш Ахметов ........................................115
Садық Асатов ........................................121
Мұса Тілеуов ........................................127
Мәуия Бекмағанбетова ........................................132
Яхия Асатов ........................................137
Тілеген Мұхаметалин ........................................143
Өмірбек Сартов ........................................145
Зейнеп Әбілбекова ........................................149
Сақтаған Атабаев ........................................154
Несіпкүл Бекенқызы ........................................156
Жақсылық Омаров ........................................158
Гүлнәр Өтемісқызы ........................................163

Ғалил Жәнібеков ........................................ 168
Мағзұм Қожахметов ........................................ 171
Абдолла Дастанов ........................................ 174
Амангелді Бұқар ........................................ 185
Дәуренбек Бұланбаев ........................................ 189
Шапағат Әубәкіров ........................................ 196
Ботакөз Мұхиденқызы ........................................ 200
Абай Ораз ........................................ 208
Ардақ Тойлыбаева ........................................ 213
Жеңіс Тілекенов ........................................ 216
Жұмабай Исахан ........................................ 220
Жайна Ділдебаева ........................................ 223
Еркін Бердіқұлов ........................................ 226
Қымбат Қомытова ........................................ 229
Қанат Нарынұлы ........................................ 233
Қанат Нұртайұлы ........................................ 236

**КӨРКЕМ СӨЗБЕН КЕСТЕЛЕП...**

Шамил Садыков ........................................ 240
Ізтай Белгібайұлы ........................................ 246
Мади Альжаппаров ........................................ 254
Владимир Слепцов ........................................ 257
Айнаш Бегім ........................................ 261

# СӘТБАЕВ – ДОСТЫҚТЫҢ ҚАЛАСЫ

Құрастырушы және жауапты редакторы
**Абдолла Дастанов**

*Редакторы* Айару Нұрбекқызы
*Техникалық редакторы* Ақбота Жан
*Көркемдеуші редакторы* Жарылқаған Өркен
*Корректоры* Бекасыл Жақсылық
*Компьютерде беттеген* Маржан Абсалықова

Басуға 09.09.18 қол қойылды.
Қағазы офсеттік. Цифрлық басылыс.
Шартты баспа табағы 15,25.
Тапсырыс №35. Таралымы 500 дана.

«Кәусар» баспасы
010000, Астана қаласы
тел.: 8 776 198 63 51, 8 705 160 06 21, 8 777 116 58 96